



ҚАЛА КӨРКІ – КӨПІРЛЕР

8-БЕТ | ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДРАЙВЕР



ЖІБЕКТІ КӨРЕ АЛДЫҚ ПА?

12-БЕТ | ӨНЕРБАЯН



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

БІЗ ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРЫП ЖАТЫРМЫЗ. БҰЛ – ӨТЕ ЖАУАПТЫ ӘРІ АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ. БІЗ ОТАНШЫЛДЫҒЫМЫЗДЫ ЖӘНЕ ЕЛГЕ ЖАНАШЫРЛЫҒЫМЫЗДЫ НАҚТЫ ІСПЕН КӨРСЕТУІМІЗ КЕРЕК. АДАЛ АЗАМАТ БОЛУҒА ҰМТЫЛУЫМЫЗ ҚАЖЕТ. СОНДА ӘРҚАЙСИМЫЗ ОТАНЫМЫЗДЫ ӨРКЕНДЕТУГЕ ҮЛЕС ҚОСАМЫЗ. СОНДА ҒАНА ЕЛІМІЗ КӨЗДЕГЕН МАҚСАТЫНА ЖЕТЕДІ. ОСЫЛАЙША, АЛДАҒЫ ОНЖЫЛДЫҚ ЕЛІМІЗДІҢ НАҒЫЗ ӨРЛЕУ ДӘУІРІНЕ АЙНАЛМАҚ. МЕН БҰҒАН КӘМІЛ СЕНЕМІН.

№151
(4584)
Бейсенбі
21 желтоқсан
2023 жыл




ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



БҰҰ-ҒА ШАҒЫМДАНА АЛАДЫ

Мемлекет басшысы балалар мен олардың ата-аналарына БҰҰ комитетіне өз құқығын қорғау туралы өтініш беруге мүмкіндік беретін, хабарлау тәртібіне қатысты Бала құқығы туралы конвенцияға Факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы заңға қол қойды.

Хабарлама процедурасы туралы Үшінші факультативтік хаттама Бала құқығы туралы конвенцияда және оның екі Факультативтік хаттамаларында көзделгендей әр баланың өз құқығын қорғау құқығын таниды. Оның біріншісі – балалардың қарулы қақтығыстарға қатысуына қатысты болса, екіншісі – балаларды сату, балалар жезөкшелігі мен балалар порнографиясына қатысты.

Балалар мен ата-аналар ұлттық қорғау құралдарының таусылған күнінен бастап бір жылдан кешіктірмей, барлық қолжетімді ішкі қорғау құралын, оның ішінде ұлттық деңгейде сот ісін жүргізу арқылы таусылған жағдайда БҰҰ Комитетіне жүгіне алады.

Бұл ретте Комитетке өтініш анонимді емес, сонымен қатар жеткілікті түрде негізделген жазбаша нысанда беріледі. Қатысушы мемлекет Комитетке мәселені түсіндіретін жазбаша түсініктемелер немесе мәлімдемелер және егер бар болса, ол мүмкіндігінше қысқа мерзімде алты айда қамтамасыз ете алатын қорғау құралдарын береді.

Заң 2023 жылғы 31 желтоқсанда күшіне енеді.



ҚЫСҚЫ ҚАЛА КЕРЕМЕТТЕРІ

Астананың бас шыршасы жағылды. Бүгінгі таңда елордада мұз айдындары, сырғанақтар, архитектуралық мүсіндер, фотоаймақтар салынып, басқа да жаңажылдық безендіру жұмыстары жүріп жатыр. Жақын арада қаланың 5 ауданында мерекелік шыршалар мен 60-қа жуық көпшілікке арналған мұз айдындары мен сырғанақтар пайда болады.



БУРАБАЙҒА АҚЫ ТӨЛЕП КІРЕСІЗ

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Бурабай ұлттық паркіне кіру тарифі өзгереді.

Атап айтқанда, жеке/занды тұлғалардың автокөлік құралдарынан ұлттық парк аумағында болған әрбір күн үшін төлем алынады.

2024 жылға арналған алым мөлшері: жаяу жүргінші үшін – 0,1 АЕК (369 теңге); мотоцикл, мопед, квадроцикл үшін – 0,2 АЕК (738 теңге); жеңіл автокөлік – 0,3 АЕК (1 108 теңге); сыйымдылығы 16 орынға дейінгі шағын автобус пен жүк көлігі – 1 АЕК (3 692 теңге); 32 орынға дейінгі автобустар – 2 АЕК (7 384 теңге); 32-ден астам орындық автобус – 3 АЕК (11 076 теңге).

Алымның ашықтығын қамтамасыз етіп, сыбайлас жемқорлық қаупін азайту үшін «Бурабай» мемлекеттік ұлттық паркінде 5 бақылау-өткізу бекеті автоматтандырылды.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналасқан елді мекендерде тұратын және сол жерде орналасқан саяжайлары бар жеке тұлғалар төлемнен босатылады.

БАСПАНАЛЫ БОЛ!



Астана қаласы әкімдігінің «Тұрғын үй қоры» мекемесі пәтер кезегінде тұрған азаматтардан құжат қабылдауды бастады.

«Көпбалалы отбасылар» және «Халықтың әлеуметтік осал топтары» санаттары үшін «Сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй» бағдарламасына құжаттар 28 желтоқсан, сағат 23:59-ға дейін қабылданады.

Құжаттарды қабылдау көрсетілген кезеңде тек qatysu.zhilfond.kz порталы арқылы электронды түрде жүргізіледі.

Тіріктеу кезекке қойылған күнге сәйкес жүргізіледі және отбасының құрамы ескеріледі. Қатысуға өтінімдерді кезекке қойылған барлық жылдағы кезекте тұрған азаматтар бере алады, алайда қатысуға өтінім бергендер арасында басқалардан бұрын кезекте тұрғандар өтеді.

РЕНОВАЦИЯ: ШАҒАР КЕЛБЕТІ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ?



9



«ДОСТЫҚ» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БАӘ-нің Қазақстандағы елшісі Мұхаммед Саид Мұхаммед әл-Арикиді қабылдады. Кездесуде бұған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Президент сауда-экономика саласы екіжақты байланыстардың басты бағыты саналатынын айтты. Бұл ретте екі елдің үкіметтеріне таяу келешекте сауда-саттық көлемін 1 миллиард долларға дейін жеткізу міндеті жүктелгенін еске салды.

Сонымен қатар Президент Стратегиялық инвестициялық жобалар туралы бірлескен мәлімдемеге сәйкес энергетика, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика салаларындағы

қарым-қатынасты одан әрі нығайтудың маңыздылығына назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаев Әмірліктердің Masdar компаниясымен жаңартылатын энергия көздері саласындағы бірлескен жобаларды ілгерілету бойынша ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқанын, сондай-ақ AD Ports Group және Terminals Holding компанияларымен бірлесіп көлік-логистика желісі мен әуе тасымалы қызметтерін кеңейтуді көздейтін инвести-

циялық жобалардың жүзеге асырыла бастағанын атап өтті.

Әңгімелесу барысында ақпараттық технологияларды дамыту бағытындағы ықпалдастық мәселесіне айрықша мән берілді. Кездесу соңында Президент Қазақстан мен Әмірліктер арасындағы достық пен ынтымақтасты нығайтуға зор еңбек сіңіргені үшін Мұхаммед Саид Мұхаммед әл-Арикиді II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

БАУЫРЛАС ҚАЛАЛАРҒА АЙНАЛАДЫ

Астана мен Берлин бауырлас қалаларға айналады. Бұл және басқа да мәселелер астаналық мәслихат делегациясының Германияға Берлин қаласының Федералды, еуропалық істер және халықаралық ландшафт мәселелері жөніндегі мемлекеттік хатшысы Флориан Хауермен ресми сапары барысында талқыланды. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының хатшысы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жұмысымен таныстық, энергетика, сумен жабдықтау, экология, қоғамдық көлік салаларындағы бірқатар кәсіпорындарды араладық. Дуалды білім беруді дамыту, атап айтқанда, кадрлар даярлау мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар, бірқатар әлеуметтік жобаларды дамытуда ынтымақтастық қарым-қатынасты тереңдетеміз. Берлин депутаттар палатасындағы әріптестеріміздің жұмысымен таныстық. Палата Төрағасы Корнелия Зейбельд депутаттар қызметінің құрылымы

мен негізгі бағыттары туралы айтып берді. Алдағы уақытта логистикалық орталықтар мен бизнес-саябақтарға барамыз. Берлиннің тәжірибесі біздің Астанамыз үшін пайдалы болады» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

ИНЖЕНЕРЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ АЯҚТАЛАДЫ

2025 жылға дейін Amanat партиясы елордалық филиалының сайлауалды бағдарламасын орындау аясында №1 Индустриалды парктің инженерлік инфрақұрылымының құрылысын аяқтау жоспарлануда. Қазіргі уақытта мұнда инфрақұрылым құрылысы 87%-ға орындалды. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов ақпарат таратты.

«Техникалық су резервуарлары бар сорғы станцияларының, «Восточный промрайон» 110/10 кВ қосалқы станциясының, ұзындығы 3,4 км магистральдық жылу трассасының құрылысы

толық көлемде аяқталды, 7 тарту пункті 10 кВ және 7,5 км кабельдік канал. Жолдардың 19,1 км жүріс бөлігі (22,3 км-ден), 23,4 км су құбыры (29,6 км-ден), 22,4 км тұрмыстық

(27,9 км-ден) және 33,5 км нөсер (40,8 км-ден) кәріз, 4 км жылу желілері (7,9 км-ден) салынды және жұмыс істейді» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.



САЙЛАУДАҒЫ ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқының және жеке өзінің атынан Әбдел Фаттах Ас-Сисиді Мысыр Араб Республикасының Президенті лауазымына қайта сайлануымен құттықтады.

«Сайлаудағы айқын жеңісіңіз мемлекетіңіздің дамуына қосқан мол үлесіңіз бен қажырлы еңбегіңіздің нәтижесі, сондай-ақ Мысыр халқының өзіңізге артқан зор сенімі деп білемін. Осы ретте еліңіздің болашағын жарқын, мерейін үстем етуге бағыт-

талған бастамаларыңыз бен жоспарларыңыздың әрдайым сәтті жүзеге аса беруіне тілектеспін. Қазақстан мен Мысыр арасындағы ортақ рухани құндылықтар мен жан-жақты өзара ынтымақтастыққа негізделген дәстүрлі қатынастардың өрісі

кеңейгенін ерекше атап өтемін. Халықтарымыздың игілігі үшін екіжақты және көпжақты форматтардағы әріптестігіміз болашақта да жалғасын тауып, қарқынды дами беретініне кәміл сенемін» деп жазылған жеделхатта.

КУВЕЙТ ӘМІРІНЕ ЖЕДЕЛХАТ ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев шейх Мишааль әл-Ахмад әл-Джабер ас-Сабахты Кувейт Мемлекетінің Әмірі лауазымына тағайындалуымен құттықтап, жеделхат жолдады.

«Таққа отыруыңыз туралы шешімді Кувейттің өркендеуі мен мүддесін қамтамасыз етуге ұзақ жылдар бойы сіңірген Сіздің риясыз қызметіңізге әулетіңіз бен отандастарыңыздың берген жоғары бағасы әрі еліңіздің игілігі жолындағы болашақ жеңістеріңізге де-

ген нық сенімінің айғағы деп білемін. Қазіргі таңда Кувейт – іргесі берік, экономикасы әлеуетті, халқының әл-ауқаты жылдан жылға артып келе жатқан ел. Сондай-ақ оның халықаралық қауымдастықтағы мерейі үстем. Осы ретте Сіздің басшылығыңызбен мемле-

кетіңіздің дамуы баянды болып, игі мақсат-мұраттарға жете беруіне тілектеспін» деп жазылған жеделхатта.

Мемлекет басшысы Кувейт Әмірінің аса жауапты қызметі мен барлық бастамаларына мол табыс, ал бауырлас Кувейт халқына бақ-береке тіледі.

ҚЫТАЙ БАСШЫСЫНА КӨҢІЛ АЙТТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қытайдың солтүстік-батысында болған жер сілкінісі салдарынан көптеген адамның қаза табуына байланысты Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинге көңіл айтты.

«Еліңіздің Ганьсу провинциясында болған жойқын жер сілкінісі салдарынан көптеген отандастарыңыздың қаза тапқаны туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабылдадым.

Осындай қиын сәтте Сізге және табиғи апатта жақындарынан айырылған отбасыларға көңіл айта отырып, Қытай халқының қайғы-қасіретіне қазақстандықтар ортақ екенін жеткіземін.

Зілзала кезінде зардап шеккен жандар тез арада сауығып, із-түссіз жоғалған азаматтардың отбасыларына аман-есен оралуына тілектеспін» деп жазылған жеделхатта.



БЕЙНЕКАМЕРАЛАР ОРНАТЫЛДЫ

Amanat партиясы елордалық филиалының сайлауалды бағдарламасын орындау бойынша Жол картасы аясында биылғы жылы денсаулық сақтау объектілерін бейнебақылау камераларына қосу 98,6%-ды құрады. Бұл туралы қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Бүгінгі таңда қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы саласында 33 медициналық ұйым бар, оның ішінде 29 объект террористік тұрғыдан осал объектілер тізбесіне кірді: 11 бірлік стационар; 15 бірлік қалалық емхана; 1 бірлік алғашқы медициналық-санитарлық көмек орталығы; 1 бірлік қалалық жедел медициналық жәрдем

станциясы. Астана қаласының Денсаулық сақтау объектілерін бейнебақылау жүйелерімен жаратқандыру үшін цифрландыру басқармасы 2021 жылы 38 объектіге 1978 бейнекамера (оның ішінде ішкі камералар 719 дана, сыртқы камералар 1159 дана, сыртқы кіріс тобы 100 дана) орната отырып, «ден-

арналған бейнебақылаудың Орталық жүйесі» жобасын іске асырды. Қаланың медициналық ұйымдарының балансында 5711 бейнекамера бар, оның ішінде 1978 бейнекамера Астана қаласы полиция департаментінің жедел басқару орталығына (ЖБО) шығарылды» деп түсіндіріп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

АРДАГЕРГЕ АРНАЛҒАН ОРТАЛЫҚ

Астанада Ардагерлер кеңесінің «Отырар» орталығы ашылды. Жаңа орталық Байқоңыр ауданындағы Отырар көшесі, 10 мекенжайында орналасқан.



Бұл – осымен аудан аумағында бой көтерген үшінші орталық. Осы уақытқа дейін А.Брусиловский көшесінде «Айдар» орталығы ашылып, 80-нен аса ардагерлерді бір ортаға біріктірген еді. Екіншісі – А.Жұбанов көшесінде ашылған «Парасат» орталығы. Онда 50-ге жуық ардагер келіп, бос уақытын тиімді өткізеді.

Ауданның белсенді еңбек ардагерлерінің бос уақытын тиімді өткізуге арналған осындай басқосу орындарының болуы маңызды. Мерейлі мереке күні ашылған Ардагерлер орталығының салтанатты ашылуы мерекелік көңіл-күйде аталып өтті. Қазыналы қарттарымыз тарих тереңнен сыр шертіп, бүгінгі Тәуелсіздіктің маңыздылығына тоқталды.

Барша жиналған қауымға ақ баталарын беріп, мерекемен құттықтады.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ АШЫЛАДЫ

Елордада педагогикалық университет пен педагогикалық институт ашылады. Бұл туралы Астана қаласы білім басқармасының басшысы мәлімдеді.

– Үш ауысымды және шамадан тыс мектептердің мәселесін шешу үшін 12 жаңа мектеп салу жоспарланған. Бүгінгі күні оның жетеуі пайдалануға берілді. Қалған бесеуі осы айда пайдалануға беріліп, 3-тоқсанда оқу процесі басталады. 2024 жылы 33 мектеп, 2025-2028 жылдары тағы 43 мектеп салу жоспарланды. 2023-2027 жылдар аралығында барлығы 200 мыңға жуық орынға арналған 88 мектеп салу көзделді. Қаланың бас жоспарында

белгіленген 2035 жылға дейінгі орын тапшылығын толығымен шешеміз. Аталған мектептердің құрылысы, қаламыздағы үш ауысымды 8 мектептің және бала саны шамадан тыс 16 мектептің мәселесін толық шешеді, – деді білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев.

Жыл сайын мектеп оқушылар санының өсуіне байланысты қалада 2026-2027 оқу жылына қарай 5 мың педагогқа қажеттілік туындайды. Қадр

тапшылығын шешу мақсатында жыл сайын жергілікті бюджет есебінен педагогикалық мамандықтарға 1000 орынға мемлекеттік тапсырыс берілді.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың елордада педагогикалық оқу орнын ашу туралы тапсырысын орындау мақсатында мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы аясында гуманитарлық колледж базасында педагогикалық университет ашылады. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті базасында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің филиалын және НИШ базасында педагогикалық институт құру бойынша жұмыс жүргізілуде, – деді Қасымхан Сенғазыев.

ҚАР ТАЗАЛАУ ҚАРҚЫНДЫ

Дүйсенбіден сейсенбіге қараған түні елордаға қалың қар түсті. Қыс қарбаласына алдын ала дайын тұрған қаланың коммуналдық қызметі қар күреу жұмысына бірден кірісті.



Көшелер мен аулаларды тазалауға 1600-ден астам арнайы техника және 500-ге жуық жол жұмысшы жұмылдырылды. Бірінші кезекте қоғамдық көліктің қозғалысына кедергі келтірмес

үшін негізгі магистральдар тазартыла бастады. Әрі қарай, қозғалысы орташа қарқынды учаскелер – алаңдар, вокзал маңындағы аумақтар, тротуарлар тазартылады.

Қар күреу жұмысы тәулік бойы күшейтілген режимде жүргізіліп жатыр. Қыс мезгілінің басынан бері елордадан 113 мың текше метрге жуық қар шығарылды.

АЛАЯҚ 6 ЖЫЛҒА СОТТАЛДЫ

«Chia Tai Pharmaceutica» қаржы пирамидасының басшысы 6 жылға бас бостандығынан айырылды.

Астана қаласы сотының мәліметінше, сотталушы қаржы пирамидасына қосылып, оның елордадағы құрылымдық бөлімшесін басқарады.

Дәрі-дәрмек пен медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндіру және экспорттаумен айналысатын фармацевтикалық зауыттың қызметін дамыту, қосымша зауыт салу және тағамдық қоспаларды жақсартуды алға тартып, ірі мөл-

шерде инвесторлардың қаражатын заңсыз тартады.

Қаржы пирамидасының схемасы қарапайым – алғашқы салымшының ақшасын кейінгісіне беріп отырды.

Алаяқтар ел аумағында қаржылық пирамиданы жүзеге асыру және тарату мақсатында Telegram мессенджерінде чат құрып, сол арқылы инвесторларға пайдалы ақшалай салым түріндегі ақпаратты орналастырады. Сөйтіп, 77 жәбірленушіге

115 миллион теңгенің материалдық шығыны келтіріледі.

Сот үкімімен қаржы пирамидасын құрған алаяқты 7 жыл мерзімге азаматтардың ақшалай қаражатын және инвестицияны тартуға байланысты қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, 6 жылға бас бостандығынан айырды. Бұл туралы Астана қаласының соты хабарлады.

Үкім заңды күшіне енген жоқ.

Астанада қазақ музыка өнерін насихаттауға үлес қосқан Александр Затаевичке арналған мурал ашылды.

ЗАТАЕВИЧКЕ МУРАЛ АРНАЛДЫ



Польша Республикасы премьер-министрінің кеңсесімен бірлесіп елорданың Қазақстан халқы ассамблеясының «Polacy» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырылған іс-шара Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының қолдауымен өтті.

– 2024 жылдың 20 наурызында Александр Затаевичтің туғанына 155 жыл толады. Ол «Қазақ халқының 1000 әні» жинағын жинап, ұлттық өнерді насихаттауға үлес қосты. 2300 қазақ әні мен күйін жинап, тіркеді. Бұл еңбегі қазақ музыкасының антологиясына айналды, – деді жоба жетекшісі Елена Роговская.

«Polacy» ҚБ жобаларының жетекшісі Юлия Спиридонова этнограф, композитор Александр Затаевич Қазақстанның кәсіби фортепиано музыкасы авторларының бірі екенін айтты.

«Көктемде біз белгілі поляктардың ізімен экскурсия ұйымдастырып, Қазақстан топырағында болған поляк азаматтарының жергілікті мәдениет пен өнерге қосқан үлесін қозғаймыз. Бұл Польша мен Қазақстан арасындағы тығыз байланыстарды нығайтуға ықпал етеді» деді «Polacy» қоғамдық бірлестігінің поляк жексенбілік мектебінің оқытушысы Агнешка Ермолович.

САРБАЗДАР ҮЙІНЕ ОРНАЛДЫ

Астана қаласындағы №6636 Әскери бөлімінде қызмет атқарған сарбаздарды запасқа шығару құрметіне арналған салтанатты іс-шара өтті.



Әскери қызметшілерді запасқа шығару және үздіктерді көтермелеу туралы бұйрықты жариялаудан басталды. №6636 әскери бөлімінің командирі, полковник Ерлан Боранбаев запасқа шыққан әскери қызметшілерге қызметі үшін алғысын білдірді.

– Жыл бойы лайықты қызмет еттіңіздер. Бұл ересек өмірлеріңіздің бірінші кезеңі болды. Келесі кезеңде бейінді мамандық бойынша еңбек етсе, екіншілері Ұлттық ұланда немесе

құқық қорғау органдарында әскери еңбегін жалғастырады, – деді әскери бөлімнің командирі.

Әскери қызмет мерзімі ішінде қызметтік міндетін адал атқарған 100-ден астам әскери қызметші полк командирінің құттықтауымен марапатталды.

Бұған дейін әскери бөлімшенің 11 ұланы мерзімді 2.0 бағдарламасы бойынша ел университеттерінде оқуға грант алды.



ҒҰЛАМАНЫҢ ҒИБРАТЫ

Ақжан әл-Машани атындағы елордалық №92 мектеп-лицейде «Тәуелсіздік күні және тұңғыш фарабитанушы-ғалымның туғанына 117 жыл» толуына орай ғылыми-танымдық дөңгелек үстел өтті.

Шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, Мемлекет тарихы институтының, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғалымдары, зерттеушілер, Астана қаласы әкімдігі Әдістемелік орталығының әдіскерлері, жас ғалымдар мен ізденушілер, мектеп оқушылары және Түркиядан келген меймандар қатысты.

Конференцияны аталған мектеп директоры Оразкүл Жолдасбекова құттықтау сөзбен ашып, білім ордасының Ақжан

Машани есімі беруіне орай, оның мұрасын жас ұрпаққа насихаттауда ұлттық құндылық, тәрбие-таным, отаншылдық бағытында көптеген іс-шара атқарылып жатқанына тоқталып, қатысушыларға алғысын білдірді.

Конференцияны фарабитанушы-машанитанушы, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры Задаш Оразғалиқызы жүргізді. Келелі кеңеске қоғам қайраткерлері Қуаныш Сұлтанов, Сенат депутаты Дархан Қыдырәлі, Л.Гумилев

атындағы ЕҰУ профессорлары Тілеген Садықов, Сайлау Батыршаұлы, Түркия елінен келген профессор Әбдіуақап Қара, Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының директоры Жандос Болдықов, Мемлекет тарихы институтының бас ғылыми қызметкері Амангелді Қашқымбаев, Сәкен Сейфуллин музейінің директоры, тарих ғылымдарының докторы Марат Әбсеметов сынды ғалымдар Ақжан Жақсыбекұлының тағылымы мол мұрасы жайында көп пайдалы ақпарат айтып, ғалымның атқарып кеткен өнегелі еңбектері хақында сыр шертті. Мектеп-лицейдің 11-сынып оқушысы, қалалық ғылыми жобалар конкурсының жүлдегері Ерасыл Төліпбеков

«Ақжан әл-Машани зерттеулері» тақырыбындағы өзінің баяндамасын оқыды.

Келелі кеңеске қатысушылар №92 мектеп-лицей базасында қалалық әл-Машани оқуларын ұйымдастыру, мектеп бағдарламасына машанитану элективті курсы енгізу, мектеп ішінен Ақжан әл-Машани мемориалдық музейін ашу, ғұламань есімімен аталған саябақ ұйымдастыру, ол жайында қалың көпшілікке ұсынылатын көркем фильм түсіру ісін қолға алу сынды бірқатар маңызды ұсыныс айтты. Халықаралық деңгейде өткен дөңгелек үстел барысында талқыланған мәселелер мен баяндамашылардың материалдары енетін жинақ шығарылады.

Ерғазы МАНАПҰЛЫ

ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Елордада Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназияда «Тәуелсіздік таңы» атты мерекелік танымдық-патриоттық кездесу өтті. Оны Астана қаласы әкімдігі Әдістемелік орталығы, қалалық «Әділет» кәсіподағы мен Астана қаласы Орталықтандырылған балалар кітапханасы ұйымдастырды.



Кездесуге қаламыздағы мектеп, колледждерден рухани тіл, салт-дәстүр, әдет-ғұрып жанашырлары сегіз қырлы, бір сырлы кітапханашылар, тарихшылар, музыка мектептерінің ұстаздары, еңбек ардагерлері, 10-11 сынып оқушылары қатысты.

Кездесуде сөз алған белгілі күйші Сәкен Тұрысбеков желтоқсанда бастан кешкен естеліктерін айтып, жалғасын күй ырғақтарымен жеткізді. Басқосуда сол Желтоқсан

күндері алаңға барған жастың бірі – сол кездегі ҚазҰУ-дың химия факультетінің студенті, Ы.Алтынсарин және «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» төсбелгілерінің иегері, Астана қаласындағы Төлеген Айбергенов атындағы мектептің директоры – Сәуле Әзімханованың да естеліктерін тыңдады.

Оспан СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ,
Қазақстан оқу-ағарту ісінің үздігі, зейнеткер

Елордада Тәуелсіздік күніне арналған «Шашбаулым» атты ұлттық құндылықты дәріптейтін, патриоттық, рухани-этнографиялық сайыс өтті. Аталған сайыста бұрымдары белдерінен тұскен 12 ару бақ сынесты.

Индира
БЕРЖАНОВА

Байқаудың қазылар алқасының құрамында публицист Сәуле Мешітбайқызы, ардагер ұстаз Қажымұрат Нәсиұлы, елордалық Әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы Қарлығаш Сәрсенова, қалалық мәслихат депутаты Мадина Әженова, радиожүргізуші Толқын Сұлтан, Қазақстан халқы Ассамблеясының үкіметтік емес сектормен жұмыс бөлімінің басшысы Айдана Қамзаева, Жастар саясаты мәселелері басқармасының бөлім басшысы Бағдат Атымтай болды. Одан бөлек, байқаудың өтуіне қалалық



БҰРЫМДЫЛАР БАЙҚАУЫ

Білім басқармасы атсалысты. Тартысты сайыста елордалық қыздар халық билерін, вокалдық нөмірлерді және өзге де қойылымдарды көрсетіп, көпшілікке өз өнерлерін паш етті. Байқау нәтижесі бойынша бас жүлде Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

КеАҚ колледжінің студенті Айдана Тілеужанға бұйырды. Оған белгілі зергер Зият Берікұлының қолынан шыққан ұлттық туынды, бағалы бұйым – күміс шашбау табысталды. Ал 1-орынды «Астана Профи» қалалық шаруашылық колледжінің студенті Зере Рүстемқызы иеленіп, оған Зият зергердің туындысы – қоңырау сырға мен құс тұмсық жүзік берілді. 2-орынды Сервис және туризм колледжінің студенті Аниса Құрмашева мен «Техникалық колледж» студенті Ақбота Балабай алды. 3-орынды «Урбан»

колледжінің студенті Рауан Русланқызы, «Астана политех» жоғары колледжінің студенті Аягөз Набиғат, «Жоғары көлік және коммуникация колледжі» студенті Орынбасар Рахимова иеленді. «Көрермен көзайымы» аталымы З.Мұрзағұлова атындағы «Даналық» жоғары медициналық колледжінің студенті Қарақат Піраниязоваға берілді. Жеңімпаздарға қазақы нақыштағы «Қазақша сөйлейік» экодорбалары мен этнограф жазушы Зейнеп Ахметованың «Күретамай» кітабы сыйға тартылды.



ЕЛ МЕН ЕЛОРДАНЫҢ КӨРМЕСІ

«Хан шатыр» ойын-сауық орталығында ұйымдастырылған көшпелі көрме Тәуелсіздік күні мен Астана қаласының 25 жылдығына арналды. Көрмеге қалалық мемлекеттік архивте сақталған елорда тарихы туралы құжаттар мен фотосуреттер қойылды.



Мазмұны мен маңызы көркем көрме жұмысы 3 күн бойы қала тұрғындарына есігін айқара ашты.

«Тәуелсіздік күні қарсаңында біз Астананың тарихына қатысты құнды құжаттардың арнайы көрмесі ұйымдастырылды. Біз өзіміздің архивте үнемі көрме өткіземіз. Ал бұл жолы көшпелі көрме ретінде өткізіп жатырмыз. Өйткені «Хан шатыр», «MEGA Silk Way» сияқты сауда, ойын-сауық орталықтарына адамдар көп келеді. Олар архивке арнайы бармауы мүмкін. Сондықтан біз адамдар көп жиналатын орталықтарға архив материалдарын әкеп жатырмыз.

Осы арқылы қаламыздың тарихын көрсетеміз. Көрмеде тәуелсіздік алған жылдардан бері ғана емес, сонау Бозақ қалашығының кезіндегі қамалдардан бастап тарихи кезеңдердің хронологиясы бойынша бүгінге дейін алып келдік. Қаланың тұрғындары осы жерге келгенде бұл мәліметтердің барлығымен таныса алады» деді қалалық архив мекемесі басшысының орынбасары Төлеуғали Қышқашбаев.

«Хан шатыр» орталығында орналасқан еліміз бен елорданың тарихынан сыр шертетін көрмені тамашалаушылар көп болды.

Осыған орай, әлемдік тәжірибедегі жетістіктер мен мемлекеттік қызметтің мансаптық және позициялық модельдерінің ұтымды элементтері ескеріліп, елімізде мемлекеттік аппараттың жұмысын тиімді ұйымдастыру жаңаша сипатта өріс алуда. Нақтырақ айтсақ, мансаптық модельге сәйкес, іріктеудің ашық жүйесін қамтамасыз ете отырып, жас мемлекеттік қызметшіге төменгі лауазымдардан бастау арқылы меритократия қағидаты бойынша өсу мүмкіндігі, ал позициялық модельге сай жеке сектордан кәсіби мамандарды тарту тетіктері енгізіліп отыр.

Қадрларды іріктеудің ашық, әділ жүйесін қалыптастыру – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алудағы басты қадам. Осы орайда агенттікпен мемлекеттік қызметтің барынша ашықтығын қамтамасыз ету үшін «Е-қызмет» жүйесін жаңғырту жүргізілуде. Мемлекеттік қызметке жаңа іріктеу алгоритмі әзірленіп, конкурстық рәсімді өткізу форматы қайта қаралды. Конкурстың жетілдірілген тәртібі үміткерлерге алдын ала белгіленген уақытта өтетін әңгімелесуден басқа барлық кезеңдерде әлемнің кез келген нүктесінен және кез келген уақытта конкурсқа қатысуға мүмкіндік береді. «Адами фактордың» ықпалын және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін іріктеу кезеңдерінен өту кезінде үміткерлер туралы ақпарат толығымен жасырылып, оларға ID-нөмір беру көзделген. Бұған қоса, прокторинг жүйесі үміткерлердің тестілеу кезіндегі жасаған іс-әрекетін қадағалайды. Конкурс қорытындысы бойынша ең көп ұпай жинаған үміткер жеңімпаз ретінде жүйемен анықталады. Мұның мемлекеттік қызметке тамыр-танас арқылы орналасу туралы стереотипке тосқауыл қояры анық.

Әлемдік тәжірибеде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға тосқауыл ретінде ротациялау институты кеңінен қолданылады. Қызметшілерді ротациялау олардың кәсіби әлеуеті мен басқару тәжірибесін тиімді пайдалануды жүзеге асырып, сыбайлас жемқорлықтың орын алу тәуекелдерін азайтады.

Бұған дейін тиісті қызметтік баспаналармен қамтамасыз етуге мүмкіндіктің шектеулігі ротациялауды тежейтін өзекті мәселенің бірі болған еді. Агенттік бастамасымен заңнамаға енгізілген өзгерістерге сәйкес, енді басқа елді мекенге ротацияланған қызметшілерге тұрғын үйді жалдау үшін ротациялық төлемдер төленеді. Бұл шара мемлекеттік қызметшілерді ротациялауды кедергісіз жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызмет жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты құралы ретінде мемлекеттік қызметшілер үшін этикалық стандарттарды белгілейтін Әдеп кодексі қолданылады.

2022 жылы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі жаңа редакцияда қабылданды. Онда ашықтық, әділдік, адалдық, сыпайылық, адал ниет және адамға бағдарлану мемлекеттік қызметтің негізгі әдептік қағидаттары ретінде белгіленді. Осылайша, қызметшілер жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын екенін көрсетіп, өз қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуі, халықтың сұранысына сай қызмет көр-



ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕУ – БАСТЫ НАЗАРДА

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудағы маңызды қадам – мемлекеттік аппараттың жұмысын оңтайлы әрі тиімді ұйымдастыру. Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бұл бағытта бірқатар кешенді жұмыс атқарылуда.

Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттік басқару ісін қайта жаңғырту жаңа кезеңдегі басым бағыт ретінде белгіленген. Мұны іске асыру халыққа әділ, адал, ашық қызмет көрсететін, адамға бағдарланған сервистік сипаттағы мемлекеттік аппарат қалыптастыруда көздейді.

сетуі және азаматтардың өтінішін қарау кезінде әуес-сарсаңға жол бермеуі тиіс.

Еліміздің барлық өңірінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтың, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтың профилактикасына бағытталған іс-шаралар әзірлеуді көздейтін Әдеп кеңестері жұмыс атқарады. Олардың басты міндеттерінің қатарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және мемлекеттік органдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасын бұзу профилактикасы бойынша жұмыс қорытындыларын қарау, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу нысандары мен әдістерін жетілдіру мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу арқылы сыбайлас жемқорлықты ескерту мен оның алдын алу кіреді. Бұл бағытта әдеп жөніндегі үкілдер тарапынан жан-жақты түсіндіру жұмысы жүргізіліп, жыл басынан 17 мыңнан астам азамат пен қызметшіге консультативтік көмек көрсетілді.

Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы қолданыстағы заңнамаларға сәйкес мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшыларына қол астындағы қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағаны үшін жауаптылық қарастырылған. Биыл осы мәселені күшейту мақсатында заңнамаға толықтырулар енгізілді. Енді қол астындағы қызметшісі бірнеше рет немесе ірі және аса ірі мөлшерде сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаса, саяси мемлекеттік қызметшінің тәртіптік жауапкершілігі міндетті түрде қаралады.

Сонымен қатар, саяси мемлекеттік қызметші бұрынғы жұмыс орны бойынша қызметі кезеңінде өзіне тікелей бағы-

нысты қызметшінің сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін отставкаға кету жауапкершілігінен босатылмайды.

Электрондық мемлекеттік қызметтерді дамыту – сыбайлас жемқорлықты болдырмаудың тиімді тетігінің бірі. БҰҰ-ның электрондық үкіметті дамытудың жаһандық рейтингінде Қазақстан 28-орынға көтерілді. Бүгінде мемлекеттік қызметтердің 93 пайызы электронды түрде көрсетіледі. Бұл адам факторының орын алмауына үлкен септігін тигізуде.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына бақылауды жетілдіру аясында проактивті мониторинг жасау арқылы құқық бұзушылық орын алған жағдайда заңдылықты орнату тәжірибесі басталды.



Жемқорлық деңгейі төмен елдердің тәжірибесі бұл дерттің алдын алудағы ең басты және стратегиялық тұрғыда ең пәрменді шара қорғанда жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру екенін көрсетіп отыр. Жемқорлық – бұл тұтас қоғам болып жүрсетін дерт. Бұл жалпы азаматтарымыздың, әсіресе мемлекеттік қызметшілердің саналы өзгеруі бағытында жүргізілетін кешенді идеологиялық жұмысты қамтиды

Жүргізілген мониторинг өңірлерде 600-ге тарта негізгі бас тарту және толық жауап жолдамау фактілерін анықтап, қызмет алушылардың құқығы қорғалды.

Мемлекеттік қызметтер көрсету саласын одан әрі жетілдіру аясында агенттік «Мемлекеттік қызметтер туралы» заңға енгізілетін түзетулер әзірлеуде. Соған сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсету барысында «бас тартусыз барымда» көшу, көрсетілетін қызметті алушылардың құқығын дереу қалпына келтіру жүйесін қалыптастыру қарастырылуда. Сондай-ақ мерзімдерді есептеу, халықаралық-құқықтық қатынастар институттарын енгізу, клиентке бағдарлану, проактивтік, композиттік, эксаумақтық, көрсетілетін қызметті берушіге сенім және оның дербес жауапкершілігі қағидаттарын енгізу жөнінде ұсыныстар әзірленді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді реттеп отырған нормативті құқықтық базаларды талдау нәтижесі бойынша агенттікпен тиісті мемлекеттік органдарға анықталған кемшіліктерді жоюға қатысты 470 ұсыныс енгізілді. Агенттік мемлекеттік қызмет көрсетуде ешқандай құпия болмауы тиіс және ол толықтай ашық болуы керек деген айқын ұстанымда. Мемлекеттік аппарат қызметінде бюрократияның орын алуы оның тиімділігін төмендетіп, сыбайлас жемқорлық тәуекелін тудыруы мүмкін екенін ешкім жоққа шығармайды.

Президенттің мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы Жарлығына сәйкес, агенттікпен жүргізілген мониторинг және талдау нәтижелері бойынша бюрократиялық кедергілерді жоюға қатысты 373 ұсыныс әзірленді. Бұл ұсыныстар сервистік мемлекеттік аппаратты қалыптастыруға және артық бюрократиялық

кедергілерді жоюға қатысты болып отыр. Мұның барлығы көрсетілетін мемлекеттік қызметтің жұртшылық үшін ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етіп, заңға қайшы түрлі әрекеттің орын алмауына септігін тигізеді деп күтілуде. Жемқорлыққа жаппай төзімсіздікті қалыптастыру және оның қоғамдағы әділдік принциптеріне қайшы әрекет екенін әр адамның саналы түрде сезінуі, түсінуі маңызды.

Мемлекет басшысы Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда «Ең бастысы, біз мемлекеттік аппарат өкілдерінің сана-сезімін өзгертуге баса мән беруіміз қажет. Олар туған-туыстарының арасында не болмаса қоғамда абырой-беделге ие болуды емес, ең алдымен, халыққа, елге адал қызмет етуді мақсат тұтуға тиіс. «Адал азамат» дегеніміз – осы» деп атап өтті.

Жеке бастың қамынан гөрі елдік мүддені биік қою адамды абырой биігіне көтерері анық. Қоғамдық санада адамшылық қасиеттер мен ар-ұждан жоғарғы идеалдарға айналғанда ғана әр адам өз басының пайдасын емес, елдің қамын ойлайтын азаматтық сана деңгейіне көтеріледі. Ол үшін рухани-адамшылық құндылықтарды адамның бойына сіңіру мен тұрақтандыруды ерте жастан бастау қажет. Мұны тәрбие, білім беру үрдісімен бірге жүргізу керек. Адалдықты адамшылықтың өлшемі ретінде бойына сіңірген адамдардың мемлекет пен қоғамға тигізер пайдасы қашанда зор. «Адал азамат» болу әр адамның өзі өмір сүріп отырған мемлекет пен қоғам алдындағы жауапкершілігін терен сезінуінен басталады.

Бүгінде агенттік алдында мемлекеттік қызметшілердің «Адал азамат» идеалдарына сай келетін кәсіби және тұлғалық қасиеттерін үнемі ілгерілету міндеті тұр. Бұл негіз білдіреді? Әрбір мемлекеттік қызметші сыбайлас жемқорлық көрінісіне, мемлекеттік қызметке кір келтіретін бюрократияға, көзбояушылық формализмге, жұмыстың имитациялық сипатына және қызметтің жасанды декларативті элементтеріне жол бермей, жұмыс тәсілін өзгертіп, жаңаша серпінге қадам жасауы керек. Ең бастысы, қоғам мүддесін өз мүддесінен жоғары қоя алатын тұлғалық қасиетке ие болуы тиіс. Осы талаптарды енгізу тетіктерін қалыптастыру – агенттік жұмысының басым бағытының бірі.

Жемқорлық деңгейі төмен елдердің тәжірибесі бұл дерттің алдын алудағы ең басты және стратегиялық тұрғыда ең пәрменді шара қоғамда жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру екенін көрсетіп отыр. Жемқорлық – бұл тұтас қоғам болып жүрсетін дерт. Бұл жалпы азаматтарымыздың, әсіресе мемлекеттік қызметшілердің саналы өзгеруі бағытында жүргізілетін кешенді идеологиялық жұмысты қамтиды.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларына қатысты бүгінде агенттікпен жасалып жатқан жұмыстар сыбайлас жемқорлықтың орын алуына мүмкіндік тудыратын түрлі кедергіні жоюмен, оның себептерінің алдын алумен байланысты болып отыр. Жемқорлыққа жол бермеу – басты назарда. Бұл жұмыс тұрақты түрде жалғасын табады.

Дархан ЖАЗЫҚБАЙ,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы

ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ



Мемлекет үшін кез келген оң өзгеріске қауіп төндіретін, экономикалық өсуі мен дамуындағы ең үлкен кедергінің бірі – сыбайлас жемқорлық. Мұны макроэкономикалық зерттеулер көрсетіп отыр.

Сыбайлас жемқорлық экономикалық дамуға жүйелі қауіп-қатер туғызып қана қоймай, ұлттық қауіпсіздіктің, мемлекет пен қоғам тұрақтылығының әлсіреуіне әкеп соғатынын біз естен шығармауымыз керек.

Елімізде сыбайлас жемқорлықпен байланысты немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғатын іс-әрекеттер «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңда, сондай-ақ өзге де заңдарда белгіленген.

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлықпен күрес «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң талаптарының аясында мемлекеттік аппараттың барлық деңгейінде түрлі бағытта жүргізілуде.

Айта кетерлігі, 2015 жылғы 18 қарашада қабылданған аталмыш заңнамада сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес әр мемлекеттік органның басшылары мен қызметкерлерінің және ел азаматтарының міндеті екені көрсетілген.

Аудан әкімі ретінде мен осы қағидаларды, сондай-ақ мемлекеттік қызметшінің Әдеп кодексінен басшылыққа ала отырып, қоғам мен халық алдында адал қызмет етуге болады деп нық сеніммен айта аламын.

Аппарат өз қызметі аясында осы бір жағымсыз құбылыспен күресу үшін түрлі шара мен бастаманы жүзеге асырып жатыр. Ал аудан әкімдігінің кезек күттірмейтін міндетінің бірі – ашықтық пен жариялылық үшін қолайлы жағдай жасау. Осы мақсатқа жету үшін қандай істер атқарылып жатыр деген сұраққа тоқталсақ:

* біріншіден, жүйелі түрде тексерулер жүргізіледі;

* екіншіден, қаржылық іс-шаралар сарапталыды;

* үшіншіден, әлеуметтік желілер арқылы азаматтарды ақпараттандырудың тиімді жүйелері енгізілуде.

Одан бөлек, аппарат сыбайлас жемқорлықпен бірлесіп күресу үшін қоғаммен ынтымақтастыққа ден қойып отыр. Аппарат қызметкерлерінің қоғам алдындағы адалдығы мен жауапкершілігін арттыру мақсатында семинарлар мен тренингтер өткізіледі.

Аудан әкімі аппараты жұмысының маңызды бөлігі – азаматтардың өтінішін қарауға жәрдемдесу. Биыл аудан әкімі ретіндегі жеке қабылдауыма 320-дан астам тұрғын қатысып, 750-ден астам мәселе қаралды. Біз жеке кездесуде және әлеуметтік желі арқылы әкімдікке жүтінген ауданымыздың әр азаматының мәселесін тиімді түрде шешіп беруге тырысамыз.

Сондай-ақ ауданда жергілікті бюджет қаражатын бөлу кезінде қаржыны басқаруға және бақылауға тұрғындардың қатысуына бағытталған «Халық қатысатын бюджет» республикалық конкурсы жүзеге асуда.

Осы және өзге де істер халықпен тиімді кері байланыс құруға және ауданымызда заңсыз әрекеттердің алдын алуға бағытталған. Мемлекет беделін нығайтуда және халық арасында сенімді арттыруда жоғарыда аталған шаралар жиынтығының ықпалы орасан.

Асылбек ЕСЕНБАЕВ,
Астана қаласы
Есіл ауданының әкімі

№151 (4584) 21/12/2023 Бейсенбі

Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

БАЙҚОҢЫРДЫҢ БЕЛЕСІ

Аудан басшысының айтуынша, жыл басынан бері тұрғындардан 20 мыңнан астам өтініш келіп түскен. Бұл, негізінен, жеке қабылдауларда, тұрақты және көшпелі кездесулер барысында, ресми интернет-ресурстарында, «Котек» қалалық мониторинг және жедел сұрақ қою орталығына келіп түскен өтініштер.

– Тұрғындардан келіп түскен өтініштерге қарағанда оларды көбіне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, ауаларды абаттандыру, қызмет көрсететін ұйымдардың жұмысы, тұрғын үйлердің қасбеттері мен шатырлары, Әлеуметтік және басқа да мәселелер толғандыратыны анықталды. Жалпы, келіп түскен барлық өтініштер бойынша уақтылы шаралар қабылданып, түсініктемелер берілді, – деді Талғат Рахманберді.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

Аудан аумағында тұрғындардың бос уақытын қолайлы өткізуіне барынша жағдай жасалуда. Жыл сайын жаңа қоғамдық кеңістіктер мен орындар мен аула аумақтары жабықталады.

– Биыл 11 қоғамдық кеңістік абаттандырылды, 25 аулада кешенді абаттандыру жүргізілді, 42 аулада ойын және спорт аймақтары жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында 20 аула абаттандырылды. Жүргізіліп жатқан жұмыс нәтижесі бойынша абаттандырылған аулалар санын 205-ке дейін ұлғайтуға қол жеткізілді, бұл ауданның барлық аула аумағының 84%-ын құрады, – деді аудан әкімі.

Алдағы 2024 жылғы тиісті қаржыландыру бөлінген жағдайда, Байқоңыр ауданында 20 қоғамдық кеңістік ашу, сондай-ақ 90 аулада абаттандыру жүргізу жоспарланып отыр.

Аудан тұрғындарының өтініші бойынша 20 жаңа контейнерлік алаң орнатылып, 200 жұмыс істеп тұрған контейнерлік алаңға жөндеу жүргізілді, 50 күл контейнері дайындалды. 2024 жылы қолданыстағы 300 алаңды жөндеу және кеңейту, сондай-ақ және 100 күл контейнерін дайындау жоспарланып отыр.

АЙНАЛАНЫ КӨҒАЛДАНДЫРУ – КЕШЕНДІ ІС

Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде Байқоңыр ауданының әкімдігі мегаполисті көгалдандыруға және көк желекті қалаға айналдыруға көп көңіл бөледі. Аудан әкімінің айтуынша, бұл ретте биыл үлкен жұмыс атқарылды.

Астананың оң жағалауында орналасқан Байқоңыр ауданының құрылғанына биыл 5 жыл толды. Бүгінде бойын тіктеп, елордамен бірге есейіп келе жатқан аймақта тұрғындар саны да күн санап өсіп келеді. Қазіргі таңда олардың қатары 241 мыңға жуықтады. Ауданның жалпы аумағы 18 мың гектардан асады. Осы туралы баяндай келе, Байқоңыр ауданының әкімі Талғат Рахманберді қалалық коммуникациялар алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында соңғы 11 айда атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы жылдың жоспарларымен бөлісті.

Ауданның көгалдандыруына жергілікті кәсіпорындар мен ұйымдар, ШОБ, коммуналдық кәсіпорындар, ПИК және белсенді тұрғындар қатысады.

– Биыл аудан аумағында 3 мыңнан астам ағаш отырғызылды, 22 мың шаршы метр гүлзарлар жасалынды, 14 мың сызықтық метр бойымен көгалды қоршаулар, 25 мыңға жуық сәндік гүлді бұталар отырғызылды. Бүгінгі таңда осы жасыл желектерді күту үшін ауданда жергілікті суару жүйесін орнатуға басымдық беріледі. 2023 жылы жергілікті суару жүйесі 5 орынға орналастырылды, – деді Талғат Рахманберді.

Сала мамандарының айтуы бойынша, ағашты күтіп-баптауға барынша назар аудару керек. Алдағы уақытта аудан басшысы осы мәселеге ерекше көңіл бөлінетінін атап өтті.

2024 жылы ауданда 6 мыңнан астам ағаш, 20 мың бұта отырғызы, 15 мың сызықтық метр бойымен көгалды қоршаулар салу жоспарланып отыр.

ЖАРЫҚТАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Аудан бойынша күнделікті көлік және жаяу жүргіншілер қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында көшелер мен аула аумақтар жарықтандырылып жатыр. Аудан әкімінің сөзінше, биыл жарықтандыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар шеңберінде 205 жарықтандыру бағанасы орнатылған.

Ескірген жарық шамдары айырбасталып, заманауи диодты шамдар орнатылса, электр энергиясын тиімді пайдалану және үнемдеу үшін энергия үнемдейтін жарықдиодты шамдар орнатылуда.

– Биыл ауданды жарықтандыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар шеңберінде 205 жарықтандыру бағанасы орнатылды. Ұзындығы 4,5 шақырым құрайтын 10 кВ кабель ауыстырылды. «Құтқарушылар», «Гребной канал», «Устаздар», «Жер-Ана» атты скверлеріндегі кабельдер ауыстырылды. 2024 жылға арналған жоспарда 20 жаңа қоғамдық кеңістікте және 90 аулада жарықтандыру аспаптарын орнату, тозған ин-

женерлік желілерді ауыстыру жоспарлануда, – деді аудан басшысы.

Сондай-ақ тұрғын үйлерді сәндік жарықтандыру бойынша да жұмыстар жүргізілуде.

– Ағымдағы жылы аудандағы тұрғын үйлерді сәндік жарықтандыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді. Осы күнге дейін 14 үй бойынша жұмыстар жүзеге асырылды, жылы соңына дейін тағы да 1 үйді жарықтандыру жоспарлануда. 2024 жылы 30 үйде сәндік жарықтандыру жүргізіледі. Сонымен қатар қысқы демалысты құру мақсатында 11 нүктеде сәндеу жұмыстары жүргізілді. Онда 10 шырша, 5 мұз айдыны, 24 шағын архитектуралық формалар орнатылды, – деді аудан әкімі.

Жол инфрақұрылымы туралы айта келе, Талғат Рахманберді Байқоңыр ауданында жалпы ұзындығы 338, 7 шақырым болатын 310 көше орналасқанын, 2023 жылы Астана қаласы Көлік және көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасымен бірлесіп жалпы ұзындығы 15,3 шақырымды құрайтын 12 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп жеткізілді. 8 көшеде тротуар салынды, оның жалпы ұзындығы 3,6 шақырым, фризерлік материалмен 65 жол учаскесі жөндеді.

2024 жылы аудан аумағындағы ұзындығы 8 шақырымды құрайтын 11 көшені, атап айт-

сақ, Төшенов, Рахимов, Жангелдин, Ғұмар Қараш, Кенесары, Брусиловский, Ақ бидай, Игілік, Арқарлы және Алаш тас жолы көшелерін жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр.

Сонымен қатар аудан әкімдігінің жұмысындағы маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі – аялдама кешендері. Ауданда жалпы саны 232 аялдама кешені бар. Олардың 149-ы ашық үлгідегі болса, жылы аялдамалардың саны – 38. Алдағы жылы 31 аялдама кешенін қою көзделуде.

ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР – БАСТЫ НАЗАРДА

Байқоңыр ауданында бүгінде 22 мыңнан астам зейнеткер, 573 тыл еңбеккері, 5591 мүмкіндігі шектеулі адам, 3963 көпбалалы отбасы, 1107 көпбалалы ана, «Алтын алқа» және «Күміс алқа» белгілерімен марапатталған, 421 әлеуметтік аз қамтылған отбасы тұрады.

Жасы үлкен кісілердің бос уақытын пайдалы өткізуі үшін ауданда 3 шағын орталық орналасқан.

– Аудан тұрғындарын әлеуметтік қамтамасыз етуде, бұрынғыдай жоспарлы жұмыс жүргізіліп жатыр, өткізілетін акциялар аясында ауданның көпбалалы және әлеуметтік аз қамтылған отбасыларынан 5500-ден астам бала түрлі іс-шаралар мен акцияларға қатысты,

онда оларға жаңа оқу жылына дайындалуға көмек көрсетілді және жаңа жылдық сыйлықтар таратылды, олар мерзімді бұқаралық-спорттық іс-шараларға қатысуға тартылды, сондай-ақ аула мерекелері өткізілді, – деді әкім.

Биыл ауданда тұратын 421 отбасыға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Міндетті мемлекеттік әлеуметтік төлемдерден басқа, 1500-ге жуық әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы және толық емес отбасыларға азық-түлік жиынтығы, балаларға арналған киім, көмір, уақытша баспана беру, балаларды балабақшаларға тегін орналастыру, медициналық мекемелерде тексеруден және емдеуден өту және т.б. түрінде көмек көрсетілді.

– Тәуелсіздік күніне орай Астанада Ардагерлер кешесінің үшінші орталығы ашылды. Осы уақытқа дейін А.Брусиловский көшесінде «Айдар» орталығы ашылды. Онда 80-нен аса ардагерлер бар. Екінші орталық, яғни «Парасат» орталығы А.Жұбанов көшесінде ашылған. Орталықта 50-ге жуық ардагер келіп, бос уақыттарын өткізеді. Ауданның белсенді еңбек ардагерлерінің бос уақытын тиімді өткізуге арналған осындай басқосу орындарының болуы аса маңызды, – деді аудан басшысы.

Оның мәлімдеуінше, өскелең ұрпақ та назардан тыс қалмайды. Бүгінгі таңда аудан аумағында 8 аула клубы жұмыс істейді. Онда спорт секциялары мен шығармашылық үйірмелер ұйымдастырылады.

Ағымдағы жылы аудан аумағында жалпы 10 мыңнан астам адамды қамтитын 120-дан астам мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілді. Аудан тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту бойынша жоспарлы жұмыс жалғасуда.

Брифинг барысында әкім су тасқынына қарсы іс-шаралар жайында да айтты.

– Биыл жалпы ұзындығы 2600 сызықтық метр арық-науа желісін орнату бойынша жұмыстар аяқталды және

Чехоев пен Ырыс көшелерінің қиылысында 2 дана жаңбыр қабылдайтын құдықтар орнатылды. 2024 жылы ұзындығы 2700 сызықтық метр 9 көшеде желілерді жабдықтау жоспарда бар, – деді әкім.

Баспасөз мәслихаты барысында Талғат Рахманберді аудан тұрғындарының әлеуметтік желі арқылы қойған сауалдарына жауап берді. Мәселен, аудан тұрғыны Кабира Парманова Тараз көшесінде орналасқан «Тұлпар» саудан үйінің артында тұратынын айта келе, «осы аймаққа цивилизация келе ме? Астананың қақ ортасында тұрып тұтінге, қоқыстың қолаңы иісіне тұншығып біттік» деді. Аудан әкімі бұл аймақта алдағы уақытта сүру жұмыстарының жүргізілетінін тұрғындар жақсы білетінін, осыған орай қазіргі кезде аудан қызметкерлері инвесторларды тарту жоспарланып, олар жақын арада шешім қабылдайтынын, негізі ол жерге заманауи еңселі биік үйлер салынатынын жеткізді.

– Түтінге келетін болсақ, өздеріңіз білесіздер, ол жерде газ тартылмаған. Кәріз жүйелері де кейбір көшелерде бар, кейбір көшелерде жоқ. Бірақ қаланың бас жоспарына сәйкес, бұл жерлерде қазіргі тұрған жер үйлердің орнында биік үйлер орналасуы керек. Бүгінгі таңда осы бағыттағы жұмыстар жалғасуда. Ауданымызда 6 300-ге тарта осындай үйлер бар. Осы аймақ бойынша мына жағы Республика даңғылы мен Сейфуллин, Бөгенбай көшелерінен бастап Күлтөбе көшесіне дейін аймақ 240 гектарды құрайды. Бұл жерде 670 үй бар. Ол үйлерге қатысты кешенді жоспар дайындалуда, жақында оны таныстыратын боламыз. Қазіргі кезде инвесторлармен тығыз жұмыс істелуде, – деді аудан әкімі.

Көпбалалы ана Гүлжан Қаратөлековаға демеушілердің араласуымен тиісті көмек көрсетілгенін, мәселе бақылауда екенін айтты. Аудан тұрғыны Алмағұл Төлеубаева Сырдария, Сейфуллин және Биші қайың көшелерінде 110 мың вольтты сымдар үйлердің үстінен өтетінін, бірнеше жыл бойы бұл қала тұрғындарына зардабын тигізіп жатқанын, осы мәселенің қашан шешілетінін сұрады.

– Бұл мәселе біздің ауданның күн тәртібіндегі өзекті проблемалардың қатарында тұр. Бүгінгі таңда Күлтөбегі, Биші қайың, Сырдария көшелерінің жартысы сүрілді. Осы мәселемен аудан әкімдігі емес, қалалық Тұрғын үй басқармасы айналысады. Басқарманың ақпаратына сүйенсек, тиісті қаражат бөлінді, сүру жұмыстары келесі жылы да жалғасатын болады. Сондай-ақ 110 вольттық кабельдерді Сырдария көшесінен алып, Ақан Сері көшесіне жер астымен жүргізу жобасы дайындалуда. Сәл шыдау керек, алдағы уақытта бұл мәселе шешіледі, – деді Талғат Рахманберді.





Қоғамдық кеңістіктерді көбейту арқылы қала жұртшылығының тиімді демалысы мен спортпен айналысуына көбірек қолайлы жағдай жасалады. Сонымен бірге мұндай кеңістіктерді қаланың әр тұсындағы бос, қараусыз жатқан жерлерде ашып, оны абаттандыру қуыс-қуыста жастардың құр сенделіп жүрмеуіне септік ету арқылы түрлі құқықбұзушылықтардың алдын алуға, шаһар сәнін арттыруға да ықпал етеді. Осы ретте елорданың Бас жоспарында қала тұрғындары мен қонақтары бос уақытын тиімді және денсаулығына пайдалы түрде өткізе алатын жаңа тартымды орындар ашуға зор мән берілген.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР – ӘСЕМ ӘРІ ҚОЛАЙЛЫ

елдеріне, соның ішінде Ташкент, Душанбе, Ашхабад, Самарқан қалаларына жұмыс сапарымен бардық. Инклюзивті қаланың тұрақтылығын дамыту бойынша БҰҰ өңірлік бөлімдерімен жұмыстар жүргіздік. Сонымен қатар осы жазда халықаралық сессия ұйымдастырдық, – дейді Е.Базыкен.

Бүгінде Мыңжылдықтар Аллеясы ауданын дамытудың бастапқы тұжырымдамасы әзірленіп, бекітілді. Шетелдік мамандарды тарта отырып қаланы кешенді дамыту туралы Президенттің тапсырмасына орай британдық компания қызметкерлері осы жұмысқа қатыстырылды. Тұжырымдама мен бастапқы дизайн қалада диттеген жеріне тез жету идеяларын біріктіреді, сонымен бірге сәл аялдап, тынығып алуға, кең тыныстап, бой сергітуге және әрі қарай бірқалыпты жайлы өмір сүруге мүмкіндіктер қарастырылады.

– Урбанистика орталығы Астана қаласын көгалдандыру және қоғамдық кеңістіктерді дамыту тұжырымдамасын әзірледі. Оған қаланың әр ауданындағы қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру бойынша сұлбасы мен көгалдандыру жарғысы кірді. Аталған құжат барлық стейкхолдер, яғни құрылыс компаниялары, бизнес пен өндіріс нысандары және жергілікті қоғамдастықты тарта отырып жасыл және жайлы қала құрудың құралы болып саналады, – дейді орталық басшысы.

Биыл үйлерін пайдалануға беретін қала құрылысын салушылармен де жұмыс жүргізілген. Қаланың дендрологиялық жоспары қайта қарастырылып, жасыл көшеттер отырғызу көлемі 2,5 есе арттырылған. Әр аудан тұрғындарымен қоғамдық талқылау өткізілген. Қала тұрғындарының кері байланысы кезінде айтылған ұсыныстар

абаттандыру және көгалдандыру жоспарын жасауға ескерілген. Көгалдандыру жарғысын әзірлеуде халықаралық тәжірибеге иек артылып, С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ мен Мәскеу қаласындағы РХДУ арасында көгалдандыруға ғылыми тұрғыда келу және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Елордалық мамандар Германиядағы тәлімбақтарға барып, олардың көгалдандыру бойынша тәжірибесін меңгерді.

Өткен жылы қалада 250-ден астам қоғамдық кеңістік пен аулалар абаттандырылды. Олардың қатарында қалалық алаң, абаттандырылған Бараев көшесі, Президент саябағындағы

амфитеатр, «Встреча» сауда үйі алдындағы кеңістік, сондай-ақ қаланың елді мекендеріндегі скверлер сияқты орындар бар. Осының арқасында қараусыз қалған жерлер мен бос орындар саны айтарлықтай азайды.

ДЕМАЛЫС АЙМАҒЫ КӨБЕЙДІ

Әкімдік тарапынан елордада жаңа қоғамдық кеңістіктер мен аулалар салуға әрдайым басты көңіл бөлінеді. Биыл шілде айында қала күні қарсаңында Амман және Абылай хан көпірлерінің астында жаяу жүргіншілер өткелдері ашылды. Олар Ақбұлақ өзенінің

бойындағы саябақ кластерін байланыстырады. Сонымен қатар Қ.Мұңайтпасов көшесінен Петров көшесіне дейінгі жұмыс аяқталып, көлеңкелі шатырлар, ойын алаңдары орнатылып, ағаштар мен жасыл желектер отырғызылды. Сондай-ақ Петров көшесі мен Б.Момышұлы даңғылы аралығындағы учаскені абаттандыру қыркүйек айына дейін аяқталды. Одан соң Сәтбаев көшесі Қажымұқан көшесінен Петров көшесіне дейін жөнделді. Орталық жағалаудың тарихи көшелерінің қайта құрылуы жаңа абаттандырылған орындарды бұрынғы орындармен біріктіруге мүмкіндік берді. Тамыз айында «Қазақстан теміржолы» ұлттық компаниясы көлік қызметкерлері күні қарсаңында елорда тұрғындары мен қонақтарына арнап «Салтанат қақпасы» монументінің жанында жаңа гүлзарды сыйға тартты. Алаң аумағында жапырақты ағаштар да отырғызылды. Сквердің құрылысы ұлттық компания мен Есіл ауданының әкімдігі арасында бұрын қол қойылған меморандум аясында жүзеге асырылды.

– Біз елорда тұрғындары мен қонақтары бос уақытын пайдалы өткізе алатын орындар санын кеңейту үшін ғана емес, сондай-ақ қаладағы саябақтар мен гүлзарларды қайта құру үшін де жұмыс істеп жатырмыз. Биыл 165-тен астам аула мен қоғамдық кеңістікті абаттандырамыз, олардың бір бөлігі «Халық қатысатын бюджет» жобасы бойынша аяқталды, – деген еді Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек биылғы өткізген брифингтерінің бірінен.

Биыл жазда әкімнің өзі бастап қаланың саябақтары мен қоғамдық кеңістіктеріне ревизия жүргізді.

– Көрпкті орындар мен мәдени нысандарға іргелес аумақтарды да көгалдандырамыз. Қ.Қуанышбаев атындағы музыкалық драма театрының жанында қоғамдық кеңістік салып жатырмыз. Қазір ағаш отырғызу жұмысында кемшіліктер бар. Бұл проблеманы жақын арада ретке келтіруді тапсырдым.

Әкім айтқан биылғы жоспарға сай аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру жұмыстары қарашаның аяғында аяқталды.

– Биыл қаланы абаттандыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар, бұрын көппәтерлі тұрғын үй кешендерінің құрылысы қарастырылған 9 орынға гүлзарлар мен қоғамдық кеңістіктер салынатын болады. Мәселен, Ш.Айтматов-Сығанақ көшелерінің қиылысындағы учаскеде 12 қабатты көпфункционалды кешеннің орнына гүлзар салынды. Р.Бағанова көшесі мен Тұран даңғылының қиылысында жеке құрылыс салушы тұрғын үй кешенін салуды жоспарлаған. Нәтижесінде бұл учаскеде инвестормен бірге қоғамдық кеңістік салынды. Күмісбеков көшесі, 7/1 мекенжайындағы ескі гараждардың орнына қала тұрғындары үшін ыңғайлы әрі қауіпсіз орын жасалды. Аумағы абаттандырылып, ағаш отырғызылды. Ал Көктөбе, 5 мекенжайында бос жердің орнына спорт-ойын аймағы салынды, – деді әкім өз сөзінде.

Сол сияқты қалада Орталық жағалаудағы тарихи көшелер жаңарып, «Журналистер аллеясы», Салтанат қақпасының жанындағы гүлзар, Ш.Уәлиханов көшесіндегі Крауцов көшесінен С.Сейфуллин көшесіне дейінгі жаяу жүргіншілер кеңістігі және басқа да орындар абаттандырылды.

КӨПІРЛЕР АСТЫ – КӨРІКТІ

Қоғамдық кеңістіктерді бос, қараусыз жатқан жерлерде немесе көпірлер астында салу жұмыстары да тиімділігін көрсетіп тұр. Қалада көпір астындағы және көпір жанындағы бос жатқан жерлерге салынған бірнеше кеңістік бар. Біреуі Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы көпірдің астында орналасқан. Арт-кеңістікте стритбол, коньки, үстел теннисі және workout алаңдары бар. Оның басты мақсаты – спортқа жағымды ахуал қалыптастыру.

Екіншісі, Сарайшық көшесі тұсындағы «Арқар» көпірінің астында салынған. Тұрғындар мен қала қонақтарына арналған демалыс орны тамақтану аймағына және спорттық секцияларға бөлінген. Көпір астындағы кеңістік Триатлон мен Президент саябақтарымен біріктірілді.

Тағы біреуі Қабанбай батыр даңғылында Есіл өзенінің астында Самал шағын ауданы жағынан салынған. Мұндағы көлеңкелі қалқалар, балалар алаңы, демалуға арналған аймақ, қойылымдар/концерттер мен шығармашылық эксперименттерге арналған импровизацияланған сахна, тамақтану орындары халықтың жайлы демалысына септік етеді.

ЕЛОРДАДА АБАТТАНДЫРЫЛҒАН ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР МЕН АУЛАЛАР

165	АСТАМ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР МЕН АУЛАЛАР АБАТТАНДЫРЫЛЫП, 1 МЛН ЖАСЫЛ КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗЫЛҒАН
АЛМАТЫ АУДАНЫ:	САРЫАРҚА АУДАНЫ:
8 ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК	4 ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК
60 АУЛА	40 АУЛА
НҰРА АУДАНЫ:	ЕСІЛ АУДАНЫ:
6 ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК	7 ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК
4 АУЛА	12 АУЛА
БАЙҚОҢЫР АУДАНЫ:	
10 ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК	
25 АУЛА	

№151 (4584) 21/12/2023 Бейсенбі

Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

КЕПТЕЛІС ҚАЛАЙ КЕМИДІ?

Расында жол пен көпір тасымал қызметін атқаратын автокөлік пен қоғамдық көлікті бір жерден екіншісіне қауіпсіз жетуде керек. Астанада жыл өткен сайын адам санымен бірге, автокөлік артып, көшелерді кеңейту, көпірлерді күтіп ұстау және жаңа көпірлерді салуды тездетуді міндеттейді. Мәселен, 2019 жылы 264 мың елордада автокөлік болса, 2023 жылы мамыр айында 420 мыңға жетті. Астана қаласы Полиция департаментінің мәліметі осындай.

Егер іргелес ауылдар мен аудандардан келіп жұмыс істейтін мыңдаған адамды және қонақ ретінде келіп-кететін жүздеген жүргізушіні қоссаңыз, бас қалада күнделікті 700-800 мың автокөлік көшелерде қатынайды. Ал қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы көшелердің көлікті өткізу қабілеті әртүрлі екенін, көлік кептелісін азайту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын дәйектеді.

– Көлік кептелісін шешудің бір тәсілі – интеллектуалды көлік жүйесі. Бұған көлік қозғалысының жылдамдығы мен қозғалыс динамикасының статистикасы жүргізетін бағдарламалар кіреді. Бұл бағдарламалар көлік ағымына сай бейімделіп отырады. Мұндай интеллектуалды көлік жүйесімен қамту бағдарламасы елорданың жалпы бағдарламаның 41 пайызын құрайды, – дейді басқарманың бөлім басшысы Тұрсынғали Жөкенов.

Астанаға «ақылды» қаланың нышандары еніп, тұрғындарға жайлылық тудыратын құптаймыз. Алайда Smart city үдерісі бағдарламасы жүйесінен бөлек, орталық көшелер мен даңғылдарды кеңейтіп, тұрғындарды жолдан қауіпсіз өткізетін жоласты және жолүсті өткелдерін жүргізу маңызды. Опера және балет театры алдындағы жерасты өткелі, «Шапағат» коммуналдық базары маңындағы Бөгенбай батыр көшесінің астынан өтетін жоласты өткелі, А.Бараев көшесінің бас жағындағы жолүсті өткеліндей нысандарды көбейту керек-ақ. Әзірге бұл бағыттағы жұмыстар

ҚАЛА КӨРКІ – КӨШЕЛЕР МЕН КӨПІРЛЕР

Өркениеттің бір өлшемі – сапалы жол, сәнді көпір. Ел орталығы – Астанада 868 шақырымды құрайтын 1129 көше және 17 көлік және жаяу жүргінші өткізетін көпір бар. Әрбір көше мен көпірдің көлікті өткізу қабілеті әртүрлі, сәулеттік-дизайндық жобасы да әртүрлі.

жол жолағын тарылту есебінен атқарылуда. Бұл туралы полиция полковнигі Нұрлан Уаев былай дейді:

«Көлік ағымы жоғары үш учаске – Мәңгілік ел, Ұлы дала, Сарайшық бойында кептеліс уақытында «жасыл толқын» іске қосылады. 246 учаскеде қиылыс алдында тоқтаусыз оңға бұрылуға мүмкіндік бар. Бас қаланың басты көшелерінде жолақты тарылту есебінен қозғалыс жолағының саны артты. Мәселен, Сарайшық көшесі 9-ға, Тұран мен Мәңгілік ел даңғылы 7-ге, Қабанбай батыр даңғылы 5-ке дейін жолақ саны көбейді. Елорданың орталық көшелерінде жүк көлігінің қозғалысына шектеу қойылды».

«Жақсы жолдың ұзыны жақсы, Жаман жолдың қысқасы жақсы» дегендей, көше ұзын әрі сапалы болса, жолаушыларға ыңғайлы әрі қауіпсіз болады. Елдегі ең ұзын көше Жетісу облысында орналасқаны белгілі. Дінмұхамед Қонаевтың атымен аталатын көшенің ұзындығы – 32 шақырым. Бұл – Талдықорған қаласының іргесінде орналасқан Текеліде. Бір қызығы, 35 мыңға жуық тұрғынның бәрі бір көшенің бойында тұрады. Астанада 30 шақырымға созылған көше болмаса да, салыстырмалы түрде ұзын даңғылдар да, қысқа көшелер де кездеседі. Мәселен, Қараөткел көпірінен Халықаралық аэропортқа дейін созылып жатқан Қабанбай батыр даңғылының ұзындығы – 16 шақырым. Бұл – бас қаладағы ең ұзын көше. Ал қаланың ең қысқа көшесі – Александр Радичев көшесі. Жәнібек Тархан және Петр Морозов көшесін жалғайтын көшенің ұзындығы 101 метрді құрайды.

Көшелер мен даңғылдардың 92 пайыздан астамы Қазақстанның тарихи тұлғалар мен орындарымен аталады, бұл – еліміздегі



ең жақсы көрсеткіштің бірі. Қазақ хандығын құрған хан-сұлтандар мен елдікті қорғаған батырларды, алаш қайраткерлері мен оқу-ағарту және руханият саласының ірі өкілдерінің есімімен көшелер аталады. Атап айтқанда, Керей мен Жәнібек хандар, Алпамыс батыр, Қобыланды батыр, Бөгенбай батыр, Ақтамберді және Үмбетей жырау, Ақан сері, Біржан сал, Сара ақын, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы және тағы басқасы табуға болады. Жер-су, көне қаланың атауына сәйкес келетін Сығанақ, Сауран, Түркістан, Баянауыл, Бозарал, Жидебай көшесі бар. Яғни Астана ономастикалық атаулары елдің саяси орталығын дәйектеп тұр.

ҚЫЗЫЛ СУ ДА КӨПІРСІЗ БОЛМАЙДЫ

Аталы сөздің астары арық болса да, одан өту үшін көпір керек дегенге саяды. Ал Есіл – арық

емес, үлкен өзен. Өзеннің арғы бетінен бергі жағына қауіпсіз өту үшін сән-салтанаты келіскен, кең де іргелі көпір керек. Елордада жаяу жүргіншілер және автокөлік өткізетін көпірлер көп.

Жол уақытын қысқартуға көмектесетін құрылымның бірі – көпір десек, адамзаттың ойлап тапқан ең ежелгі құралы бүгінде эстетикалық сипатқа ие болып, инженерлік сәулет өнерінің нышанына айналды. Гиннестің рекордтар кітабына енген ең ұзын көше 164 шақырымды құрайды. 2011 жылы пайдалануға берілген Даныан-Қунышан көпірі Пекин-Шанхай бағытындағы жоғары жылдамдықты пойыз қозғалысына қызмет етеді. Бұдан бөлек, әлемде биіктігі мен ені жөнінде жарысағын көпірлер бар. Астанадағы көпірлер Есіл және оның салаларынан көлікті өткізетін болғандықтан, ұзындығы, биіктігі, ені жағынан мақтана алмайды. Дегенмен өзіндік сәулет және құрылыс идеясымен ерекшеленеді. Жалпы елордада көпірлердің екі түрі бар: арқанды және эстакадалы көпірлер.

Есілге қойылған алғашқы көпірдің бірі – «Қараөткел» көпірі. Ақмола астана мәртебесін алғаннан кейін автокөлік тасқынын өткізуде қиындық туып, 2008 жылы көпір қайта жаңартылды. Қазір алты жолаққа айналған көпірдің ұзындығы – 180, ені – 50, биіктігі – 60 метр. Бұл көпірден күніне шамамен 30 мыңға жуық көлік өтеді.

Астанадағы іргелі көпірге «Арқар» көпірін жатқызуға болады. 8 жолақтан және екі жақтан жаяу жүргіншілер жолынан тұратын көпірдің жалпы ұзын-

дығы – 892,1 метр. Сарайшық көшесінің сол және оң жақ бөлігін жалғайтын көпірдің жанында Ақорда, Жоғарғы сот, Парламент ғимараты, Президенттік және Триатлон паркі орналасқан. Бұл көпірдің астындағы арт-кеңістік, арт-инсталляциялар, гүлзар және жаяу жүргінші және велосипед жолы, баскетбол алаңы табуға болады.

Елорданың басты даңғылдарының бірі – Сарыарқа мен Тұранды жалғайтын «Тұлпар» көпірі автомобильдер мен жаяу жүргіншілердің еркін жүріп-тұруына арналған. Ұлттық ою-өрнектерімен безендірілген, оған асыл тастарды имитациялайтын түрлі-түсті шыны секестері салынған. Көпірдің бүкіл ұзындығы бойында орналасқан жарық диодтары күннің уақытына байланысты түсін өзгертіп отырады.

Ақбұлақ өзені арқылы өтетін «Беласар», Есіл өзеніндегі «Марал», «Арыс» автожол көпірі

қала көпірлеріне түсетін көліктік жүктемені азайтты.

Тәуелсіздік даңғылынан өтетін автомобиль көпірі қазан айында ашылды. Бұл көпір көлік қозғалысын едәуір жылдамдатып, Тәуелсіздік даңғылы, «Нұрлы жол» теміржол вокзалы аумағын, Қошқарбаев даңғылы, Нәжімеденов көшесі, Әзірет Сұлтан мешіті, Байтұрсынұлы, Қордай, Айнакөл көшелері, Момышұлы даңғылы және сол жағалау арасында қосымша байланысты қамтамасыз етті. Бастысы, Мәңгілік ел даңғылындағы көлік ағымын төмендеуіне оң әсер етті. Шынында, Мәңгілік елдегі көлік нөпірін азайтуда бұл көпірдің әсері байқалады.

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек мәлімдегендей, Есіл өзенінің оң және сол жағалауындағы Кеңесары мен Қорғалжын көшесін байланыстыратын жаңа көпір салынады. Қазір жобалау жұмысы жүргізілуде.

ЖАҚСЫ ЖОЛ – ЕЛГЕ ЖОРА

Жыл басында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізіп, елордада жаяу жүргіншілер жолына маңыз беру керектігін ескерткен еді. Тапсырма орындалуымен құнды.

Академик Қ.Сәтбаев қаладағы ұзын көшенің бірі. Осы көшенің Қажымұқан мен Петров арасындағы 3,5 шақырым жаяу жүргіншілер жолы жаңартылды. «Амман» және «Аблай хан» көпірлерінің астында жаяу жүргіншілер өткелі салынды. Олар Ақбұлақ өзенінің бойындағы саябақ кластерін біріктіреді. Орталық жағалаудағы тарихи көшелер жаңарып, «Журналистер аллеясы», Салтанат қақпасының жанындағы гүлзар, Ш.Уәлиханов көшесіндегі Кравцов көшесінен С.Сейфуллин көшесіне дейінгі жаяу жүргіншілер кеңістігі және тағы басқасы жандана түсті.

– Бұрын көппәтерлі тұрғын үй кешендерінің құрылысы қарастырылған 9 орынға гүлзарлар мен қоғамдық кеңістіктер салынатын болады. Мәселен, Айтматов-Сығанақ көшелерінің қиылысындағы учаскеде 12 қабатты көпфункционалды кешеннің орнына гүлзар салынды, Р.Бағланова көшесі мен Тұран даңғылының қиылысында жеке құрылыс салушы тұрғын үй кешенін салуды жоспарлаған. Нәтижесінде бұл учаскеде инвестормен бірге қоғамдық кеңістік салынды. Күмісбеков көшесі, 7/1 мекенжайындағы ескі гараждардың орнына қала тұрғындары үшін ыңғайлы әрі қауіпсіз орын жасалды. Аумағы абаттандырылып, ағаш отырғызылды. Көктөбе, 5 мекенжайында бос жердің орнына спорт-ойын аймағы құрылды, – деді қала әкімі Ж.Қасымбек.

Астана қаласындағы «Серуен», «Атырау көпірі» Есіл өзенінен жаяу жүргіншілерді қауіпсіз өткізуге арналып салынды. Яғни бас қалада автокөлік пен жаяу жүргіншілерге арналған көшелер мен көпірлер бар. Дегенмен, халық санының артуына байланысты көшелерді кеңейтіп, жаңа көпірлер салуды тездету маңызды. Бұл бағыттағы бастамалар байыпты атқарыла беретініне сенеміз.



Оңалхан ӨНЕРХАН



Айгүл УАИС

Елорданың тартымды келбетін және халықтың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасап, өмір сапасын арттыру мақсатында әлі де атқарылатын жұмыс ауқымы алда тұр. Оның біршамасы биыл 11 шілдеде өткен елорданы дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте көтеріліп, Мемлекет басшысы бас қаланың дамуына қатысты көп мәселенің басын ашып берген еді.

Атап айтқанда, апатты жағдайда тұрған ескі үйлерді бұзу, тұрғын үй қорын реновациялау және модернизациялау, қаланың инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту үдерісі тоқтамай, жалғаса беруі керектігі баса айтылды. Оның жүйелі шешімі Астана қаласы әкімдігінің «Астана қаласының тұрғын үй қорын реновациялаудың және модернизациялаудың 2028 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасының» жобасында көрініс таппақ.

Елге ел қосылып, Есілдің екі жағалауында мемлекетіміздің жаңа астанасы қазық қаққанда, бұрынғы облыс орталығы аз уақытта кешенді мегаполиске айналады дегенде көп адам сенбеген болар. Жаңа әкімшілік орталықтың бой көтеріуі – елорданың керегесін кеңейтіп, жаңа аумақтарын игеру ғана емес, сонымен қатар, қалалық органы, оның ішінде өмір сүрудің барлық жүйесін реновациялау іс-шараларын қамтитын қаланың қалыптасқан бөлігін кешенді дамыту.

Екпінді құрылыс Ақмолаға көшкен сәттен бастап, 1997-2013 жылдар аралығында Слободка деп аталатын Кенесары кешесінің, Комсомольский кентінің және басқаларының аумағындағы саяжайлар мен тұрғын үйлер бұзылды. Өткен кезең ішінде барлығы 2280 га аумақта нысандар бұзылып, оларға жаңадан 5,2 млн шаршы метр тұрғын үй салынды. Бұл реновациялаудың шартты түрде алғанда бірінші кезеңі болатын.

Бұзылған аумақтарда тұрғын үй нысандары ғана емес, жаңа көшелер салынды, жаңа желілер жүргізілді, саябақтар, бульварлар, гүлзарлар, қоғамдық кеңістіктер жабдықталды. Соның бір мысалы: Республика даңғылындағы бес қабатты

РЕНОВАЦИЯ: ҚАЛА КЕЛБЕТІ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ?



Оңалхан ӨНЕРХАН

«хрущёвқалар» көз алдымызда жаңа ұлттық нақышта әрленді. Нәтижесінде үлкен көшенің бойында қатар орналасқан ғимараттар ескі қаланың көрінісін кіргізген көрікті даңғылға айналды. Биыл осы көшенің жаяу жүргіншілер жолы абаттандырылып, қоғамдық кеңістіктер ашылып, тұрғындардың игілігіне берілді.

Қазіргі кезде елорданың көпкөпестерлі тұрғын үй қоры 3309 көпкөпестерлі тұрғын үйді құрайды екен. 2011 жылдан бастап 202 тұрғын үй жөндеді. 175 көпкөпестерлі тұрғын үй күрделі жөндеуді қажет етеді. Сондай-ақ Астана қаласы бойынша 10324 лифт жабдығы жұмыс істейді, оның ішінде 272 лифт жабдығы ауыстырылды, әлі де тозығы жеткен 288 лифт жабдығын ауыстыру талап етіледі.

2013 жылғы жағдай бойынша Астанада одан әрі қарай тұру адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін барлығы 450 апатты жағдайдағы үйлер саналды. 2013 және 2022 жылдар аралығы кезеңінде авариялық жағдайдағы үйлерді бұзу және тұрғындарды көшіру сол сәтте қолданыста болған «Қолжетімді баспана-2020», «Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», «Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы» мем-

лекеттік бағдарламаларының шеңберінде қарастырылған авариялық жағдайдағы үйлерді бұзу жөніндегі қанатқақты жобаны іске асыру аясында жүзеге асты.

Аталған бағытты іске асыру кезінде Астана қаласы әкімдігінің өкілетті органы – «Елорда даму» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі шарт жасаған «ТОКІ» мемлекеттік кәсіпорнының қатысуымен қала ортасын регенерациялау бағдарламасын іске асыру бойынша Анкара қаласының әлеуметтік тұрғын үй құрылысындағы тәжірибесі қолданылды. Бұл ретте салынған тұрғын үй үлесінің шамамен 30 пайызы апатты жағдайдағы үйлерден қоныс аударту үшін тұрғындарға өтеусіз берілді, өкілетті орган қалған бөлігінен түскен қаражатты жаңа тұрғын үй кешендерін салуға қайтадан инвестиция жасау мақсатында еркін нарықта сатты.

Апаттық жағдайдағы тұрғын үйлерді бұзу қанатқақты жобасының бірінші кезеңінде 2013-2017 жылдар аралығы кезеңінде ауданы 592,3 мың шаршы метр болатын 64 тұрғын үй пайдалануға берілді. 228 авариялық жағдайдағы үй иелерін қоныс аударту үшін 3500-ден астам пәтер коммуналдық меншікке өтемсіз берілді. Жаңа құрылысқа қайта инвестициялау үшін 44,5 млрд теңге бөлінді.

Авариялық жағдайдағы тұрғын үйлерді бұзудың екінші кезеңін іске асыру шеңберінде 2018-2020 жылдар аралығында 34 тұрғын үй немесе 342,4 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Коммуналдық меншікке 819 пәтер өтеусіз берілді, бұл 47 авариялық жағдайдағы үй тұрғындарының қоныс аударуын қамтамасыз етті. Жобаны қайта инвестициялауға 57,7 млрд теңге бағытталды.

2013-2022 жылдары жоба аясында 934,7 мың шаршы метр тұрғын үй немесе 12501 пәтер пайдалануға берілді. Жоба аясында 146,2 млрд теңге игерілді. Тұрғын үй құрылысына өкілетті ұйымның өз қаражатынан 102,2 млрд теңге салынды, бұл бастапқы қаржыландыру көлемінен 2,5 есеге артық. Құны 50,6 млрд теңге актив коммуналдық меншікке берілді. Авариялық жағдайдағы үйлерден қоныс аударту үшін коммуналдық меншікке 4354 тұрғын және тұрғын емес үй-жай берілді, бұл 275 авариялық жағдайдағы үйді бұзуға жағдай жасады. Бұл бұзуды қажет ететін үйлердің жалпы санының 56 пайызын құрайды. Астанада авариялық жағдайда деп танылған 200-ден астам көпкөпестерлі тұрғын үй бар.

Елорданың жаңа Бас жоспарының болжамы бойынша 2035 жылға қарай Астана қаласының халқы шамамен 2,3 млн адамды құрайды. Бұл ретте қала аумағын сәулет-кеңістік және функционалды-жоспарлы ұйымдастыру, инженерлік инфрақұрылым, сондай-ақ сапалы көлік жоспарлаумен және экологиялық таза қоршаған ортамен толық қамтамасыз етілген кезде елорда тұрғындарының тұрғын үйге, әлеуметтік-мәдени нысандарға, абаттандырылған қалалық ортаны дамытуға деген нормативтік қажеттілігін қамтамасыз етуге тиіс.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 8 ақпандағы кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның дайындығына қарай тұрғын үйді іске қосу қажеттігі туралы тапсырма берді. 2016 жылы бекітілген Бас жоспарға сәйкес, болжам бойынша халық саны 2030 жылға дейін 1,2 млн адамды құрауы тиіс болатын. Аталған көрсет-

кішке 2021 жылдың соңында қол жеткізілді. 2023 жылғы 1 қаңтарда елордада 1 млн 350 мың адам тұрады.

Соңғы 3-4 жылда елордада тұрғын үй құрылысының 5-6 жылдық нормасы орындалды және нәтижесінде 10 млн шаршы метрден астам дайын тұрғын үй пайдалануға берілді.



Жаңа Бас жоспар бойынша 2035 жылға қарай елорда халқының болжамды саны (2,3 млн адам) қосымша су, жылу және энергия көзін құру, су бұру және көріз, оның ішінде экологиялық таза қоршаған ортамен толық қамтамасыз етілген кезде елорда тұрғындарының тұрғын үйге, әлеуметтік-мәдени нысандарға, абаттандырылған қалалық ортаны дамытуға деген нормативтік қажеттілігін қамтамасыз етуге тиіс.

өзінде қалада энергиямен, сумен қамтамасыз ету тапшылығы қалыптасып отыр.

Мәселелердің маңызын ескере отырып, 2023 жылғы 31 қаңтардағы Мәжілісте Мемлекет басшысы Астана қаласы әкімдігіне Үкіметпен бірлесіп реновациялау және модернизациялау бағдарламасын әзірлеуді тапсырды.

Бағдарламаның мақсаты – қаланың қалыптасқан бөлігін жүйелі түрде қайта салу арқылы тұрғын үй құрылысындағы дәйекті қала құрылысы саясатын әзірлеу, аумақты жинақы салуды ұйымдастыру, Астана қаласының бейнесіне Қазақстан Республикасының астанасына ғана тән бірегей ерекше реңк беру.

Алға қойған мақсатқа жету үшін мына міндеттерді шешу керек: апатты жағдайдағы тұрғын үйлерді бұзу, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, реновациялау аумағын игеру үшін жеке құрылыс салушыларды тарту. Одан бөлек, тұрғын үй қорын модернизациялау, қала аумағын жинақы салуды және коммуникацияларды: инженерлік, көліктік және әлеуметтік-мәдени нысандарды теңгерімді дамытуды қамтамасыз ету. Сонымен қатар құрылыс аумағын, авариялық жағдайдағы үйлерді бұзу кезеңдерін, қала ортасын реновациялау іс-шараларын айқындау да жобаның нәтижелі жемісінің кепілі болмақ.

Алдағы жылдары Астана қаласында авариялық жағдайдағы тұрғын үйлерді бұзу мәселесіне тоқтала өтсек, оның да кешенді жоспары мен тәртібі бар.

Астана қаласында авариялық жағдайдағы тұрғын үйлерді бұзу Астана қаласы әкімдігінің өкілетті ұйымының өкімдік белген жер учаскелерінде тұрғын үй құрылысын жобалау мен

салуды ұйымдастыруды, салынған тұрғын үйлердің үлесін коммуналдық меншікке беруді, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның авариялық жағдайдағы үйлердің иелерін қоныс аударту үшін нарықтан тұрғын үй сатып алуын, қалалардың ескі орамдарын қайта салуды көздейді.

Астана қаласында авариялық жағдайдағы үйлерді бұзуды және қолжетімді тұрғын үйді салуды ұйымдастыру жұмысының ауқымы анықталды. Сонымен қатар авариялық жағдайдағы үйлерді бұзу және азаматтарды қоныс аударту тетігін іске асыру өкімдік белгілеген іс-шаралар негізінде жүргізіледі. Осылайша елордамызда жоспарланған реновация кезең-кезеңімен іске асып, ысырылған ескі үйлердің орнында жаңа үйлер салынып, қоғамдық кеңістіктер орнатылып, қала тұрғындарына жайлы, әсем қалаға айналады.



Сұлтан СЕЙІТ

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

ДАМУЫ ҚАРҚЫНДЫ ҚАЛА

Соңғы жылдары көптің назары Қосшыға ауды. Оған Қосшының еліміздің ең ірі қаласы Астанамен іргелес жатуы, одан бөлек, 2021 жылы Президент Жарлығымен облыстық маңызы бар қала мәртебесі берілуі себеп болды. Қосшы қаласына 290 шақырым қашықта жатқан облыс орталығынан гөрі іргесі тиіп тұрған Астана жақын. Халық саны 54 мыңнан асатын бұл қала тұрғындарының тең жартысына жуығы Астанаға қатынап жұмыс істейді. Қосшыда көкөніс өсіріп, оны Астана базарларына әкеліп сататын кәсіпкерлер де бар. Қосшыдан үй алған астаналықтар да аз емес. Демек, Қосшы Ақмола облысына қарасты болғанмен, оның тыныс-тіршілігі бас қаламен де тығыз байланысты.

Қосшы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіш бойынша да облыста үздіктер қатарынан орын алған. 2023 жылдың жартыжылдығының қорытындысы бойынша өнеркәсіп өнімінің көлемі 3,8 млрд теңгені құрап, негізгі капиталға 26 млрд теңге инвестиция тартылған, бөлек сауда айналымы 3,6 млрд теңгеге жеткен, құрылыс жұмыстарының көлемі 10 млрд теңгеден асқан, 42 мың шаршы метр баспана қолданысқа берілген. Халықтың кәсіпкерлікпен айналысуына жақсы жағдай жасалған. Шаһарда 3070 шағын және орта бизнес субъектілері жұмыс істейді. Ауылдан енді ғана қалаға айналған өңірдің мұндай нәтижеге қол жеткізуін, әрине, оның Астанаға жақын орналасу екені анық.

Қала мәртебесін алудан бұрын Қосшы ауылының мәселелері де аз болған жоқ. Жол, ауыз су, жылу, әлеуметтік жағдай бойынша жергілікті тұрғындар жиі шағымданып, бас қаладағы бұқаралық ақпарат құралдарын да емес-емес негізгі тақырыбы болды. Мектеп, емхана мәселесі де өзекті түйін ретінде жиі айтылатын еді. Ауылға қала мәртебесі берілгеннен кейін, осы мәселелердің қысқа ғана уақыт ішінде оң шешім тапқаны куантанды. Қала әкімі Гайдар Қабдоллаұлының айтуынша, қала мәртебесін алғаннан кейін Қосшыда жұмыс, негізінен, мектеп, ауыз су, жол, қоқыс, құрылыс сынды 5 бағыт бойынша өрбіген.

– 2021 жылы қалада 3 мектеп болды. Тұрғындар санының жедел өсуіне байланысты мектеп тапшылығы туындап, балаларды үш ауысыммен оқытуға тура келді. Бұл мәселені шешу үшін 2022 жылы 1200 орындық бір мектептің, 2023 жылы тағы екі мектептің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Жаңа мектептердің ашылуы шамадан тыс жүктемені азайтып, үш ауысымдық оқу жүйесі толығымен шешті. Келесі жылы Абай көшесінде 1200 орындық тағы бір мектептің құрылысы аяқталады. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2024–2025 жылдары 4700 орындық 3 мектеп салу жоспарланған, – дейді қала әкімі.



Қосшы қаласына 290 шақырым қашықта жатқан облыс орталығынан гөрі іргесі тиіп тұрған Астана жақын. Халық саны 54 мыңнан асады

ТӨҢІРЕГІ ӨРКЕНДЕСЕ, АСТАНА ДА АЖАРЛАНАДЫ

Астана қаласының төңірегін қоршай орналасқан он шақты елді мекен (ауыл, аудан, қала) бар. Солардың арасында қала мәртебесін алғанына бірнеше жыл ғана болған Қосшы қаласының іргесі тез кеңейіп, халық саны артып келеді. Бас қала іргесіндегі өңірлердің дамуы елорданың сан-салалы шаруашылығының өркендеуіне оң серпін береді. Өйткені өңірлер өркендемей, бас қаланың да басты мәселесі шешілмейді.



АЩЫ ТҮТІННЕН АРЫЛАМЫЗ ДЕСЕК...

Күн суытса елорданың аспанын қара түтін басып, қара мұржадан шыққан көк түтіннің қолқаны қабар ысы қала буып кетеді. Тіпті елорданың көк әйнекті жылтыраған зәулім ғимараттарын да ыс басып қалады. Соңғы мәліметтерге сүйенсек, атмосфераның ластану индексі 4,78 бірлікті құрайтын Астана еліміздегі ауасы ластанған қалалар қатарына қосылған. Сосын да қаланы көк түтіннен құтқарып, экология ахуалын жақсарту үшін бас қаланы газдандыру жұмысы соңғы жылдары айрықша қарқын алды. Алайда Астана төңірегіндегі елді мекендердің көмір жағу мәселесі шешілмесе, бас қаланың түтіннен арылуы қиын. Демек, қазір Астана маңындағы ауыл, қалаларды газдандыру ісі де бас қаланың болашағымен тікелей қатысты болып отыр. Бұл ретте Қосшы, Қоянды, Қызылсуат, Жібек жолы сынды өңірлерді газдандыру мәселесі ең алдымен ескерілуі керек болатын. Қала әкімінің айтуынша, Қосшы қаласы бұл мәселені күн тәртібіне жүзеге асыруға кірісіп те кеткен.

– Қаланы газбен жабдықтаудың техникалық шартын биыл 23 мамырда Астана қаласынан алдық. Газ желісіне қосылу нүктесін белгіледік, газдың көлемі сағатына 32,8 мың текше метрді құрайды. Қазіргі уақытта газ құбырын жобалау жұмысы аяқталып, мемлекеттік сараптамадағы ескертулер түзетілуде, – дейді әкім.

Демек, Қосшы халқы да көмір жаққаннан құтылып, көгілдір отынның игілігін көретін күн алыс емес. Бұл өз кезегінде елорданың оңтүстігінен келетін көк түтінді де көрнекті түрде азайтады.

Астана төңірегіндегі елді мекендердің қоқыс мәселесі де түйіктілікті түйіннің бірі еді. Өйткені бұл өңірлерде қоқысты өңдейтін орындар болмағандықтан далаға төгілетін де, қатты жел соқса ұшып, қаланың ортасын ластайтын. Осы мәселеге байланысты бірнеше жыл бұрын елорда маңындағы ауыл, аудандардың жиналған қоқысын Астанадағы қоқыс өңдеу орнына жеткізу мәселесі көтерілген болатын. Осы түйінге тоқталғанда әкім «2021 жылға дейін Қосшы қаласы бойынша қоқыс шығару нормативтері болмады. Тұрмыстық қалдықтар

Тайтөбе ауылының маңындағы рұқсат етілмеген жерге үйілген. Былтыр бұл полигон жойылып, қоқыс шығарудың тарифі мен нормативі бекітілді. Қазіргі қатты тұрмыстық қалдықтар Астана қаласының полигонына шығарылады. Конкурс арқылы қоқысты шығару бойынша қызмет көрсететін мердігер ұйым анықталып, шарт жасалды. 2021 жылы қала бойынша 178 контейнер болды, қазір олардың саны 500-ге жетті» деді. Қысқасы, астанамыздың экология ортасына жағымсыз әсерін тигізетін екі мәселе де Қосшы қаласында оңтайлы шешілген.

ҚОСШЫНЫҢ ДА МҮМКІНДІГІ МОЛ

Арқа төсінен астана салып, оны азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін азық-түлік белдеуін құрғанымызбен, әлі күнге дейін елорда төңірегіндегі елді мекендерді тиімді пайдалана алмай келеміз. 2019 жылы жасалған «Нұр-Сұлтан (қазіргі Астана) қаласына іргелес елді мекендерді әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023 жылға дейінгі кешенді жоспары» аясында қандай жұмыс атқарылғаны да бізге беймәлім. Президенттің ауылдарды дамытуға бөлген 1 триллион теңгесі бұл елді мекендерге жете ме, жетпей ме, оны да қазір дөп басып айту қиын.

Демек, Үкімет пен министрліктер Астананы қамтамасыз ететін азық-түлік белдеуін құру ісінде әлі де құр уәде, бос сөзден аса алмай келеді.

Астана төңірегінде көкөніс өсіруге, жылыжай салуға ыңғайлы жер көп. Бірақ Астана сол мүмкіндікті толық пайдалана алмайды. Жазғытұрым көміп тастап, күзде қазып, дағар-дағар өнім алуға болатын картоптың өзін жан-жақтан, көршілес облыстардан тасимыз. Керек десеңіз, 1,5 миллионға жуық халық тұратын бас қаланың іргесінде ірі мал базары да жоқ. Бұл қала төңірегіндегі шаруалардың малын сатуына қолайсыздық туғызып қана қоймай, ет, сүт өнімдері бағасының күнде құбылып, ұдайы көтерілуіне де мұрындық болып отыр.

Қосшы қаласынан алынған мәліметке сүйенсек, аталған қалаға қарасты 200 гектардан артық егіс алқабы бар. Қазіргі таңда мұның 150 гектарына көкөніс егіледі. 2010 жылдан бастап көлем алып, қазіргі таңда егіс көлемі қайтадан азая бастаған бұл аумақта картоп, сәбіз, қызанақ, қырыққабат, асқөк, қияр, баклажан, бұрыш сияқты көкөністің түр-түрі өседі. Соңғы жылдары Қосшы шаруалары Арқа төсіне қарбыз егіп, одан да мол өнім алып жүр.

Мұрат Оңғарұлы 10 гектар жерге көкөніс егеді. Оның Қосшының құнарлы топырағына қызанақ, қияр, қырыққабат, орамжапырақ, бұрыш сияқты он шақты түрлі көкөністің бірнеше сұрпын өсіріп, нарыққа шығарғанына 10 жылдан асыпты.

– 2013 жылы 2 гектар жерге

сәбіз, картоп егуді бастағанмын. Қазір 10 гектар жерге көкөніс егіп отырмын. Өзіме тиесілі жер болса, 30-40 гектар жерді игеруге мүмкіндігім бар. Біз көкөніс егіп жүрген жерлер бұрын егіншілікке арналған жерлер болғанмен, қазір тұрғын үй салатын аумаққа ауысып кеткен. Бірнеше жылдан кейін бұл жерлерге де зар болатын сияқтымыз. Қатар-қатар салынған үйлер таяп келеді. Бастапқыда «Астананы көкөніспен қамтамасыз етуге өз үлесімізді қосамыз десек, Үкімет жағынан қолдау бола ма?» деп облысқа дейін барып көрдік. Бірақ одан еш қайыр болмаған соң жерді жалға алып, көкөніс егуді бастадық. Табысымыз жаман емес. Жылына тек Астананың өзіне жүздеген тонна көкөніс сатып отырмыз. Яғни өнімдердің 80 пайызы елордаға жөнелтіледі. Биылдың өзінде бір өзім Астанаға 100 тонна сәбіз, 300 тонна картоп, 200 тонна қызанақ жеткіздім. Бағамыз да нарықтан 50 теңгеге арзан. Демек, Қосшы диқандары елорданы көкөніспен қамтамасыз ету ісіне үлкен үлес қосып жатыр. Жерді жалға алып, суды жоғары бағамен сатып алып отырмыз. Егер өзіміздің жеріміз болса, Үкіметтің түрлі қолдау саясатынан игілік көрсек, елордадағы көкөніс бағасын 100 теңгеге дейін арзандатуға мүмкіндігі бар. 10 гектар жерге жылына 3 миллион теңге ақы төлеймін, – дейді ол.

Қосшы төңірегінде көкөніс өсіретіндердің дені – Өзбекстаннан келген ағайындар. Сол елде туып-өсіп, бау-бақша шаруашылығының қыр-сырын әбден меңгерген олар атажұртқа оралғаннан кейін де көкөніс өсірумен айналысуда. Бірақ өздерінде жер болмаған соң, Үкіметтен қосымша қаражат ала алмайды. Бір жағынан олар мұндай қолдауға зәру де емес секілді.

«Бізге керегі – жер. Жер болса, судың, жанармайдың қымбатшылығы мәселе емес. Егер көкөніс егетін жер бөліп берсе, сол алқаптың жиегіне ағаш егіп, бірнеше жылда орманға айналдырып жіберер едік. Астана да алыстан көкөніс тасымал еді» дейді олар.

Астана төңірегінде көкөніс ету жұмысы 15 сәуірде басталып, өнім жинау қарашаның басына дейін созылады. Яғни 6 ай уақыт ішінде ұтымды тәсіл қолданып, ерінбей еңбек етпесен, табыс таппақ түгіл, тақырға отыруың әбден мүмкін. Арқаның құбымалы ауа райы мен қатты бораны, кездейсоқ жауатын бұршағы да өсіп тұрған көкөніс пен дақылды бір-ақ сағатта тып-типыл қылатын кездері болады.

– Бізге жұмысшы табу да үлкен мәселе. Қазір осы төңіректе көкөніс егумен айналысатын 30-40 адам бар. Олардың әрқайсысы 20-25 адамды жұмыспен қамтып отыр. Беретін жалақысы – 200 мыңның үстіңде. Ал ақшасын күнделікті алатындарға 8000 теңге төлейміз, оның сыртында күнделікті жейтін көкөнісі қоса беріледі. Бірақ соның өзінде жұмысшы тапшы, содан амалсыз Өзбекстаннан келген азаматтарды істетеміз, – деді Жеңіс Дарханұлы.

Жұмысшылардың айтуынша, Қосшының жері құнарлы әрі өсімдікке дерт-дербез жолатпайтын қасиетке ие. Оның үстіне, шаруалар егіс алқаптарын суаруда су үнемдейтін осы заманғы ең озық әдіс – тамырдан тамшылатып суару тәсілін қолданады. Бұл да түсім көп, шығын аз болудағы бір үлкен себеп.

Қысқасы, Астананы дамытудың болашақ жоспарын жасауда қала төңірегіндегі өңірлердің жағдайын да назардан тыс қалдырмаған дұрыс. Өйткені бұл өңірлер жер шекарасы жағынан астанадан бөлек болғанмен, ондағы тұрып жатқан халықтың басым бөлігінің өндірісі, тұрмысы Астанамен жалғасып жатыр.



Таңатар
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ**ЗАРДАП ШЕГУШІЛЕР
АЗ ЕМЕС**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеханың айтуынша, жыл басынан бері интернет-алаяқтар келтіріп отырған залал 12 млрд теңгеге жақындайды. Әрі олар халықты алдаудың жолдарын түрлендіріп отырады. Мәселен, дәл қазірге дейін жемтігін торға түсірудің төрт тәсілін қолданып келіпті. Соның салдарынан 14 мыңға тарта азамат зардап шеккен. Күні бүгінге дейін 14 848 интернет-алаяқтық ресми түрде тіркеліп отыр. Ал олардың зардап шегуші шағымданбай, ескерусіз қалып жатқаны қаншама? Айталық, ауыл адамдарының көбі уақытының жоқтығынан, жүріп, арыз-шағым жазу машақатынан қашып, алаяқтарға алданғандарын өздерінен көріп, «олардың жазасын бір құдай берсін» деп полицияға хабарласпайтын көрінеді. Сөйте тұра, тіркелген сан да аз емес. 2023 жылдың он бір айында 10 730 қала, 4118 ауыл тұрғыны алаяқтардың құрбаны болған. Бұлар – қаржы саласының мамандары, мемлекеттік қызметкерлер мен зейнеткерлер, жеке кәсіпкерлер және басқа адамдар.

Бұл бағытта полиция пәрменді жұмыс жүргізіп жатыр. Соның нәтижесінде 521 интернет-алаяқ қолға түсіп, олардың 3 мыңға тарта осы тектес қылмысқа қатыстылығы анықталды. Ал зардап шегушілерге 560 млн теңге көлемінде ақшасы қайтарылды.

Ең қиыны, шет елде отырып, қарапайым адамдарды алдайтын қаскөйлерді анықтап, оларды жазалау болып отыр. Жасыратыны жоқ, біздің азаматтардың көбі сенгіш, құқықтық жағынан сауаттары кемшіл. Сол себепті де арзан затқа, пайызы төмен несиеге бола арамниеттілер құрған торға топырлап түсіп жатады. Онлайн-кредит, қарыз ақша рәсімдегендер банкілердегі салымдары мен депозиттегі жинақтарынан айырылып қалып жатыр. Міне, осындай азаматтарға экономикалық қауіп тудыратын жайлардың жолын кесе алмай отырмыз. Осы тұрғыда 9 мың қылмыс тіркеліп, 7 млрд теңгеді шығын келіпті. Оның 5,8 млрд теңгесі кредит пен займ рәсімдеу арқылы қолды болған.

Жоғарыда атап өткендей, мұндай қылмыскерлерді ұстау оңай болмай тұр. Шетелде оларды арнайы дайындайды. 20 мен 45 жас аралығындағы ерлер мен әйелдерді іріктеп алып, оқытатын көрінеді. Олар – психолог, орыс тілін жақсы біледі. Әрі құқықтық жағынан сауатты, банк саласын бес саусағындай білетін, сөзге шешен, иненің көзінен өткендей жылпос болып келеді. Сондай-ақ олардың «Call-орталығы» ұстанымы бойынша әрекет ететін ұйымдасқан қылмыстық топтың мүшелері екені де белгілі. Көбіне алыс, жақын шетелдермен тығыз байланыс ұстап отырады. Өздерінің «келіссөз жүргізуші», «хакерлер», «IT-маман» деп нақты бөлініп қойған қызметтері де бар. Осылай олар талай қарапайым адамдарды сан соқтырып, көптеген зейнеткердің обалына қалып жүр.

ӘРЕКЕТКЕ – БЕРЕКЕТ

Интернет-алаяқтар кейінгі кезде өздерінің арасында кеңінен тараған төрт тәсілді қолданып жүр. Олардың біріншісі – онлайн-хабарландыру беріп, нарықтан анағұрлым арзан бағаға өз қызметтерін ұсынуы. Екіншісі – азаматтарға банк, полиция қызметкері болып телефон шалып, түрлі жағдайдан сақтандырған кейіп танытуы. Одан кейінгі бір тәсілі – түрлі инвестициялық жобаларға ақша салу тиімділігін насихаттап, сенімге кіруі. Ал төртінші тәсілі – түрлі компаниялар мен ұйымдардың атынан жалған сайттар ашып, сол арқылы азаматтардың жеке-дербес, құпия ақпараттарына қол жеткізуі.

Траншекара сыртындағы қылмысты тергеп, оның жолын кесу қиындығы оның шетелде алыста болғандығына ғана емес, пайдаланылатын хакерлік бағдарламаларының болмысын түсініп, кілтін



АЛУАН-АЛУАН АЛДАУ БАР..

Астана қаласының тұрғыны Жұмағазы Кенжебеков интернет-алаяқтар туралы әрбір ескертулер мен сақтандыруларға үнемі құлақ түріп жүреді. Жасы зейнет жасына жетіп, құрметті еңбек демалысына шықса да қоғамдық көлікті көп пайдаланады. Мектепке, балабақшаға немерелерін алып барып, алып келу – осы кісінің мойнында. Сондықтан ол қазір шаһар ішіндегі автобустардағы интернет-алаяқтар туралы хабарламалардың жиі берілетінін естіп, құп көріп, риза болады. «Бұл өте дұрыс. Бұған дейін мұндай ескертулер мен халықты сақтандыру кемшін болғандықтан ба, өзіміз де, жақын-жуықтарымыз да алаяқтар құрған қақпанға түсіп қалып жатқанымыз жасырын емес. Енді мұндай ақпараттандырудан кейін көпшілік құлағдар болып, сақтанатын болады» дейді ол.

табуда жатады. Алайда осындай қолбайлаулар мен күрделі жайларға қарамастан, еліміздің құқық қорғаушылары бұл салада да белгілі бір дәрежеде тәжірибе жинай бастады. Соның нәтижесінде қазір алғашқы жетістіктер де жемісін беруде. Осы жылдың басындағы ҚР ІІМ қызметкерлері жүргізген жан-жақты іс-шаралар барысында Украина аумағында орналасқан алаяқтардың ірі «Call-орталығы» талқандалды. Тергеу барысында анықталғанындай, бұлардың қызметі тек бірыңғай қазақстандық азаматтарға қатысты жүріп отырған. Украиндық құқық қорғау органдарымен бірлескен жұмыс нәтижесінде орталықтың тұрған орны анықталып, 40-тан астам күдікті қолға түсті. Олардан ірі көлемде компьютер мен басқа да арнаулы техника тәркіленді. Елге әкелгеннен кейін оларды сарапшылар мен мамандар бұғаттаудан шығарып, алданған қазақстандықтар туралы көптеген мәліметтерге қол жеткізді.

Игорь Лепеханың мәліметінше, арам жолмен алынған ақшаны сыртқа шығару үшін алаяқтар қазақстандық бір азаматты қылмыстық жолға тартып, өздері үнемі «көлеңкеде» қалып отыратын көрінеді. Мәселен, Telegram-арнасы арқылы «дроптар»

деп аталатын адамдарды тауып, оларға бірнеше банктен есепшот ашқызып, түскен ақшаның 10 пайызын өзінде қалдырып, қалғанын алаяқтар өзі нұсқаған электронды немесе банкілік шотқа аудартып келген. Одан әрі криптовалютаға айналып, ізін жоғалтып отырған. Жүйелі жүргізілген жұмыстардың арқасында еліміздің құқық қорғаушылары осындай құйтырқылықтың да бүге-шігесін анықтап, бірнеше алаяқтық ұйымның жолын кесті. Әрекетке – берекет деген осы болса керек.

**САЛҒЫРТТЫҚҚА
САЛЫНБАҒЫЗ...**

Елорда тұрғыны Айша Әмірова аяқ астынан алаяқтарға алданғанын тіпті білген де жоқ. Түс әулетінде бір ірі супермаркетте сауда жасап жүргенде ұялы телефонына қоңырау соғылады. Орыс тілінде сөйлеген ер адамның дауысы: «Сіз таяуда бізден ірі көлемде тауарлар алыпсыз. Аты-жөніңіз Айша Әмірова, банкілік картаныңдан төлеген ақша орталықтан өтпей жатыр. Соңғы төрт саны мен келесі жағындағы үш санды айтып жібересіз бе?» дейді. Осы кезде екінші әйел адамның дауысы қосылып, асқан

ілітиптен кешірім сұрап, өзінің осы дүкеннің меңгерушісі екенін айтады.

Айшаның жақында ғана супермаркеттен үй тұрмысына тұтынатын заттар алғаны рас еді. Ойында ештеңе жоқ, телефонның арғы жағындағы адамдардың сұраған сандарының барлығын да жіпке тізгендей айтып береді. Алғысын жаудырып, қайта-қайта кешірім өтініп, олар қалады. Керекті тауарын алып, бұл да үйіне кетеді. Келесі күні Айшаның карточкасынан ақшалары жоғала бастайды. Алғашында мән бермей, екі-үш күн жүреді. Сөйтіп, сенбі, жексенбіні де той-домалақпен шығарып салып, банкке барса, карточкасына түскен бір айлық еңбекақысы түгелінен жоқ болып шығады. Полицияға шағым түсіреді. Аса назар аудармай жүргенде алғашқы супермаркеттегі телефон қоңырауынан бері де арада бір апта уақыт өтіп кетіпті. Осы мерзімде алаяқтар оның атына шағын кредит рәсімдеп, бүкіл ақшасын шетел асырып үлгерген екен.

Міне, осындай полицияға кеш шағым түсірудің салдарынан көптеген қылмысты дер кезінде ашуға қауқарсыз болып отырмыз, – дейді Астана қаласы Полиция департаменті Есіл аудандық басқармасы криминалдық бөлімінің өклетті қызметкері Нұрсұлтан Ережеев.

– Неге екені белгісіз, азаматтар алаяқтарға алданғанын біле тұрып, сол сәтте полицияға телефон шалуға асықпайды. Есепшоттарын сол бойда бұғаттап тастауға жедел әрекет жасаудың орнына үш-төрт күн ойланып жүріп алады. Қазір кез келген қоғамдық көлікте де, бұқаралық ақпарат құралдарында да интернет-алаяқтардан сақтану жөнінде, олардың айла-тәсілдері туралы ақпараттар үздіксіз беріліп жатыр. Бұған қоса, құқық қорғау органы қызметкерлері де халықтың арасында пәрменді үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп келеді. Алайда көптеген азаматтардың қырағылық пен сақтық шараларын қатаң сақтамауынан олардың алаяқтардың тұзағына түсіп қалуы азаймай отыр.

Сондықтан сіз интернет-алаяққа алданғаныңызды білсеңіз, бірден «102» телефонын теріңіз. Сондай-ақ терминалмен төлеген чектеріңіз, әлеуметтік желіде, мессенджерлер арқылы сөйлескен диалогтарыңыз болса, оларды да сақтап қою қажет. Бұл мәліметтер кейін құқық қорғау органының алаяқты табуына көмектесері сөзсіз.

ТЕЛЕФОНЫН АЛЫП ҚАШТЫ

Елордалық полицейлер жедел қоңырауды сылтау етіп, қала тұрғынының ұялы телефонын алып қашып кеткен ер адамды ұстады. Жәбірленуші полицияға хабарласқан.



Конституция көшесіндегі аулалардың бірінде тұрған қала тұрғынына белгісіз азамат келіп, қоңырау шалу үшін телефонын бере тұруын өтінген. Ол телефонмен сөйлескен кейіп танытып бір минуттай тұрып, кейін қаша жөнелген.

Тәртіп сақшылары аталмыш факт бойынша Ресей Федерациясының тумасын анықтады.

Бұл адамға қатысты алаяқтық фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. Қырық екі жасар азаматтың тағы да елордада жасалған қылмысқа қатысы бар екені анықталды.

Елордалық полицейлер соңғы кездері алаяқтық фактілерінің жиілеп кеткенін атап өтті. Тәртіп сақшылары тұрғындарға қырағы болу керектігін ескертеді.

ЖАЛҒАН БИЛЕТТЕР САТҚАН

Қазіргі уақытта Алматы ауданының полиция бөліміне жалған билеттер сатып алып, алданып қалған 8 азамат жүгінген.



Жедел-ізвестіру іс-шаралары барысында қызметкерлер Ақтөбе облысының 23 жастағы тұрғынының алдауға қатысы барын анықтады. Жас жігіт OLX хабарландыру қызметін пайдаланып, әйгілі әншінің концертіне билеттер сатқан.

Билеттердің құны 10 мың мен 45 мың теңгеге дейін болған.

Сатып алушылар төлемдерді банктің мобильді қосымшасы арқылы жіберген. Сатушы билетті ватцапқа жіберуге уәде берген. Алайда алданған азаматтар ақыры билеттерін алмағанын айтып, полицияға хабарласқан.

Қазіргі уақытта ҚР ҚК 190-бабының 2-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде.

Полицейлер елорда аумағында жасалған алаяқтықтың осыған ұқсас фактілеріне қатысы бар-жоғын тексеруде.

ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТАР ТӨРТ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНЫП ЖҮР:

- 1** ОНЛАЙН-ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРІП, НАРЫҚТАН АНАҒҰРЛЫМ АРЗАН БАҒАҒА ӨЗ ҚЫЗМЕТТЕРІН ҰСЫНУЫ.
- 2** АЗАМАТТАРҒА БАНК, ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРІ БОЛЫП ТЕЛЕФОН ШАЛЫП, ТҮРЛІ ЖАҒДАЙДАН САҚТАНДЫРҒАН КЕЙІП ТАНЫТУЫ.
- 3** ТҮРЛІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРҒА АҚША САЛУ ТИІМДІЛІГІН НАСИХАТТАП, СЕНІМГЕ КІРУІ.
- 4** ТҮРЛІ КОМПАНИЯЛАР МЕН ҰЙЫМДАРДЫҢ АТЫНАН ЖАЛҒАН САЙТТАР АШЫП, СОЛ АРҚЫЛЫ АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕКЕ-ДЕРБЕС, ҚҰПИЯ АҚПАРАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУІ.



12 МЛРД ТЕҢГЕ
ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ
ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТАР
КЕЛТІРГЕН ЗАЛАЛ

СОНЫҢ САЛДАРЫНАН
14 000-ҒА
ТАРТА АЗАМАТ
ЗАРДАП ШЕККЕН

ЖІБЕКТІ КӨРЕ АЛМАДЫҚ-АУ...

НЕМЕСЕ БІР ҚОЙЫЛЫМНАН КЕЙІНГІ ОЙ

Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры қойған «Қыз Жібек» атты драмалық опера туралы театр таратқан аңдатпада: «1934 жылы қазақтың тұңғыш операсы «Қыз Жібек» драмалық опера түрінде сахналанды. Ғасырға жуық уақыттан кейін ұлтымыздың інжу-маржаны «Қыз Жібек» операсын көрермен назарына драмалық опера жанрында қайта ұсынбақпыз. Жаңаны тудырғың келсе, өткенге қайта орал. Бәрі басталған нүктеге...» делінген. Сөз жоқ, қуана-қуана қолдауға лайық тірлік. Сонымен бірге, жаңалық атаулының тағдыры күрделі, ой мен ақылды, қайрат пен батылдықты сынға салатыны тағы бар. Қоғамдағы, ең бастысы, адам басындағы жаһандану психологиясы, шамасы, сахналық нұсқа авторлары Мираc Әбіл мен Ләззат Алпысбаеваны, қоюшы режиссер Әлібек Өмірбекұлын, театрдың тұтас ұжымын батыл ізденіске жетелесе керек.

Шымылдық ысырылды. 1925 жылы аспирант кезінде жазып, 1927 жылы алғаш жарық көрген, іле шала кеңестік идеологияға зиянды еңбек ретінде түгелдей «тұтқындалған» «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде М.Әуезов: «Қыз Жібек әңгімесінің негізі ескі замандағы ел әдебиетінің ертегі сияқты әңгімесінен алынған. Бері келгенде, өлең өлшеуіне салып, суретті әңгімеге айналдырып, поэма қылып шығарған Жүсіпбек қожа. Бұл күнде қолымызда ескі «Қыз Жібек» әңгімесі жоқ. Сондықтан алғашқы тұлғасы қандай еді, оған өңдеуші Жүсіпбек қанша жаңалық қосты, қанша өзгертті, ол туралы біз долбар жасай алмаймыз» депті. Жаңа қойылым авторлары да Ғ.Мүсірепов жазған нұсқа мен жаңағы Жүсіпбек қожа Шайхисламұлы қаттаған нұсқаны негізге алып. Демек, осы арада ой туады, ескі мен жаңаның үйлесімі келісті ме, халқымыздың інжу-маржанына қылау түскен жоқ па?

«Қыз Жібекті көре алмадым» деді үзілістің сауалнамаларда екі студент қыз. Әрине, олармен келісуге де болады, келіспеуге де болады. Жібек, сөз жоқ, қойылымда бар, ол әсіресе Е.Брусиловскийдің дәстүрлі музыкалық әуенмен сіңісіп кеткен сиқырлы сазы араласқан жерлерде тұла бойыңды шымырлатып жібереді. Ал операның драманы басып кеткен тұстарында көңілімізді өзімізге әлі де түсініксіз бір жайсыздау сезім билейді. Неге? Несі бар, басса баса берсін, бұл драмалық опера, бірін-бірі толықтырып тұр ғой дегіміз келеді. Жоқ, бұл музыкалық драма театры, сондықтан драманың екінші кезекке ысырылуы үлкен кемшілік дейді екінші бір ой. Оның үстіне операны балетсіз, бисіз көз алдымызға әкелу қиын. Ал аталған қойылымда би атымен жоқ, сонда операмыздың өзі өз табиғатымен драмаға жартылай келіп қосылған болып шықпай ма? Сұрағымға жауапты өнертану докторы, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры Б.Нұрпейістің 2023 жылғы 10 қарашада «Қазақ әдебиеті» газетінде шыққан «Ізденістер мен



ірікілістер» деген мақаласынан тапқандай болам. «Бірінші орында актерлердің вокалдық орындаушылығына мән беріліп, драмалық көңіл күй мәселесі екінші қатарға кетіп қалған» дейді театр маманы. Демек, вокалдық орындаушылықтың драмалық көңіл күйді басып кетуін театр маманы кемшілік ретінде сынап отыр. Театр ұжымы мұны білмеді ме? Меніңше, білді, мәселе басқада.

Жалпы, жоғарыда айтылғандай, 1934 жылы қазақтың тұңғыш операсы «Қыз Жібек» драмалық опера түрінде сахналанғаннан кейін сахнада тұрақтап, оқырманға қайыра ұсынылды ма? Тіпті, драмалық опера деген ұғымның өзі бізге белгілі ме? Болса, қазақ сахнасында оның қандай нұсқасы қойылды? Егер қойылмаса, Қ.Қуанышбаев атындағы театрдың бұл қойылымын жалпы республика сахнасын тың жанрмен түрлендірудің жемісі деп бағалаған жөн. Алайда операны ұнататын, драманы ұнататын көрермен жаңағы кемшілікті ізденістің «өттеген-айларына» қоса салмайды. Жібектің кезіп жүрген, сұлулық пен махаббатты қызғыштай қорғап, самғау биікке көтерген тотемдік бейнесін тіпті де төмендеткісі келмейді. Жаңағы студент қыздардың пікірі де осыған саяды. Жаңа нұсқадағы «Қыз Жібек» атты драмалық опе-

раның Ғ.Мүсірепов нұсқасын негізге алған «Қыз Жібек» операсы мен «Қыз Жібек» кинофильмінің биік деңгейінде қабылданбаған себебі драма мен операны ұштастыруды көздейтін сәтті шығармашылық ізденістің диттеген жеріне жете алмағанынан-ау деп ойлаймын.

Танымымыз бен санамызға әбден сіңісті болған классикалық музыканың қойылымды еркін билеп алуы заңды. Бірақ қойылымдағы драмалық көңіл күй, оқиға мен кейіпкерлердің драмалық желісі, шиеленісі бәсеңсісе, драмалық операның күретамыры, яғни драмалық табиғаты, сөз жоқ, сұрғылт тартады. Өйткені Б.Нұрпейіс айтқандай, «Қойылымда Бекежан мен Төлегеннің білек күшімен немесе өткір тілмен қызға таласатын сахнасының мүлдем жоқ болуы» сияқты алтын арқаудың босансуы, тіпті «мүлдем жоқ болуы» көрерменнің ыстық қанын суытып, газиз жүрегін, сөз жоқ, күйіндіреді.

Сондай-ақ сөз қолдану әдісін шығарма авторы шешетіні белгілі. Сонымен бірге сол қолданылған әдістің көрерменге немесе оқырманға әсерінің қандайлығын автор емес, көрермен мен оқырман ғана біледі. Бұл тұрғыда автордың көрермен мен оқырманға тәуелділігін жоққа шығаруға тіпті де болмайды. Қазір әдебиетімізде қазақтың мәйекті сөздерін, тіркестің астарлы, терең иірімдерін қол-

дануға, түсінуге қиын деген желеумен, тілді қарабайырлайтын салқын түсінік белең алып бара жатқан сияқты. Бұл, яғни әр сөздің сүзгіден өтіп, атылған оқтай түзілуі, әсіресе, драма үшін өте қажет. Әйтпесе, драма драма бола ма? Театр маманы Б.Нұрпейістің «Қаракөз» спектакліне қатысты елденушілігі де осыған меңзейді. Өкінішке қарай, мұндай қарабайырлық «Қыз Жібекке» де тән. Әсіресе, Жібектің Төлеген қайтыс болғанын естіген, іштегі сүйгеніне деген сағыншы жалыны жарқ етер, Бекежанға қарғыс сөзін арнаған күйзелісті сәттерін де осыған шақпайта шағылуға тиіс сөздер пенделік қана қайғыру, тағдырға мойынсұну сезімдеріне бой алдырып, көрерменді бойкүйезденген күйге түсіреді. Бұрынғы қойылымдарда Жібек ғашықтық дертпен жалын ата сөйлемейші ме еді? Міне, осы арада мынадай ой келеді. Жаңа қойылымның авторлары үлкен батылдықтың классикалық мәдени мұрамызға жаңа түр, жаңа мазмұн бергісі келді екен, ендіше негізге алғанмен, Жүсіпбек қожаның да, тіпті Ғабит Мүсіреповтің де беделі мен шығармашылық ұстанымы шеңберінде қалып қоймай, қайта олармен жақсы мағынада шығармашылық бәсекеге түсіп, жаңа ұрпақтың жаңа тынысын, жаңа танымын сахнаға шығарған жөн-ау деген ой келеді.

Режиссердің мизансцена мүмкіндігін пайдалануы құптауға тұрады. Жас авторлар параллелизм әдісімен екі Жібекті, екі Төлегенді сахнаға дұрыс шығарған. Және бұл әдіс ескі мен жаңаның түрленуіне мықтап қызмет ете алар еді. Алайда қойылымдағы екі Жібек те, екі Төлеген де ғашықтық күйзелісімен шырғаға толғанбайды. Ынтыққан үннен гөрі, қарапайым сезім үні басым. Ғашықтық деген – ерекше құбылыс. Ерекше құбылыс болғандықтан, ол жырға айналып, сол жырдан Ғ.Мүсірепов пен Е.Брусиловский классикалық дүниесіне тудырды. Жаңа кезең келді, сол жаңа кезеңнің жас толқыны сол ерекше құбылысқа жаңа көз, жаңа таныммен қарады. Авторлардың мақсаты да – осы жаңа танымды паш ету. Жоғарыда аталған екі студент қыздың «Жібекті көре алмадым» деуінде де осындай ынтықтық бар. Осы ынтықтық екінші Жібек пен екінші Төлегенді бүгінгі Жібек пен Төлегеннің үніне жетелейді. Мұны жүзеге асыру, әрине, оңай емес. Қойылымдағы кемшіліктің сыры да осында деп ойлаймын. Сахнадағы көрініс толып жатқан мизансценалар мен авансценалардан тұратыны, көріністің тартымдылығы режиссердің мұны шебер пайдалана білуіне байланысты екені белгілі. Режиссердің, міне, осы бағыттағы шеберлігі жетіспей жатқанға ұқсайды. Ә.Мәмбетов қойған «Ана-Жер Анадағы» мизансценадағы майдангер ұлымен сырласқан майдангер ұлымен сахнаға қатар шығып, соғыс сұмдығы туралы шырқыраған жан дауысы қандай әсерлі еді. Жаңа драмалық операдағы ғашықтық күйзеліс Ш.Айтматов суреттеген жан күйзелісінен тіпті де кем емес. Бірақ қатар тұрып алып, айтысқа түскендей диалогтардан екі Жібектің немесе екі Төлегеннің ғашықтық ынтықтығы мен ғашықтық дертін ыстық жүрекпен қабылдау қиын. Екінші Жібек немесе екінші Төлеген дәстүрлі ғашықтықтан қазіргі заманауи ғашықтықтың бір белгісін жылт еткізер деген үмітіміз де ақталмады. Авансценадағы жүгіртпе жол арқылы жыр мен қойылымның тұтастығын аңдатуға талпыныс та диттеген жеріне жете алмаған. Жүгіртпе жолдағы мәтіндер мазмұны кей жерлерде оқиға желісімен қабыспай да кетеді.

Драмалық опера жанрының, қойылым авторлары береділеген жанр ретінде, көңілден шықпауына тағы бір себеп мынада. Шындығында, Жүсіпбек қожа мен Ғабит Мүсіреповпен тілдесетін Мираc Әбіл мен Ләззат Алпысбаева сияқты Е.Брусиловскиймен де үнде-

сетін автордың болуы заңды сияқты көрінеді. Мұны жүзеге асыру мүмкін бе? Ойлантады. Қалай болғанда да, Е.Брусиловскийдің классикалық әуеніне Ғ.Мүсіреповтің классикалық сөз саптауы ауадай қажет. Әуен мен тіл шебер үндескенде ғана опера мен драма арасы жақындай түседі. Егер Ғ.Мүсіреповтің кестелі тілімен драмаға жан бітіретін ақ өлең мақамы жаңа қойылымда жаңа түрмен ғашық жүректерге жол тапса драманың тынысы ашыла түсер еді, драма мен опера бір-бірімен табиғи сіңісіп, бір құбылыспен кесек дүниеге айналар еді.

Театр маманы Бақыт Нұрпейістің: «Халқымыздың інжу-маржанына айналған санаулы ғана шығармаларымызға ойланып барғанымыз жөн» деуі салмақты, жауапкершілігі үлкен тұжырым. Маман шығармашылық ізденісті құптай отырып, классикалық дүниелерді қызғыштай қорғай келе, жас ұрпақты жаһандану заманындағы кейбір келеңсіз құбылыстарға бой алдырудан сақтандырады. Мысалы, Жібектің анасының қызын Базарбайдың ауылына келіп Сансызбайға қосудан немесе сал ауруына ұшыраған мүгедек Сансызбайдың Төлегенмен барабар, тіпті батырлығы жағынан Төлегеннен бірде-бір кем емес Бекежан сияқты кесек тұлғаны қылықтырып өлтірткізуден авторлар не ұтты. Мұндай немесе бұған ұқсас көрініс «Қыз Жібек» операсында да, «Қыз Жібек» фильмінде де жоқ. Аталған эпизодтарды авторлар қайдан алды, әлде өздерінің ойлап тапқандары ма?! Иә, осында бір ғасырдай бұрын жазған «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде жас Әуезов жырдың құндылығын ертегілеріне, араб, парсылардың ғашықтық әңгімелеріне еліктеп басталатынын айтады. Бірақ олар еліктеу емес, «Біреуі жеті ғашық Сейітмәлік, кітаптан ғашықтығын көрдім анық» деп айтатын Сейітмәлік әңгімесі Қыз Жібек әңгімесіне азырақ жұғын берген сияқты» дейді, «әңгіменің құрылысы, ұлғайып өсуі, барлық адамы, адамдардың мінезі, ісі, барлығы да түгелімен нағыз қазақтың» дейді. Нағыз қазақтың ұлттық құндылығын өңін өзгертіп, «жаңалауға» бола ма? Санамызда қалыптасқан Бекежан сияқты кесек тұлғаны аяқ астынан, кім болса о болсын, қос аяғы бірдей салбыраған мүгедек алдында сондай қауқарсыз, бейшара бейнеге айналдыруға қандай көзбен қарау керек? Нағыз Бекежанды қазаққа танытқан Асанәлі Әшімов ағадан бұл туралы пікір сұраудың өзі ыңғайсыз...

Сырым БАҚТЫГЕРЕЙҰЛЫ

ЮНЕСКО САХНАСЫНА ШЫҚТЫ

Халықаралық түркі мәдениеті ұйымының (ТҮРКСОЙ) 30 жылдығына орай ЮНЕСКО-ның Париждегі штаб-пәтерінде «Біз біргеміз!» атты гала-концерт өтті.

ЮНЕСКО сахнасында концертте Түркия, Қырғызстан, Түрікменстан, Өзбекстан өнерпаздарымен бірге қазақстандықтар өнер көрсетіп, «Қара жорға» биі мен Латиф Хамидидің «Бұлбұл» романсын қойды. Кеш бағдарламасында халық әндері мен билері, түркі елдерінің көрнекті композиторларының шығармалары, соның ішінде Құрманғазының «Балбырауын» күйі орындалды. Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының солисі Зарина Алтынбаева, «Сазген сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі және

«Қазына» би тобы еуропалықтарды өз өнерімен қуантты. Іс-шараға қатысушыларға арнаған құттықтау сөзінде ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев ұйымның 30 жыл бойына тамыры ортақ, тілі мен мәдениеті бір халықтар арасындағы «рухани алтын көпір» миссиясын орындап келе жатқанын жеткізді.


Өз кезегінде ЮНЕСКО бас директорының орынбасары Энтони Охаманг-Боама әсерлі кешті өткізуге ұйытқы болған ұйымдастырушыларға ризашылығын білдіріп, түркі тілдес халықтардың әлемдік мәдениетке қосқан үлесін іл-

герлетуде ТҮРКСОЙ-дың рөлін атады.

Халықаралық түркі мәдениеті ұйымы бауырлас халықтарды рухани жақындастыру жөніндегі өз миссиясын одан әрі дамытуға уәде берді, ал ЮНЕСКО-да ТҮРКСОЙ өзінің болашақ мәдени астаналарын, соның ішінде Ақтау қаласын таныстырды. Бұл қалада іс-шаралар 2025 жылы өтеді.

2023 жылы әнші Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойы аясында Париждегі ЮНЕСКО штаб-пәтерінде Қазақстан өнер шеберлерінің концерті өткен еді.

Айта кететіні, 1945 жылы 16 қарашада БҰҰ білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы ретінде ЮНЕСКО құрылды. Халықаралық ұйым құрамына әлемнің түкпір-түкпірінде орналасқан 67 бюро мен бөлімше кіреді.



ДҮЙСЕНБІ

25 ЖЕЛТОҚСАН

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 «Күй-керуен»
7:00 «TANSHOLPAN»
10:10 «Қилы күндер», Телехикая.
12:20 «Құдаша қыз», Телехикая.
13:10 «Құдаша қыз», Телехикая (жалғасы)
13:30 «ӨМІР КӨРКЕМ», Тікелей эфир
14:30 «Отандық brand»
14:45 «Ақорда»
15:15 «Апта», Сараптамалық бағдарлама.
16:05 «Bizben birge...»
17:00 «ASHYQ ALAŃ», Телехикая.
18:00 «ҚИЛЫ КҮНДЕР», Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ҚҰДАША ҚЫЗ», Телехикая.
21:25 «АЛДАНҒАН АРМАН», Телехикая.
22:25 «Күйеу бала 2», Телехикая.
23:20 «1001 ТҮН»,
0:20 «Көңіл толқыны»
1:05 «Ashyq alaŃ»,
2:35 «Сана»
3:40 «Өмір көркем»
4:30 Әнұран
4:35 «Bizben birge...»
5:15 «Отандық brand»
5:30 «Күй-керуен»



05:00 МЕЛОДРАМА. «АЛОХА»
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»
10:00 «МЕКТЕП»
10:30 МУЛЬТФИЛЬМ. «КОРОЛЬ-СЛОН»
11:35 МУЛЬТСЕРИАЛ. «БАРБОСКИНЫ»
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ШЕРЛІ ЖҮРЕК»
14:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ҚИМЫЛДАМА»
15:00 «АЙНАЛИНЕ»
16:00 «ИДЕАЛЬНАЯ ЖЕРТВА»
18:00 НОВОСТИ.
18:20 ТОК-ШОУ. ИТОГИ
19:00 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:20 ТОК-ШОУ. БІЗДІҢ МАҚСАТ
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ШЕРЛІ ЖҮРЕК»
21:45 ТЕЛЕХИКАЯ. «ҚИМЫЛДАМА»
22:30 «ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ»
23:30 «ИДЕАЛЬНАЯ ЖЕРТВА»

ASTANA TV

06:00 «Ене» үнді телехикаясы
06:20 «Қара шаңырақ» телехикаясы
07:20 «Маша и медведь» мультфильм
09:30 «Осман 3» түрік телехикаясы
11:00 «Кеш келген махаббат»
12:40 «Қаңтар: сынақ пен сабақ»
13:00 «Дастан» түрік телехикаясы
14:00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
15:00 «Өз үйім» телехикаясы
15:30 «Королева игры» телесериал
17:50 «Сиделка» телесериал
20:00 «Astanatimes»
21:00 «Осман 3» түрік телехикаясы
22:20 «Лакшми» үнді телехикаясы
00:00 «Дастан» түрік телехикаясы
00:50 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
01:40 «Көрү керек!»



6:00 «ТАМАША СІТУ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:55 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11:45 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
12:40 Документальный фильм
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «УСЛОВНЫЙ МЕНТ 3»
0:45 «КОНЕЦ НЕВИННОСТИ»
2:05 «KÖREMİZ» бағдарламасы
3:20 «П@УТИНА» бағдарламасы
4:05 «ЭММА» телехикаясы



07:05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
07:30 «ЖАН ЖЫЛҮБЫ», корей телехикаясы.
08:00 «ҚҰПИЯ ҚОБДИША»
11:00 «ПАРАД ЮМОРА»
13:40 «ПОСТОРОННЯЯ»
16:00 «РАЗНИЦА В ВОЗРАСТЕ»
17:10 «БОЛЬШАЯ НАДЕЖДА», мелодрама
19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 «ЗАПОЛЯРНЫЙ ВАЛЬС», мелодрама.
00:20 «СТРАЖНИК»
02:50 «ТВЕРСКАЯ», детективная драма
03:45 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»
04:30-05:00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР



06:00 Әзіл студия
07:00 «Күліп АЛ!»
08:00 «Чукур» түрік телехикаясы (повтор)
10:00 «Немного женаты» т/сериал
11:10 Time Vine
12:10 TikTok show
12:50 Мультсериал «Маша и медведь»
13:10 Анимационный фильм «Бука»
14:50 Анимационный фильм «Бука»
17:10 «Терминатор. Темные судьбы»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Чукур» түрік телехикаясы
23:00 «Такси»
01:00 КИНО. «Три брата»
03:50 Әзіл студия
04:10 1001 әзіл
04:20 BALA BATTLE
04:40 What's up?
05:00 Ризамын



06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/п «Тақиясыз періште»
07:30 Т/п «Айнаonline»
08:00 Т/п «Бастық боламын»
09:30 Т/п «Қызықты weekend»
10:30 Т/п «Battle сөз»
11:10 К/ф «Келинка тоже человек»
13:10 Шоу «Маска»
15:00 Т/п «Құзғын»
16:00 Әзіл Time
17:10 Т/п «Бұл өмірде»
17:40 Т/с «Испытание»
19:50 К/ф «Все пары делают это»
21:45 Т/с «Аппақ келін»
22:10 Т/п «Жеңіп көр»
23:00 Т/п «Айнаonline»
23:30 Т/п «Аяла мені»
00:20 Т/п «Бастық боламын»
01:10 Шоу «Маска»
02:40 Т/п «Келесі кім?»
03:10 Т/п «Январай»
04:00 Т/п «Жеңіп көр»
04:45 Т/п «Қуырдақ»



HTK

07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 «INSTA LIKE» (каз.)
08:00 Телехикая «Бақытсыздар бағы»
09:20 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
09:40 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
09:55 «КУНГ-ФУ ПАНДА: ЛАПКИ СУДЬБЫ»
10:20 Шоу «ТАКСИ»
10:45 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
12:00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
16:00 «ПРИКЛЮЧЕНИЯ РОККИ И БУЛВИНКИЯ»
18:00 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
19:00 Шоу «ТАКСИ»
19:30 «УЛОВКИ НОРБИТА» 21.30 «ВРЕМЯ ПСОВ» (боевик, Сэм Уортингтон, Олейя Раш)
23:40 «ГОРДЯЯ МЭРИ» (боевик, Тараджи Хенсон, Библи Браун)
01.30 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (каз.)
02.40 «Қызық Live» (каз.)
03.20 «INSTA TV» (каз.)
04.10-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

СЕЙСЕНБІ

26 ЖЕЛТОҚСАН

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
7:00 «TANSHOLPAN»
10:10 «Қилы күндер», Телехикая.
12:20 «Құдаша қыз», Телехикая.
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Құдаша қыз», Телехикая.
13:30 «ӨМІР КӨРКЕМ», Тікелей эфир
14:35 «Білімге апарар жол».
15:15 «Қызық екен...»
16:10 «Bizben birge...»
17:00 «ASHYQ ALAŃ»
18:00 «ҚИЛЫ КҮНДЕР», Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ҚҰДАША ҚЫЗ», Телехикая.
21:25 «АЛДАНҒАН АРМАН», Телехикая.
22:25 «Күйеу бала 2», Телехикая.
23:20 «1001 ТҮН»,
0:20 «Көңіл толқыны»
1:05 «Ashyq alaŃ»,
2:35 «Сана»
3:40 «Өмір көркем»
4:30 Әнұран
4:35 «Жәдігер»
4:55 «Bizben birge...»
5:35 «Ауылдастар»



05:00 «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН»
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»
10:00 «ШКОЛА»
10:30 «УЛЕТНЫЕ БУКАШКИ»
11:50 МУЛЬТСЕРИАЛ. «БАРБОСКИНЫ»
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ШЕРЛІ ЖҮРЕК»
14:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ҚИМЫЛДАМА»
15:00 «АЙНАЛИНЕ»
16:00 «ИДЕАЛЬНАЯ ЖЕРТВА»
18:00 НОВОСТИ.
18:20 ТОК-ШОУ. ИТОГИ
19:00 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:20 ТОК-ШОУ. БІЗДІҢ МАҚСАТ
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ШЕРЛІ ЖҮРЕК»
21:45 ТЕЛЕХИКАЯ. «ҚИМЫЛДАМА»
22:30 «ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ»
23:30 «ИДЕАЛЬНАЯ ЖЕРТВА»

ASTANA TV

06:00 «Ене» үнді телехикаясы
06:20 «Қара шаңырақ» телехикаясы
07:20 «Маша и медведь» мультфильм
09:30 «Осман 3» түрік телехикаясы
11:00 «Кеш келген махаббат»
13:00 «Дастан» түрік телехикаясы
14:00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
15:00 «Өз үйім» телехикаясы
15:30 «Королева игры» телесериал
17:50 «Сиделка» телесериал
20:00 «Astanatimes»
21:00 «Осман 3» түрік телехикаясы
22:20 «Лакшми» үнді телехикаясы
00:00 «Дастан» түрік телехикаясы
00:50 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
01:40 «Көрү керек!»



6:00 «ТАМАША СІТУ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
11:05 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
12:00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
13:00 «КОНЕЦ НЕВИННОСТИ»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «УСЛОВНЫЙ МЕНТ 3»
0:45 «КОНЕЦ НЕВИННОСТИ»
1:50 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:05 «KÖREMİZ» бағдарламасы
2:50 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:20 «П@УТИНА» бағдарламасы
4:05 «ЭММА» телехикаясы



07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07:30 «ЖАН ЖЫЛҮБЫ», корей телехикаясы.
08:00 «ҚҰПИЯ ҚОБДИША»
09:20 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
11:00 «БЫЛО ДЕЛО»
11:10 «СТРАЖНИК»
13:10 «ЗАПОЛЯРНЫЙ ВАЛЬС»
16:00 «РАЗНИЦА В ВОЗРАСТЕ»
17:10 «БОЛЬШАЯ НАДЕЖДА», мелодрама
19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 «ЗАПОЛЯРНЫЙ ВАЛЬС», мелодрама.
00:20 «СТРАЖНИК», криминальный детектив
03:50 «ИЗГОЙ», детективная драма
04:45 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
04.30-05.00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)



06:00 Әзіл студия
07:00 Информбюро (повтор)
08:00 «Чукур» түрік телехикаясы (повтор)
10:00 «Немного женаты» т/сериал
11:10 Time Vine
12:10 TikTok show
12:50 Анимационный фильм «Бука»
14:20 Анимационный фильм «Конь Юлий и большие скачки»
16:00 КИНО. Сами Насери в боевике «Такси» (повтор)
18:00 Сами Насери в боевике «Такси 2»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Чукур» түрік телехикаясы
23:00 КИНО. Том Харди в триллере «Общак»
01:20 КИНО. «О, Мариям, Мариям»
03:00 Әзіл студия
03:50 1001 әзіл
04:00 BALA BATTLE
04:30 What's up?
05:00 Ризамын



06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/п «Тек қана қыздар»
07:30 Т/п «Айнаonline»
08:00 Т/п «Бастық боламын»
09:00 Т/с «Испытание»
11:10 К/ф «Все пары делают это»
13:10 Шоу «Маска»
15:00 Т/п «Құзғын»
16:00 Әзіл Time
17:10 Т/п «Бұл өмірде»
17:40 Т/с «Испытание»
19:50 К/ф
21:45 Т/с «Аппақ келін»
22:10 Т/п «Құзғын»
23:00 Т/п «Айнаonline»
23:30 Т/п «Аяла мені»
00:20 Т/п «Бастық боламын»
01:10 Шоу «Маска»
02:40 Т/п «Келесі кім?»
03:10 Т/п «Январай»
04:00 Т/п «Жеңіп көр»
04:45 Т/п «Қуырдақ»



07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 «INSTA LIKE» (каз.)
08:00 Телехикая «Бақытсыздар бағы»
09:20 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
19:00 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
09:55 «КУНГ-ФУ ПАНДА: ЛАПКИ СУДЬБЫ» (мультсериал)
10:20 Шоу «ТАКСИ»
10:45 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
12:00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
16:00 «СИДНИ УАЙТ» (семейная комедия, Аманда Байнс, Сара Пакстон)
18:00 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
19:00 Шоу «ТАКСИ»
19:30 «ПОЛИЦЕЙСКАЯ ИСТОРИЯ: В ОСАДЕ» (боевик, Джеки Чан)
21:40 «ЗАТИШЬ» (фантастический триллер, Кара Ван, Джэй Дэй)
00:10 «НОЧЬ СТРАХА: ПРОТИВОСТОЯНИЕ» (триллер, Чип Лоренс, Эви Лейк)
02:00 Телехикая «Бақытсыздар бағы»
03:10 «Қызық Live» (каз.)
03:50 «INSTA TV» (каз.)
04:10-05:00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

СӘРСЕНБІ

27 ЖЕЛТОҚСАН

QAZAQSTAN

6:00 ӘНҰРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР»
7:00 «TANSHOLPAN»
10:10 «ҚИЛЫ КҮНДЕР», ТЕЛЕХИКАЯ.
12:20 «Құдаша қыз», ТЕЛЕХИКАЯ.
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Құдаша қыз», ТЕЛЕХИКАЯ
13:30 «ӨМІР КӨРКЕМ», ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
14:35 «ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ»
15:00 АҚПАРАТ
15:15 «ҚАЗАҚ ТАЗЫСЫ»
16:00 «BIZBEN BIRGE...»
17:00 «ASHYQ ALAŃ»
18:00 «ҚИЛЫ КҮНДЕР», ТЕЛЕХИКАЯ.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ҚҰДАША ҚЫЗ», ТЕЛЕХИКАЯ.
21:25 «АЛДАНҒАН АРМАН», ТЕЛЕХИКАЯ.
22:25 «КҮЙЕУ БАЛА 2», ТЕЛЕХИКАЯ.
23:20 «1001 ТҮН»,
0:20 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ»
1:15 «ASHYQ ALAŃ».
2:45 «САНА»
3:50 «ӨМІР КӨРКЕМ»
4:45 «BIZBEN BIRGE...»
5:25 «ҚАЗАҚ ТАЗЫСЫ», ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ



05:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН»
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»
10:00 «БІЗГЕ ХАБАРЛАСҚАН»
10:25 УЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ
11:25 МУЛЬТФИЛЬМ. «ДЕННИС ПЕН НЭШЕРДІҢ ХИКАЯЛАРЫ»
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ШЕРЛІ ЖҮРЕК»
14:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ҚИМЫЛДАМА»
15:00 «АЙНАЛИНЕ»
16:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ИДЕАЛЬНАЯ ЖЕРТВА»
18:00 НОВОСТИ.
18:20 ТОК-ШОУ. ИТОГИ
19:00 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:20 ТОК-ШОУ. БІЗДІҢ МАҚСАТ
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ШЕРЛІ ЖҮРЕК»
21:45 ТЕЛЕХИКАЯ. «ҚИМЫЛДАМА»
22:30 «ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ»
23:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ИДЕАЛЬНАЯ ЖЕРТВА»

ASTANA TV

06:00 «ЕНЕ» ҮНДІ ТЕЛЕХИКАЯСЫ
06:20 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
07:20 «МАША И МЕДВЕДЬ»
09:30 «ОСМАН 3» ТҮРІК ТЕЛЕХИКАЯСЫ
11:00 «КЕШ КЕЛГЕН МАХАББАТ»
13:00 «ДАСТАН» ТҮРІК ТЕЛЕХИКАЯСЫ
14:00 «ЕССИЗ МАХАББАТ»
15:00 «ӨЗ ҮЙІМ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
15:30 «КОРОЛЕВА ИГРЫ» ТЕЛЕСЕРИАЛ
17:50 «СИДЕЛКА» ТЕЛЕСЕРИАЛ
20:00 «ASTANATIMES»
21:00 «ОСМАН 3» ТҮРІК ТЕЛЕХИКАЯСЫ
22:20 «ЛАКШМИ» ҮНДІ ТЕЛЕХИКАЯСЫ
00:00 «ДАСТАН» ТҮРІК ТЕЛЕХИКАЯСЫ
00:50 «ЕССИЗ МАХАББАТ»
01:40 «КӨРҮ КЕРЕК!»



6:00 «ТАМАША СІТУ» БАҒДАРЛАМАСЫ
7:00 «П@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:10 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
11:05 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
12:00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
13:00 «КОНЕЦ НЕВИННОСТИ».
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMİZ» БАҒДАРЛАМАСЫ
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «АЗЛОЖНИЦА»
01:00 «КОНЕЦ НЕВИННОСТИ»
1:25 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
1:40 «KÖREMİZ» БАҒДАРЛАМАСЫ
2:25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:50 «П@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ
3:35 «ЭММА» ТЕЛЕХИКАЯСЫ



07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (ҚАЙТАЛУ)
07.30 «ЖАН ЖЫЛҮБЫ»
08.00 «ҚҰПИЯ ҚОБДИША»
09.20 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (ПОВТОР)
10.00 «БЫЛО ДЕЛО»
11.10 «СТРАЖНИК»
13.10 «ЗАПОЛЯРНЫЙ ВАЛЬС»
16.00 «РАЗНИЦА В ВОЗРАСТЕ»
17.10 «БОЛЬШАЯ НАДЕЖДА»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
19.30 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ТОК-ШОУ.
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «ЗАПОЛЯРНЫЙ ВАЛЬС»
00.20 «СТРАЖНИК»
03.00 «ИЗГОЙ», ДЕТЕКТИВНАЯ ДРАМА
03.45 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»
04.30-05.00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР



06:00 ӘЗІЛ СТУДИО
07:00 ИНФОРМБЮРО (ПОВТОР)
08:00 «ЧУКУР» ТҮРІК ТЕЛЕХИКАЯСЫ
10:00 «НЕМНОГО ЖЕНАТЫ» Т/СЕРИАЛ
11:10 TIME VINE
12:10 TIKTOK SHOW
12:20 «МАША И МЕДВЕДЬ»
12:20 АНИМАЦИОННЫЙ ФИЛЬМ
14:00 «ПУТЕВОДНАЯ ЗВЕЗДА»
16:00 «ТАКСИ 2» (ПОВТОР)
18:00 «ТАКСИ 3»
20:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
21:00 «ЧУКУР» ТҮРІК ТЕЛЕХИКАЯСЫ
23:00 «ДЫШИ ВО МГЛЕ»
01:00 КИНО. «ДУАГЕР»
02:40 WHAT'S UP?
03:00 ӘЗІЛ СТУДИО
03:50 1001 ӘЗІЛ
04:00 BALA BATTLE
04:30 WHAT'S UP?
05:00 РИЗАМЫН



06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/п «Тек қана қыздар»
07:30 Т/п «Айнаonline»
08:00 Т/п «Бастық боламын»
09:00 Т/с «Испытание»
11:10 К/ф «Любовь, свадьбы и прочие катастрофы»
13:10 Шоу «Маска»
14:00 Ток-шоу «Қыздар-ай»
15:00 Т/п «Құзғын»
16:00 Әзіл Time
17:10 Т/п «Бұл өмірде»
17:40 Т/с «Испытание»
19:50 К/ф «Жена online»
21:45 Т/с «Аппақ келін»
22:10 Т/п «Құзғын»
23:00 Т/п «Айнаonline»
00:20 Т/п «Бастық боламын»



06:00 «Ене» үнді телехикаясы
06:20 «Қара шаңырақ» телехикаясы
07:20 «Маша и медведь» мультфильм
09:30 «Осман 3» түрік телехикаясы
11:00 «Кеш келген махаббат»
13:00 «Дастан» түрік телехикаясы
14:00 «Ессіз махаббат»
15:00 «Өз үйім» телехикаясы
15:30 «Королева игры» телесериал
17:50 «Сиделка» телесериал
19:15 Розығрыш «Квартиромания»
20:00 «Astanatimes»
21:00 «Осман 3» түрік телехикаясы
22:20 «Лакшми» үнді телехикаясы
00:00 «Дастан» түрік телехикаясы
00:50 «Көрү керек!»

HTK

07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 «INSTA LIKE» (каз.)
08:00 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (каз.)
09:20 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
09:40 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
09:55 «КУНГ-ФУ ПАНДА: ЛАПКИ СУДЬБЫ»
10:20 Шоу «ТАКСИ»
10:45 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
12:00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
16:00 «ДЕЖУРНЫЙ ПАПА» (семейная комедия, Эдди Мёрфи, Стив Зан)
18:00 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
19:00 Шоу «ТАКСИ»
19:30 «КИЛЛЕР ПОНЕВОЛЕ» (криминальная комедия, Ромэн Дюрис, Мишель Блан)
21:30 «ЧРЕЗВЫЧАЙНАЯ СИТУАЦИЯ» (драматический триллер, Ли Бен-хон, Сон Кан-хо)
01.30 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (каз.)
02.40 «Қызық Live» (каз.)
03.20 «INSTA TV» (каз.)
04.10-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

БЕЙСЕНБІ

28 ЖЕЛТОҚСАН

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 АҚПАРАТ
7:00 «TANSHOLPAN»
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Қилы күндер», Телехикая.
12:20 «Құдаша қыз», Телехикая.
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Құдаша қыз», Телехикая (жалғасы)
13:30 «ӨМІР КӨРКЕМ», Тікелей эфир
14:35 «Дала дәмі»
15:00 АҚПАРАТ
15:15 «БІРБЕГЕЙ»
16:05 «Bizben birge...»
17:00 «ASHYQ ALAŃ»
18:00 «ҚИЛЫ КҮНДЕР», Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ҚҰДАША ҚЫЗ», Телехикая.
21:25 «АЛДАНҒАН АРМАН», Телехикая.
22:25 «Күйеу бала 2», Телехикая.
23:20 «1001 ТҮН», Қоғамдық бағдарлама.
Тікелей эфир
0:20 «Көңіл толқыны»
1:05 «Ashyq alaŃ»,
2:05 АҚПАРАТ
2:35 «Сана»
3:40 «Өмір көркем»
4:35 Әнұран
4:40 «Bizben birge...»
5:20 «Дала дәмі»
5:35 «Ауылдастар»



05:00 Телехикая. «Алпыстан асып барамын»
07:00 Тікелей эфирде «Оян!»
10:00 «В фокусе»
10:25 Мультсериал. «Барбоскины»
10:45 Мультсериал. «Гав-мя»
12:00 Телехикая. «Шерлі жүрек»
14:00 Телехикая. «Қимылдама»
15:00 «АйнаLine»
16:00 Телесериал. «Идеальная жертва»
18:00 Новости.
18:20 Ток-шоу. Итоги
19:00 Жаңалықтар
19:20 Ток-шоу. Біздің мақсат
20:00 Телехикая. «Шерлі жүрек»
21:45 Телехикая. «Қимылдама»
22:30 Телесериал. «Идеальная жертва»

ASTANA TV

06:00 «Ене» үнді телехикаясы
06:20 «Қара шаңырақ» телехикаясы
07:20 «Маша и медведь» мультфильм
09:30 «Осман 3» түрік телехикаясы
11:00 «Кеш келген махаббат»
13:00 «Дастан» түрік телехикаясы
14:00 «Ессіз махаббат»
15:00 «Өз үйім» телехикаясы
15:30 «Королева игры» телесериал
17:50 «Сиделка» телесериал
19:15 Розығрыш «Квартиромания»
20:00 «Astanatimes»
21:00 «Осман 3» түрік телехикаясы
22:20 «Лакшми» үнді телехикаясы
00:00 «Дастан» түрік телехикаясы
00:50 «Көрү керек!»

СУРЕТ СЫРЫ

ГАСТРОЛЬМЕН КЕЛДІ

Қарағандының Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театры гастрольдік сапармен Целиноградқа талай рет келіп, көрерменді сәтті спектакльдерімен сүйсіндірген еді.

Құрамында 60-қа тар

7

6:00 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
 7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
 8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
 9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
 10:10 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
 11:05 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
 12:00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
 13:00 «КОНЕЦ НЕВИННОСТИ»
 14:15 «ЖАҒАЛЫҚТАР»
 14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
 18:30 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»
 19:00 «KOREMIZ» бағдарламасы
 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
 20:35 «СОЛОМОНОВО РЕШЕНИЕ»
 0:15 «КОНЕЦ НЕВИННОСТИ»
 1:30 «ЖАҒАЛЫҚТАР»
 1:45 «KOREMIZ» бағдарламасы
 3:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
 3:45 «ЭММА» телехаикасы

КТК

07.05 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР (қайталау)
 07.30 «ЖАН ЖЫЛУЫ», корей телехаикасы.
 08.00 «ҚҰПИЯ ҚОБДИША»
 09.20 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
 10.00 «БЫЛО ДЕЛО»
 11.10 «СТРАЖНИК»
 13.10 «ЗАПОЛЯРНЫЙ ВАЛЬС»
 16.00 «РАЗНИЦА В ВОЗРАСТЕ»
 17.10 «БОЛЬШАЯ НАДЕЖДА», мелодрама
 19.30 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР
 20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.
 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
 21.40 «ЗАПОЛЯРНЫЙ ВАЛЬС»
 00.20 «СТРАЖНИК»
 03.00 «ИЗГОЙ», детективная драма
 03.45 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»
 04.30-05.00 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР

31

06:00 Әзіл студия
 07:00 Информбюро (повтор)
 08:00 «Чуккур» түрік телехаикасы (повтор)
 10:00 «Немного женаты» т/сериял
 11:10 TikTok show
 11:50 Мультсериял «Маша и медведь»
 12:00 «Путеводная звезда» (повтор)
 14:00 «Коати. Легенда джунглей»
 16:00 «Такси 3» (повтор)
 18:00 «Такси 4»
 20:00 Информбюро (рус/каз)
 21:00 «Чуккур» түрік телехаикасы
 23:00 «В западне»
 01:00 КИНО. «Зумрад және Кыммат»
 02:40 What's up?
 03:00 Әзіл студия
 03:50 1001 әзіл
 04:00 BALA BATTLE
 04:30 What's up?
 05:00 Ризамын

7

06:00 Т/п «Қуырдақ»
 07:00 Т/п «Тек қана қыздар»
 07:30 Т/п «Айнаолипе»
 08:00 Т/п «Бастық боламын»
 09:00 Т/п «Испытание»
 11:10 К/ф «Жена online»
 13:10 Шоу «Маска»
 15:00 Т/п «Құзын»
 16:00 Әзіл Time
 17:10 Т/п «Бұл өмірде»
 17:40 Т/п «Испытание»
 19:50 К/ф «С любовью, Роззи»
 21:45 Т/п «Аппак келін»
 22:10 Т/п «Құзын»
 23:00 Т/п «Аяла мені»
 00:20 Т/п «Бастық боламын»
 01:10 Шоу «Маска»
 02:40 Т/п «Келесі кім?»
 03:10 Т/п «Япырай»
 04:00 Т/п «Жеңіп көр»
 04:45 Т/п «Қуырдақ»

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
 07.15 «INSTA LIKE» (каз.)
 08.00 Телехаика «Бақытсыздар бағы»
 09.20 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
 09.40 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериял)
 09.55 «КУНГ-ФУ ПАНДА: ЛАПКИ СУДЬБЫ»
 10.20 Шоу «ТАКСИ»
 10.45 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
 12.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
 16.00 «ДЕЖУРНЫЙ ПАПА: ЛЕТНИЙ ЛАГЕРЬ»
 18.00 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
 19.00 Шоу «ТАКСИ»
 19.30 «ХАЛК»
 22.10 «ОДИНОКИЙ ВОЛК»
 01.00 «ВЕДЬМА»
 02.20 Телехаика «Бақытсыздар бағы»

31

03.30 «Қызық Live» (каз.)
 04.10 «INSTA TV» (каз.)
 04.30-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

ЖҰМА
29 ЖЕЛТОҚСАН
QAZAQSTAN

6:00 Әнуран
 6:05 «Жадігер»
 7:00 «TANSHOLPAN»
 10:10 «Қилы күндер», Телехаика.
 12:20 «Құдаша қыз», Телехаика.
 13:10 «Құдаша қыз», Телехаика (жалғасы)
 13:30 «ӨМІР КӨРКЕМ», Тікелей эфир
 14:40 «Дала дәмі»
 15:15 «MERGENDER MEKENI»
 16:10 «Bizben birge...»
 17:00 «Көңіл толқыны»
 18:00 «ҚИЛЫ КҮНДЕР», Телехаика.
 20:00 АҚПАРАТ
 20:30 «ҚҰДАША ҚЫЗ», Телехаика.
 21:25 «АЛДАНҒАН АРМАН», Телехаика.
 22:25 «Күйеу бала 2», Телехаика.
 0:00 «PARASAT MAIDANY»
 1:05 «Сана»
 2:15 «Өмір көркем»
 3:10 Әнуран
 3:15 «Bizben birge...»
 4:00 «Білімге апарар жол», Арнайы жоба.
 4:25 «Дала дәмі»
 4:40 «Жадігер»
 5:05 «Mergender mekeni». Финал. Астана.

7

06:00 Т/п «Қуырдақ»
 07:00 Т/п «Тек қана қыздар»
 07:30 Т/п «Айнаолипе»
 09:00 Т/п «Бастық боламын»
 11:10 К/ф «С любовью, Роззи»
 13:10 Шоу «Маска»
 15:00 Т/п «Құзын»
 16:00 Әзіл Time
 17:40 К/ф «Келінка тоже человек 2»
 19:30 К/с «Жена с того света»
 23:30 Т/п «Аяла мені»
 00:20 Jaidatman
 02:40 Т/п «Келесі кім?»
 03:10 Т/п «Япырай»
 04:00 Т/п «Жеңіп көр»
 04:45 Т/п «Қуырдақ»

ASTANA TV

05:00 «Аллыстан асып барамын»
 07:00 Тікелей эфирде «Оя!»
 10:00 «Мартелі өнер»
 12:00 Телехаика. «Шерлі жүрек»
 14:00 Телехаика. «Қимылдама»
 15:00 «Айнаолипе»
 16:00 Телесериал. «Идеальная жертва»
 18:00 Новости.
 18:20 Ток-шоу. Итоги
 19:20 Жаңалықтар
 19:20 Ток-шоу. Біздің мақсат
 20:00 Телехаика. «Шерлі жүрек»
 21:45 Телехаика. «Қимылдама»
 23:00 «Убийство в Восточном экспрессе»

ASTANA TV

06.00 «Ене» үнді телехаикасы
 06.20 «Қара шаңырақ» телехаикасы
 07.20 «Маша и медведь» мультфильм
 09.30 «Осман 3» түрік телехаикасы
 11.00 «Кеш келген махаббат»
 13.00 «Дастан» түрік телехаикасы
 14.00 «BAS Times»
 15.00 «Эксперимент»
 15.15 «Президент пармени»
 15.30 «Королева игры» телесериал
 17.50 «Сиделка» телесериал
 19.00 «Жап-жаңа жыл!»
 20.00 «Astana Times»
 21.00 «Осман 3» түрік телехаикасы
 22.20 «Лакшми» үнді телехаикасы
 00.00 «Дастан» түрік телехаикасы
 00.50 «Келінка тоже человек-2» к/ф

7

6:00 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
 7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
 8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
 9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
 10:10 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
 11:05 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
 12:00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
 13:00 «КОНЕЦ НЕВИННОСТИ»
 14:15 «ЖАҒАЛЫҚТАР»
 14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
 18:30 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»
 19:00 «KOREMIZ» бағдарламасы
 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
 20:30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE»
 20:55 «ПОЛЕ ЧУДЕС». НОВОГОДНИЙ ВЫПУСК
 22:05 Наши любимые комедии.
 2:10 «KOREMIZ» бағдарламасы
 3:20 «П@УТИНА» бағдарламасы
 4:05 «ТАМАША CITY» бағдарламасы

КТК

07.05 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР (қайталау)
 07.30 «ЖАН ЖЫЛУЫ», корей телехаикасы.
 08.00 «ҚҰПИЯ ҚОБДИША»
 09.20 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
 10.00 «БЫЛО ДЕЛО»
 11.10 «СТРАЖНИК»
 13.10 «ЗАПОЛЯРНЫЙ ВАЛЬС»
 16.00 «РАЗНИЦА В ВОЗРАСТЕ»
 17.10 «БОЛЬШАЯ НАДЕЖДА», мелодрама
 19.30 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР
 20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»
 21.00 «КОНЕЦ НЕВИННОСТИ»
 21.00 «КОНЕЦ НЕВИННОСТИ»
 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ

21.40 «ТРИ ЦВЕТА ЛЮБИ», мелодрама
 02.40 «ИЗГОЙ», детективная драма
 03.25 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
 03.50 «КТКweb» (қайталау)
 04.10 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР (қайталау)
 04.40-05.00 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»

31

06:00 Әзіл студия
 07:00 Информбюро (повтор)
 08:00 «Чуккур» түрік телехаикасы (повтор)
 10:00 «Немного женаты» т/сериял
 11:10 TikTok show
 11:30 Анимационный фильм «Секретная служба Санта-Клауса»
 15:40 КИНО. «Такси 4» (повтор)
 17:40 КИНО. Франк Гастамбид в боевике «Такси 5»
 20:00 Информбюро (рус/каз)
 21:00 «Чуккур» түрік телехаикасы
 23:00 КИНО. «Игра на выживание»
 01:00 КИНО. «Жуақар»
 02:10 «31 әзіл»
 02:40 What's up?
 03:00 Әзіл студия
 03:50 1001 әзіл
 04:00 BALA BATTLE
 04:30 What's up?
 05:00 Ризамын

7

06:00 Т/п «Қуырдақ»
 07:00 Т/п «Тек қана қыздар»
 07:30 Т/п «Айнаолипе»
 09:00 Т/п «Бастық боламын»
 11:10 К/ф «С любовью, Роззи»
 13:10 Шоу «Маска»
 15:00 Т/п «Құзын»
 16:00 Әзіл Time
 17:40 К/ф «Келінка тоже человек 2»
 19:30 К/с «Жена с того света»
 23:30 Т/п «Аяла мені»
 00:20 Jaidatman
 02:40 Т/п «Келесі кім?»
 03:10 Т/п «Япырай»
 04:00 Т/п «Жеңіп көр»
 04:45 Т/п «Қуырдақ»

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
 07.15 «INSTA LIKE» (каз.)
 08.00 Телехаика «Бақытсыздар бағы»
 09.20 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
 09.40 «МАША И МЕДВЕДЬ»
 09.55 «КУНГ-ФУ ПАНДА: ЛАПКИ СУДЬБЫ» (мультсериял)
 10.20 Шоу «ТАКСИ»
 10.45 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
 12.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
 16.00 «ДЕЖУРНЫЙ ПАПА: ЛЕТНИЙ ЛАГЕРЬ»
 18.00 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
 19.00 Шоу «ТАКСИ»
 19.30 «ПРОФЕССИОНАЛ» (боевик, Джейсон Стэйтем, Роберт Де Ниро)
 21.40 «ТЕКЕН» (фантастический боевик, Джон Фу, Люк Госс)
 00.00 «ПОЕЗД В ПУСАН 2: ПОЛУОСТРОВ» (фильм ужасов)
 02.00 Телехаика «Бақытсыздар бағы»
 03.10 «ТАВОО» (каз. новый сезон)
 04.40-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

СЕНБІ
30 ЖЕЛТОҚСАН
QAZAQSTAN

6:00 Әнуран
 6:05 «Тіршілік». Деректі фильм.
 6:35 «Отандық brand»
 7:00 «Теледәрігер» бағдарламасы
 8:00 «Жаңа жылдық бағдарлама» (2019 ж.) (Клп-жақсы жаңа жыл)
 10:00 «Қилы күндер», Телехаика.
 12:00 «Жарлық, Жаңа жыл!» (2021 ж.)
 16:20 Дисней ұсынады: «Рататуй» мультфильм (АҚШ, 2007 ж.)
 18:00 «ҚИЛЫ КҮНДЕР», Телехаика.
 20:00 «QAZAQSTAN ДАУЫСЫ» (2021 ж.). Тікелей эфир (17-бағдарлама)
 21:45 «Qazaqstan дауысы». Арнайы жоба (2021 ж.)
 22:15 «QAZAQSTAN ДАУЫСЫ». 2-маусым. Финал (жалғасы). Тікелей эфир
 22:45 «Жақсылықпен кел, Жаңа жыл!»
 3:15 Әнуран
 3:20 «Тіршілік». Деректі фильм.
 3:50 «Отандық brand»
 4:05 «Жарлық, Жаңа жыл!»
 5:00 «Теледәрігер» бағдарламасы

ASTANA TV

05:00 АРХИВНЫЙ КОНЦЕРТ
 07:00 «ЖАҒА ЖЫЛДЫҚ ТОПТАМА»
 09:00 МУЛЬТФИЛЬМ.
 10:30 МУЛЬТФИЛЬМ.
 11:00 КИНО.
 11:10 TikTok show
 13:30 «АЛИСА В ЗАЕРКАЛЬЕ»
 15:00 «АСЫЛ ДОМЫРА»
 17:30 КОНЦЕРТ. «TURAR»
 19:00 «COVER SHOW»
 21:00 КИНО. «ВЕЛИЧАШИЙ ШОУМЕН»
 23:00 «УЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ»
 00:00 «ЖАҒА ЖЫЛДЫҚ ТОПТАМА»

ASTANA TV

06.00 «Жап-жаңа жыл!»
 08.00 «Маша и медведь» мультфильм
 09.00 «Осман 3» түрік телехаикасы
 10.30 «Бизнес по-казахски в Африке» к/ф
 12.30 «Шымкент шоу»
 17.15 «Форрест Гамп» к/ф
 20.00 «SagarTimes»
 21.00 «Осман 3» түрік телехаикасы
 21.55 «Лакшми» үнді телехаикасы
 23.25 «Пятый элемент» к/ф

7

6:00 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
 8:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
 8:55 ПРЕМЬЕРА. «БЫТЬ РЯДОМ»
 9:45 «ДОБРАЯ ПОДУРЖКА ДЛЯ ВСЕХ»
 11:30 «ИРОНИЯ СУДЬБЫ, ИЛИ С ЛЕГКИМ ПАРОМ!»
 15:25 «ДЖЕНТИЛЬМЭНЫ УДАЧИ»
 17:10 «DASTARXAN» бағдарламасы
 18:30 «АЙНА» бағдарламасы
 19:00 ПРЕМЬЕРА! «X FACTOR». Прямой эфир
 20:00 «ИВАН ВАСИЛЬВИЧ МЕНЯЕТ ПРОФЕССИЮ»
 22:50 Фильм «ДЕВУШКА С КОСОЙ»
 23:00 «X FACTOR». ИТОГИ ГОЛОСОВАНИЯ.
 23:30 Т/п «Аяла мені»
 00:40 «ФАНТАСТИКА»
 2:25 «DASTARXAN» бағдарламасы
 3:30 «АЙНА» бағдарламасы
 4:00 «П@УТИНА» бағдарламасы

КТК

07.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»
 07.40 «ТОСЫН СЫЙ»
 09.30 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
 10.10 «ТРИ ЦВЕТА ЛЮБИ»
 15.00 «ДЖОХАН-2», казахстанское кино.
 17.00 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!»
 18.10 «ШАНШАР»
 21.00 «РОКОВАЯ ЖЕНЩИНА», мелодрама.
 01.40 «ДЖОХАН-2», казахстанское кино
 03.40-05.00 «ТОСЫН СЫЙ», көркем фильм

31

06:00 Әзіл студия
 07:00 BalaFunny
 07:30 «Күліп ALL»
 08:00 «31 әзіл»
 08:30 TikTok show (повтор)
 09:00 Time Vine (повтор)
 09:30 Готовим с Адель (повтор)
 10:00 «Алдараспан»
 12:30 «За три дня до Нового года»
 14:20 Анимационный фильм «Секретная служба Санта-Клауса» (повтор)
 16:30 «Холодное сердце»
 18:40 КИНО. «Король Лев»
 21:20 КИНО. Роберт Дауни мл., Крис Эванс в фантастическом боевике «Мстители: Эра Альтрона»
 00:20 КИНО. Майкл Дуглас в триллере «Игра на выживание» (повтор)
 02:00 КИНО. «Махаббат па, мансап па?»
 03:45 «31 әзіл»
 03:20 What's up?
 03:40 Әзіл студия
 04:00 1001 әзіл
 04:10 BALA BATTLE
 04:30 What's up?
 05:00 Ризамын

7

06:00 Жұлдызды Жаңа жыл
 08:00 К/с «Жена с того света»
 12:10 К/с «ИИ снева бюджет день»
 16:20 К/ф «Келінка тоже человек 2»
 18:10 Т/п «Аппак келін»
 19:40 К/с «За 5 минут до января»
 23:40 Жұлдызды Жаңа жыл
 04:00 Т/п «Япырай»
 05:00 Т/п «Қуырдақ»

НТК

07.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
 07.40 Телехаика «91 ТВ» (каз.)
 08.30 Скетчком «ДОСТЫҚ 99» (каз.)
 09.05 «INSTA LIKE» (каз.)
 09.30 «АКАДЕМИЯ СВЕРХЕСТЕСТВЕННОГО» (анимационный сериал)
 10.20 «СЕЗОН ОХОТЫ: БАЙКИ ИЗ ЛЕСА» (анимационный фильм)
 12.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
 15.00 «НОВЫЙ ЧЕЛОВЕК-ПАУК» (фантастический боевик, Эндрю Гарфилд, Эмма Стоун)
 17.50 «МУМИЯ: ГРОБНИЦА ИМПЕРАТОРА ДРАКОНОВ» (семейное фэнтези, Брендан Фрейзер, Джет Ли, Мишель Йео)
 19.50 «АКВАМЕН» (семейное фэнтези, Джейсон Момоа, Эмбер Хёрд, Николь Кидман)
 22.30 «НЕУВОЛЬНЯЕМЫЙ» (комедия, Жерар Депардье, Кристиан Клавье)
 01.10 «ҚЫЗЫҚ LIVE» (каз.)
 01.50 «ТАВОО» (каз.)
 03.20 «INSTA LIKE» (каз.)
 04.30-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

ЖЕКЕСЕНБІ
31 ЖЕЛТОҚСАН
QAZAQSTAN

6:00 Әнуран
 6:05 «Жақсылықпен кел, Жаңа жыл!»
 8:20 Дисней ұсынады: «Рататуй» мультфильм
 10:00 «Бережелі жыл болсын»
 14:30 Дисней ұсынады: «Мұзды өлке» мультфильм
 16:00 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ!»
 18:30 «ӘЗІЛ ӘЛЕМІ»
 21:00 «ЖАҚСЫЛЫҚПЕН КЕЛ, ЖАҒА ЖЫЛ-2024!»
 23:50 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ
 0:00 «ЖАҚСЫЛЫҚПЕН КЕЛ, ЖАҒА ЖЫЛ-2024!» (жалғасы)
 2:00 «Жақсылықпен кел, жаңа жыл-2024!»

ASTANA TV

05:00 Архивный концерт
 07:00 Сборник. «Жаңа жылдық топтама»
 09:00 Мультфильм. «Суперсемейка»
 11:00 Кино. «Величайший шоумен»
 13:00 Семейное кино. «Щелкунчик и четыре королевства»
 15:00 Жаңа жылдық «Маска» 1-2-бөлім
 18:30 Премьера! «Келінжан 2»
 20:00 «Қызық премия 2023»
 22:00 «Жаңа жылдық басты Хабары» 1-бөлім
 23:50 Қазақстан Республикасы Президентінің құттықтауы
 00:00 «Жаңа жылдық басты Хабары» 2-бөлім
 01:10 «Cover show» Мейрамбек Бесбаевпен
 02:40 Сборник. «Жаңа жылдық топтама»

ASTANA TV

06:00 «Татти ару» Әбдіжаппар Әлқожаның шығармашылық кеші
 08:00 «Маша и медведь» мультфильм
 09:00 «Осман 3» түрік телехаикасы
 10:00 «Uly dala jana july»
 13.40 «Бизнес по-казахски в Турции» к/ф
 15.45 «Бизнес по-казахски в Индии» к/ф
 17.20 «Ән мен әнші»
 20.10 «Шаншар» тусәуесер!
 23.50 ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жаңа жылдық құттықтауы
 00.00 «Жап-жаңа жыл!»

7

6:00 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
 7:50 «П@УТИНА» бағдарламасы
 8:45 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
 9:00 ПРЕМЬЕРА. «БЫТЬ РЯДОМ»
 9:45 Фильм «МУЖЧИНА В МОЕЙ ГОЛОВЕ»
 12:05 Многосерийный фильм «3 + 3»
 15:35 «X FACTOR». Десятый сезон
 17:50 «ТАРИФ НОВОГОДНИЙ»
 19:25 ПРЕМЬЕРА. «ЛЕОНИДУ ГАЙДАУ – 100». КИНОКОНЦЕРТ
 21:00 Наши любимые комедии. «ИРОНИЯ СУДЬБЫ. ПРОДОЛЖЕНИЕ»
 23:00 НОВОГОДНЯЯ НОЧЬ НА ПЕРВОМ. 10 ЛЕТ СПУСТЯ

23:55 НОВОГОДНЕЕ ПОЗДРАВЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РК КАСЫМ-ЖОМАРТА ТОКАЕВА
 0:05 НОВОГОДНЯЯ НОЧЬ НА ПЕРВОМ. 10 ЛЕТ СПУСТЯ
 До 6:00

КТК

07.05 «ӘКЕМІЗДІҢ ЖАҒА ЖЫЛЫ»
 08.20 «ӘН МЕН ӘНШІ», жаңа жылдық ән шашу
 09.20 «РОКОВАЯ ЖЕНЩИНА», мелодрама
 13.40 «ХОЧУ К МАМЕ... ИЛИ НОВЫЙ ГОД В ЖАЛПАКСАЕ», мелодрама (к/ф)
 15.30 «НОВОГОДНЕЕ СЧАСТЬЕ», новогодняя мелодрама.
 20.00 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!», жаңа жылдық музыкалық шоу.
 22.00 «ӘН МЕН ӘНШІ. ЖАҒА ЖЫЛДЫҚ ДУМАНДЫ КЕШ!»
 23.55 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ЖАҒА ЖЫЛДЫҚ ҚҰТТЫҚТАУЫ
 00.00 «ӘН МЕН ӘНШІ. ҚОШ КЕЛДІҢ, ЖАҒА ЖЫЛ-2024!», жаңа жылдық ән шашу! (жалғасы)
 02.00 «ШАНШАР».
 03.30-05.00 «ХОЧУ К МАМЕ... ИЛИ НОВЫЙ ГОД В ЖАЛПАКСАЕ», мелодрама

31

06:00 Әзіл студия
 07:00 «Жаңа жыл жарыққасын!»
 07:50 «31 әзіл»
 08:20 TikTok show (повтор)
 09:00 «Television» прямой эфир
 09:25 Готовим с Адель
 10:00 «Екі Езу» мерекелік әзіл-сықақ концерті
 11:30 КИНО. «Король Лев» (повтор)
 14:10 Анимационный фильм «Холодное сердце» (повтор)
 16:20 Анимационный фильм «Холодное сердце 2»
 18:30 КИНО. Макелей Калкин в комедии «Один дома»
 20:50 КИНО. Мена Массуд, Уилл Смит в фэнтези «Аладдин»
 23:50 ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа жылдық құттықтауы
 00:00 «Жаңа жыл жарыққасын!»
 03:00 «Алдараспан»
 05:00 «31 әзіл»

7

06:00 Т/п «Қуырдақ»
 07:00 Т/п «Айнаолипе»
 07:40 «Ғажайып шырша»
 08:00 «Saz&Soul»
 09:00 К/ф «Наникулы OFF-LINE-2»
 11:00 Т/п «Battle сөз»
 11:40 Шоу «Маска»
 14:40 К/ф «За 3 дня до Нового года»
 16:30 Ток-шоу «Қыздар-ай»
 17:30 К/с «Пряный вкус любви»
 21:20 К/ф «С Новым Годом, девочки»
 23:00 Жаңа жыл Party
 23:50 Новогоднее поздравление Президента Республики Казахстан К.К.Токаева
 00:05 Жаңа жыл Party
 01:50 Концерт «Жұлдыздар шеруі»
 05:30 Т/п «Қуырдақ»

НТК

07.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы

ӨМІРДІҢ ШУАҚТЫ БЕЛЕСІ



Өмір белесімнің шежіресіне қарасам, Астана педагогикалық колледжіне жұмысқа қабылданған 1988 жылдан бері педагогикалық практикамның әр кезеңі рухани кеңістікке жол ашқанын байқаймын. Әрине, егер сол кездерге шегініс жасасам, қабылдаған шешімнің дұрыс екеніне әбден көз жеткіземін. Алайда жаңа ұжым, жаңа ортаға сіңіп, қалыпты жағдайда жұмыс істеуіме сол тұстағы колледж директоры, білікті басшы бола білген Отызбай Сүйіндікұлының ағалық қолдауы үлкен әсер етті.

Жүрегімде отызбай Сүйіндікұлы білім мен тәрбиені қатар ұштастыра білген дара тұлға, санаулы ағартушылардың бірі болып қалды. Олай дейтінім, Отызбай ағайдың ұжымды басқарған уақытында көп мәселе кезек күттірмей шешілді. Ұрпақ тәрбиесіне ауадай қажет әдістемелік технологиялар тәжірибелі мамандардың шеберлігімен оқушыларға сәтті жеткізіліп отырды. Ұжымның психологиялық-педагогикалық ахуалы керемет болды. Талабы зор жастарды қолдап, қызметтік өсу жолында үнемі ағалық қамқорлық жасау Отызбай ағайдың басты ұстанымының бірі болған еді. Сондай жастардың бірі мен едім. Жалындап тұрған жас үшін үлкен ұжым, іскер тұлғаның алдында өз қабілетіңді дәлелдеп, кәсіби шеберлігіңді көрсету үлкен жауапкершілік артады. Қанша именіп, қымсынсақ та, Отызбай Сүйіндікұлының ағалық қамқорлығының арқасында үлкен өмір мектебінен сүрінбей өттім деп айта аламын. Себебі асыл аға жүктеген міндеттерді атқарамын деген сенім мені алға жетеледі. Осы жылдары комсомол және кәсіподақ ұйымдарының жетекшісі, кейіннен оқу орны директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары лауазымына тағайындалуым басшы жүктеген міндет пен жүректен сенімнің арқасы еді.

Келешегі кемел ұрпақты тәрбиелеп, оқытып, білім беретін ұстаздарды дайындайтын оқу орны алғашында «педтехникум» деген атаумен аталған. 1972 жылы Отызбай Сүйіндікұлы оқу орнының директоры қызметіне тағайындалады. Кеңес өкіметінің солақай саясатына іштей қарсы шыққан Отызбай Сүйіндікұлы білім беру жұмысының қазақ қоғамына пайдасын туғызып барынша насихаттап, ғылыми айналымға енгізді. Қажырлы

еңбек, табысты жобалардың арқасында сол жылдары оқу орны Бүкілкеңестік социалистік жарыстардың жеңімпазы атанып отырды. Бұл жетістік – колледж ұжымымен қатар, білікті басшы Отызбай Сүйіндікұлының табанды еңбегінің жемісі болатын.

Сенім мен жауапкершілікті жете түсінген білікті басшы Отызбай Сүйіндікұлы 1972-1991 жылдары Әділбек Майкөтов атындағы педагогикалық училищенің, 1992-1998 жылдары педагогикалық колледждің, ал 1999-2001 жылдары гуманитарлық колледж директоры қызметінде болды. Ағартушы-ұстаз, дара тұлға басқарған тұста оқу орнының материалдық-техникалық базасы жаңарып, жатақхана мен қосымша ғимараттар мәселесі шешімін тапты.

Педагогика саласының майталманы, дарынды басшы Отызбай Сүйіндікұлы мықты кадр ғана емес, стратегиялық ұтқырлығы басым азамат болды. Сөзіме дәлел ретінде айтсам, Отызбай Сүйіндікұлы болашағы зор, іскер маманды алыстан тани білді. Ол пікірі жаңсақ болған емес. Осы қасиетімен училищеге кәсіби біліктілігі жоғары, нағыз мамандарды қаладан, облыстан, тіпті, республика көлемінен таңдап, шақырып алатын. Ұжымға, қатарымызға қосып, «Сіздер ұстаздардың ұстазысыздар, сіздерге зор үміт артып отырмыз» деп ынтылдандырып отыратын.

Отызбай Сүйіндікұлының мектебінен өткенімді әрқашан зор мақтаныспен айта аламын. Кезінде ұлағатты ұстазыма арнап жинақталған еңбекте өз пікірімді қалдырған болатынымын.

Бір айта кетерлігі, биыл Отызбай Сүйіндікұлының туғанына 95 жыл толып отыр. Колледжіміздің құрылғанына да 95 жыл болды. Бұл – символикалық сәйкестік. Біздің педагогикалық колледжіміздің тарихы сонау 1928 жылдан

басталады. Ғасырға жуық уақытта оқу орны білікті кадрлардың арқасында үлкен белестерді бағындырды.

Колледжімізді әр жылы бітірген түлектеріміз әрі қарай білімін жетілдіру мақсатында жоғары оқу орнын тәмәмдап, қоғамның әртүрлі саласында тапжылмай еңбек етіп, халыққа қызмет көрсетіп келеді.

Есімі елге танымал мықты түлектер:

1946 жыл түлегі – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Қазақ КСР еңбегі сіңірген ұстазы, бірқатар оқулықтың (1-3-сыныптар. «Қазақ тілі», мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулықтар) авторы Ақбөпе Бакирова;

1946 жыл түлегі – халық ағарту ісінің үздігі, 23 жыл қатарынан Астана қаласындағы №2 мектеп директоры болған Петр Кондрашов;

1948 жыл түлегі – ұзақ жыл мектеп директоры болған, Қазақ КСР оқу министрінің бұйрығымен «аға мұғалім» атағы берілген Қабден Шәмшікенов;

1949 жыл түлегі – «Арқа ажары» газетінде ұзақ жыл қызмет жасаған жазушы Сейітжан Садаутегі;

1953 жыл түлегі – Несібелі Иманқызы ұстаздығымен қатар, ақындығымен де елге белгілі болды.

1957 жыл түлегі – ұзақ жыл сол кездегі Ақмола облысы жазбалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ ұйымының басшысы болған Анна Шевчук;

1960 жыл түлегі – мектеп басшысы, Торғай облысы құрылған жылдары аймақтағы педагогикалық училищенің тұңғыш директоры, кеңес өкіметі кезінде «Жылдың үздік басшысы», Қазақ КСР оқу-ағарту ісінің үздігі, Мәскеуде өткен Бүкілодақтық мұғалімдердің бірінші съезінің делегаты Балкен Игенбайұлы;

1962 жыл түлегі – ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Целиноград Ауыл шаруашылығы институтының оқытушысы Нүриден Еркенбаев;

1963 жыл түлегі – «Қазақ радиосының» сол кездегі дикторы Айман Ақшалаова;

1973 жыл түлегі – оқу орнымызда ұзақ жыл бойы ұстаздық қызмет атқарған Алма Әшірбекова (бүгінде Еуразия институты жоғары колледжінің директоры);

1982 жыл түлегі – ұзақ жылдан бері педагогикалық училищеге ұстаз болған Айман Жұматаева (бүгінде Астана қаласындағы балабақша меңгерушісі);

1990 жыл түлегі – оқу орнын «үздік» белгімен аяқтаған Елизавета Айтқожина педагогикалық училищеге бірнеше жыл еңбек етіп, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінде басқарма басшысы қызметін атқарып келеді;

1991 жыл түлегі – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту ісі қызметкерлері бірінші съезінің делегаты Түсіп Рыспеков (бүгінде Орталық сайлау комиссиясында қызмет атқарады).

1991 жыл түлегі – мектепке дейінгі бөлімді «үздік» белгімен аяқтаған, бірнеше жыл қатарынан осы оқу орнында дәріс оқыған оқы-

тушы Ләззат Боранбаева (қазіргі уақытта Астана қаласындағы «Мирас» балабақшасында педагог-психолог лауазымында еңбек етіп жүр).

Тарих жылнамасына қайта оралсақ, әрине, ол уақытта Қазақстанның саяси өмірінде түрлі қайшылық болып жатты. Колледж ұжымы сталиндік зұлмат-зобалаңның салқынын да бастан кешірді. Музейде қойылған жәдігерлер, тарих беттерінде жазылған хаттамалар мен фотосуреттерден осы бір қасіретті оқиғаның дәйек-дәлелін байқауға болады. Соғыс пен ашаршылық, тың игеру, т. с. с. қиындықтарға қарамастан, оқу орны өз миссиясын жоғалтқан емес. Болашақ ұрпақ үшін маңызды білім беру қағидатын бұлжытпай орындаған. Бастауыш мектептерге арналған ұстаздарды тәрбиелеу сол тұстағы оқу орнының басты бағыты еді.

1961 жылдан бастап училищеге қосымша «балабақша тәрбиешісі» бөлімі, ал 1972 жылы «музыка» бөлімі ашылды. Бүгінгі таңда колледж республика мектептеріне ауадай қажет мамандар – бастауыш сынып мұғалімдерін екі тілде дайындап шығаруда. Сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, музыка білімі, дене тәрбиесі мен спорт, информатика, т. б. мамандарды даярлауда.

2001 жылы колледжде «Дене тәрбиесі мен спорт» бөлімі алғаш рет ашылды. Осы бөлімге бір жылда 26 бала қабылданды. Бір қызығы, осы жылдары колледжде ер балалар көптеп қабылдана бастады.

Осы топқа жетекшілік етуді Отызбай Сүйіндікұлы маған сеніп тапсырған еді. Сол сәт есіме түсіп тұрғаны. Біздің топта 24 ер бала, 2 қыз бала оқыды. Ақылды, тәрбиелі хәм білімді оқушыларымды әрқашан мақтан тұтамын. Сол кезде өзім алгебра және геометрия пәнінен сабақ бердім. Бүгінде шәкірттеріміз республиканың түкпір-түкпірінде түрлі қызмет атқарып жүр. Мектептер мен спорт орталықтарында қызмет етіп келе жатқан шәкірттеріміз жеткен жетістігі аз емес. Оқушылар халықаралық және республикалық жарыстарда еліміздің көк туын көкте желбіретіп келеді. Арақатынасымыз ешқашан үзілген емес. Тәрбиелі шәкірттеріміз осы күнге дейін мереке сайын хабарласып, құттықтап тұрады. Олардың шыққан белесін мақтаныспен айта аламын.

«Дене тәрбиесі мен спорт» бөлімінің алғашқы түлектері Нұржан Әубәкіров – бүгінде Астана қаласындағы мүгедектігі бар адамдарға арналған спорт мектебінің директоры, Жансұр Ильясов Астана қаласы №76 орта мектепте директоры орынбасары болып қызмет атқарады.

Шәкірттеріміз бүгінде алған білімі бойынша қала, облыс мектептерінде абыроймен қызмет атқарып келеді. Білім саласының көсегесін көгертіп, өмірлік ұстанымын, ерік-жігерін осы бағытқа арнаған шәкірттерімізді әрқашан мақтан етеміз. Дене шынықтыру мен спорт сала-

сында үлкен жетістіктерге жеткен олар ұстаздық жолын таңдағанына әрқашан риза. Бүгінде Дархан Қайырбеков, Күмісгүл Төлеген, Маратбек Сәлей, Асқар Сағынбеков, Арайлым Көшербай, Саясат Тілеухан, Самат Махметов, Бақыт Тежекенов, Фархат Смағұлов, Бақтияр Жақсылықов, т. б. шәкірттеріміз мамандығы бойынша қала және облыстың білім беру мекемелерінде ұстаздық етіп келеді.

Осы оқу орнының әр кезеңде жаңа биікке көтеріліп, кәсіби дамуына үлес қосқан әріптес апай-ағайларымыз да бар. Солардың бірі Бану Әнуарбекқызы Нарымова туралы айта кетуді адами парыз санап отырмын. Бану Әнуарбекқызы 35 жыл тапжылмай колледжде жұмыс істеді. Оның 21 жылында директордың оқу ісінің орынбасары қызметінде болды. Бану Әнуарбекқызы – оқу орнының іргетасын қалаған ұстаздардың жаңа кезеңінің эстафетасын алған тәжірибелі маман, білікті ұстаз, өнегелі жан. Әріптесіміз өзіне де, ұжымның алдына да зор міндеттер қойып, оны қатаң тәртіп, бұлжымайтын қағидалармен орындап отырды. Бану Әнуарбекқызы желтоқсан айында 70 жасқа толады. Сүйікті әріптесіміз, жоғарыда айтқанымдай, саналы ғұмырының 35 жылын осы оқу орнына арнаған. Таңертеңнен кешке дейін жұмыста болып, оқу процесіне жан-тәнін салып, күш-қуатын сарқыған аяулы жан. Сондықтан да бүгінгі колледжіміздің абыройы мен мәртебесі Отызбай Сүйіндікұлы, Бану Әнуарбекқызы сияқты өнегелі азаматтардың есімімен тығыз байланысты. Осындай тағдырды нәсіп етіп, өмір жолында тұлғалы азаматтарды кезіктіргені үшін Аллаға шүкір етеміз. Шынымен, біз осындай ұлы тұлғалардың өмір мектебінен өткенімізді мақтаныспен айта аламыз.

Колледжде, сыртай қарағанда, ел сүйсінетін әріптестік сабақтастық үрдісі жолға қойылған. Бұл да біздің оқу орнымыздың ынтымағына үлес қосып отырған фактор екені анық. Аға буын өкілдері шәкірттерінің өзі тәжірибелі ұстаз болып келді.

Түлектеріміздің кейінгі толқыны да үлкен жетістікке жетіп, қоғамның түрлі саласында абыроймен қызмет атқарып келеді. Олардың ішінде біздің педагогикалық колледжімізде еңбек етіп жүргендері де бар. Олар – Гүлмира Жақсылықова, Лада Макаренко, Маржангүл Мұтайхан, Еркегүл Мұтан және т. б. Міне, бұл – ұжымымыздағы педагогикалық үйлесім мен сабақтастық дәлелі.

Шынын айту керек, ұзақ жыл білім саласында қызмет атқарған мен үшін елордадағы қазіргі педагогикалық колледждегі еңбек жолым, жиған тәжірибем өмірлік азық болды.

Отызбай Сүйіндікұлы елордада оқу-ағарту саласын дамытумен қатар, қоғамдық жұмыстарға белсенді араласты. Оның айқын дәлелі – Астана қаласының құрметті азаматы атанды.

Айша АБЕНОВА

Денсаулығың сыр беріп, қатты қиналғанда адам жанының арашашысы әуелі Жаратушы, сосын ақ халатты абзал жандар – дәрігерлер деп ойлаймын. Сондай маманның бірі – Астана қаласы әкімдігіне қарасты №3 көпсалалы қалалық аурухананың хирургия бөлімшесінің жоғары санатты дәрігері Жақсылық Ералыұлына алғыс айтқым келеді.

АЛҒЫС АЛА БЕРСІН!



Бірде жолда ішім бүріп ауырып, осы аурухананың хирургия бөлімшесіне бардым. Тіркелуден өтіп, дәрігер қабылдауына келдім. Халық көп екен. Кезекке тұрдым. Ішке кірген соң жүзі жылы дәрігер Жақсылық Молданов мені тексеріп, тегіс шолып өтті де, тезірек ота жасау керек екенін, көк ет жыртылғанын айтты. Бастапқыда қорқып кеттім. Отаны өзі жасайтынын, 3 күнде жақсы болып кететінімді жеткізді. Қан талдауын тапсыруға жіберді. Бөлімшеге келіп, 2 адамға шақталған бөлмеге орналастым. Ертеңіне Жақсылық дәрігер күлімдеген күйі, қасында медбикесі бар, маған келіп: «Қорықпаңыз, жақсы болып кетесіз» деді жай ғана. Медбике бәрін қараға жазып тұрды. Әр бөлмеде күн тәртібі көрсетіліп

қойған. Медбикелер де жедел келіп, дәрігерді мұқият тыңдап зыр жүгіріп жүр. Бөлімше іші мұнтаздай тап-таза. Кешкісін және таңда ішін тазалап жуады. Хирургия бөлімшесінде барлық жағдай жасалған. Тамағын 3 мезгіл береді. Мұнда аурухана ескі болғанмен, дәрігерлер мен медбикелер науқастарға керемет қарайды екен. Отаны жоғары санаттағы дәрігер Жақсылық Ералыұлы жасап, мені 3 күн ішінде емдеп жазып, аяқтан тік тұрғызды. Осы інімізге Алланың нұры жауып, елдің елеулі ұлы болсын, асқар таудай арманы орындалып, медицина саласындағы еңбегі елене берсін деген тілегімді білдіргім келеді.

Талғат САЙЛАУҰЛЫ,
мәдениет саласының үздігі

Астана қаласының Қазақстан халқы ассамблеясы Астана қаласының әкімдігіне қарасты «Қоғамдық келісім» КММ заңгері **Асхат Жолтайұлы Шаймұратовтың** қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Темір Хаиркешұлы Омаровқа әкесі **Хаиркеш Темірболатұлы Омаровтың** өмірден озуына байланысты Қоғамдық кеңес мүшелері атынан қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

А.Қ.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының ұжымы педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Нұрбану Төкенқызы Нығманованың анасы

Сабыр Сатыбалдықызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

№151 (4584) 21/12/2023 Бейсенбі

ХАС ШЕБЕРЛЕР ШЕРУІ

Жастар сарайында еліміздің ең үздік қолөнер шеберлерінің туындылары қойылған «Хас шеберлер» фестивалі тұңғыш рет ұйымдастырылды. Іс-шара Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен өтті. Шараның соңғы күні қолөнершілер қызыл кілеммен жүріп өтіп, хас шеберлер шеруін көрсетті, сөйтіп, еліміздің КИНЭС рекордтар кітабына енді.



Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

– Бұл фестиваль – қолөнер шеберлерінің көптен күткен еңбегінің нәтижесі, күні-түні

жасаған жұмысының жемісі. Мақсаты – креативті индустрияны дамыту, отандық өнімді қолдау, болашаққа қолөнер бұйымдарын, шеберлік сабақтарын насихаттау. Маңызды іс-шараға еліміздің түкпір-түкпірінен 300-ге жуық нағыз өз ісінің шебері келді, – дейді Қазақстанның «Хас шеберлер» отандық өнімдерді дамыту

қауымдастығының төрағасы, фестивалді ұйымдастырушылардың бірі Зиуар Жұманова.

Ерекше туындыларды ұсынған фестиваль, көрме-жәрмеңке үш күн бойы Жастар сарайында жалғасты. Ұйымдастырушылардың айтуынша, көрме-жәрмеңкеден түскен қаражаттың 10 пайызы Қарттар үйіне беріледі. Ісмер мамандар шеберлік сабағын өткізіп, ұмыт болған салт-дәстүрлер бойынша танымдық ойындар ұйымдастырды. Елордадағы шеберлер басқосуында Астана қаласы мектептері оқушыларының қолөнер бұйымдары да көрмеге қойылды.

Қолына көк ту ұстап, әнұранды шырқап, айналасына шуақ шашып, келушілерге ерекше көңіл күй сыйлаған шеберлердің фестивалі, шындығында да, Тәуелсіздік күнін тойлаған елордалықтар мен қала қонақтарына нағыз халықтық мерекені сезіндірді, айрықша атмосфера сыйлады.

«ҚҰТ» КІТАБЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Ұлттық академиялық кітапханада ақын, бард, қоғам қайраткері Қуаныш Мақсұтовтың «Құт» атты кітабының таныстырылымы өтті. Басқосуға елорданың зиялы қауым өкілдері, танымал ақын-жазушылар, журналистер және оқырмандар қатысты.

Төлен ТІЛЕУБАЙ


Ақындар айтысындағы батыл да шыншыл қоғамдық-саяси ойлары үшін «қазақтың сары тентегі» атанған ақын, бард Қуаныш Мақсұтовтың заманауи жетістіктермен шыққан жаңа кітабына поэзиясы, бард туындыларының, шансондарының, авторлық әндерінің мәңгілері және көсемсөздері топтастырылған. Оқырман «AlphaPrint» баспасынан шыққан кітапта көрсетілген QR-код арқылы автордың музыкалық туындыларын тыңдап, ақынның жеке YouTube арнасындағы ақпараттармен таныса алады. Кітаптың бірінші бөліміне – поэзия, екінші бөліміне – бард, шансон туындылары, үшінші бөліміне қаламгердің ой-толғамдары, көсемсөздері жинақталған. Кітап көпшілік оқырманға арналған.

Таныстырылым барысында сөз тізгінін ұстаған ҚР Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Ғалым Жайлы-

бай, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы-баспагер Әлібек Асқаров, алаштанушы ғалым, профессор Айгүл Ісмақова, филология ғылымдарының докторы, профессор Амантай Шәріп, жазушы-публицист, мәдениет қайраткері Қайырбек Сәдуақасов және басқалар

авторды жаңа туындысымен құттықтап, жылы лебізін жеткізді. Қуаныш Мақсұтов жұрттың алдында өзінің «Қотыртай» атты шансон стиліндегі тамаша әнін орындап берді. Живынның соңында автордың өнердегі аға-інісі – ҚР еңбек сіңірген қайраткері Амантай Жұмашев пен Ерлан Дәкенов «Ақтоғай вальсін» шырқап, жиылған жұрттың көңілін көтерді.

Сондай-ақ кешке Музыкалық жас көрермен театрында Қуаныш Мақсұтовтың «Мәңгілік мұңның әуені» атты поэтика-музыка қойылымы көрсетілді.



АНА ҮМІТІ ҮЗІЛМЕЙДІ

Әзірбайжан Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры «Ана үміті» премьерасын ұсынды. Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған бұл шығарма – ана мен бала арасын айырған ғасырлық мұңға, қиын сәттерге арқау болған туынды.

Спектакльде өрілген желі бойынша ерте жесір қалған Батма ананың еріне деген сағынышына енді қос ұлынан қатар айырылу қасіреті тап келеді. Сұм соғыс дерті кішкентай ғана бұл үй адамдарын да жалмап өтті. Бала қызығын көріп, келін түсіріп, немере сүйсем деген ана арманы сағымға айналды. Мұнда бәрі бар: мұң мен зар, ыза мен кек, арман мен тілек көрермен жүрегіне жетті. Премьера аншлаптен өтті.

Авторы Қырғыз Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Ш.Айтматов атындағы Мемлекеттік сыйлық иегері, драматург Қайрат Иманалиев болса, оны ақын, аудармашы Дәулетбек Байтұрсынұлы ана тілімізге ерекше көркем аударған. Қойылымның режиссері Ш.Айтматов атындағы Қырғызстан жастар сыйлығының иегері Уланмырза Қарыпбаев спектакльдің сахналық шешімін шебер тапқан.

Елордада «Самұрық-Қазына» қорының қолдауымен шайбалы хоккейден өткен «Samruk bala Cup 2023» балалар командалары арасындағы республикалық турнирде Астана қаласының жөсөспірім спортшылары жеңіске жетті.

ЖАСӨСПІРІМ ХОККЕЙШІЛЕР ЖАРЫСЫ



Тәуелсіздік күні аясында өткен турнирде еліміздің 8 өңірінен, сондай-ақ Өзбекстан мен Қырғызстан елдерінен барлығы 24 команда чемпиондық атаққа таласты. Жалпы, елорда алаңында 300-ге жуық бала жарыстың көрігін қыздырды.

Төрт күнге созылған жарыстың қорытындысында елордалық «Астана-1» командасы чемпион атанды. Күміс медальді тағы бір астаналық «Барыс-1» командасы иеленсе, турнирдің қола жүлдесін «Барыс-2» командасы еншіледі. Сөйтіп, турнирдің барлық жүлдесі елордада қалды. Дәстүрлі турнирдің барлық қатысушысы

мен жеңімпазы медаль-кубокпен марапатталды.

Жарыс соңында жақсы жаңалық та айтылды.

«Бұл турнир «Самұрық-Қазына» АҚ қайырымдылық қызметінің бірыңғай операторы – «Samruk Kazyna Trust» қоры қаржыландыратын «Altyn shaiba» жобасы аясындағы алғашқы балалар жарысы болды. Ал 2024 жылы ауыл балаларының командалары арасындағы екі ауқымды балалар хоккей жарысын ұйымдастыру жоспарланып отыр» деді Астана қаласы шайбалы хоккей федерациясының басшысы Рустам Сержанұлы.

ПАРА СПОРТШЫЛАР САЙЫСЫ

Астанада мүмкіндігі шектеулі адамдар арасында пара үстел теннисінен мерекелік турнир өтті.

ITTF халықаралық ережелері бойынша өткізілген турнирді Астана қаласы әкімдігінің, «Каспий» спортты дамыту қоғамдық қоры және Қазақстан қызмет сип қолдауымен «Зияткерлік даму ерекшеліктері бар адамдарға арналған спорт федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігі мен «Зияткерлік кемістігі бар адамдарға арналған елордалық федерация» қоғамдық ұйымы бірлесіп ұйымдастырды.

Паралимпиадалық жаттығу орталығында Тәуелсіздік күніне арналып өткен турнирге қатысушылар алдымен Мүгедектігі бойынша БЖСМ және Қамқор орталығында іріктеуден өткізілді.

Жарыс қорытындысында Данил Никитин бірінші орынға ие болды. Станислав Сигарев жарыстың күміс жүлдегері атанса, Абылайхан Қайырбек қола медаль иеленді.

Жарыс жүлдегерлері дипломдармен, медальдармен, естелік кубоктармен марапатталды. Сондай-ақ жарысқа қатысқан әрбір қатысушыға да дипломдар табыс етілді.

«Бұл жарыс спортшылардың ойын шеберлігін талдауға көмектес-



ті, сонымен қатар интеллектуалды дамуы бұзылған адамдарға пара үстел теннисін тарту және дамыту мақсатын көздеді. Федерация Қазақстан ұлттық құрамасының мүшелерін қалыптастыру мақсатында турнирді тұрақты негізде өткізуді жоспарлап отыр» деді жарыстың қорытындысын хабарлаған Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының баспасөз хатшысы Мәдина Айтқалиева.

Дайындаған **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №151

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**